

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

НҰРМАҒАМБЕТОВ БҮРКІТ ҒАЛЫМҰЛЫ

# **САЯСАТТАНУ**

ҚАРАҒАНДЫ 2012

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясы

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

Нұрмағамбетов Бүркіт Ғалымұлы

# **САЯСАТТАНУ**

*дәрістер курсы*

Қарағанды 2012

**УДК 32 (075)**  
**ББК 66.0 я73**  
**Н86**

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылды.

**Пікір берушілер:**

Қазтұынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының доценті, ф. ғ. к., ***С. Қ. Егізбаев***;

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ЖБП кафедрасының бастығы, с. ғ. д., профессор полиция полковнигі ***Ж. А. Шалабаев***

***Б. Ғ. Нұрмағамбетов***

**Н86** Саясаттану: Дәрістер курсы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2012. — 207 б.

**ISBN 978-601-7231-68-2**

**УДК 32 (075)**  
**ББК 66.0 я73**

**ISBN 978-601-7231-68-2**

© ***ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы  
Қарағанда академиясы, 2012***



## КІРІСПЕ

Саясаттану, өз атауына сәйкес-саясат туралы ғылым. Алайда, саясат әлемі соншалықты көптүрлі болғанмен, көптеген ғалымдар, әр түрлі ғылым өкілдері саясаттың мәнін ашуда бір пікірге келе алмайды. Көп пікірталас мемлекет деген не және оның пайда болуының себептері жайына болады. Зерттеушілер басты саяси институттардың және олардың лауазымдық сатыларының қаланып бітуіне әр түрлі анықтама береді. Кейбіреулер саясаттануды мәселені тез арада шешетін тек қана тәжірибелік ғылым деп санаса, басқалары онда философиямен ұқсастыратын терең теорияларды көреді.

Саясаттың қоғамдағы орнын анықтау да бір мағынада емес. XVIII ғасырдағы Француз жазушысы Л. Вовенарг: «Саясат-барлық ілімдердің ұлысы» деп жазған. Осы күндері саясатты осылайша мадақтауды кездестіру қиын. Әдеттегі түсінікте саясат биліктегілердің әділетті емес әрекеттермен байланысты лас іс ретінде түсінік қалыптасқан. Алайда, аталмыш ұстанымдар көптігі тағы да саяси болмысты және оның алуан түрлі көріністерінің зертелуінің маңыздылығын көрсетеді. Саясатпен теориялық тұрғыдан танысу — саяси өмірде өзінің орнын табу жолында алғашқы мәнді де дербес қадам. Ұсынылған жадығаттар негізінде әркім саясат әлеміне негізделген баға беріп және жеке бастапқылықтарын анықтай алады деп ойлаймын.

Қалай болса да, саясатқа бәріміз қатыстымыз, өйткені мемлекет пен қоғамның бөлігі болып табыламыз. Сондықтан, әркім мемлекет қызметтері мен институттары, саяси өмірге қатысу нысандары, өз құқықтарын қорғау тәсілдері жайлы хабардар болуы тиіс. Қазақстан Республикасы біздің көзімізде тәуелсіз, демократиялы, құқықтық мемлекет құруға жол бастап келеді. Біз бен сізден, Қазақстан болашағы, саяси құрылғысы қандай құндылықтарды (адамгершілік әлде басқа) анықтайтыны байланысты.

Бүгінгі таңда әлемде, оның ішінде түбегейлі бетбұрыс жасап демократиялық өзгерістерді іске асырып жатқан елімізде саясаттың алатын орны ерекше. Себебі саясат қоғамдық құбылыс.

Дәріс курсының мазмұны ҚР МЖМББС сәйкес келеді.

*Саясаттану курсының негізгі мақсаты:*

- тыңдаушыларға саяси өмір саласындағы күрделі құбылыстар мен тенденцияларға өз бетінше талдау жасау дағдысын ұялату;
- саясат туралы қажетті білім беру;
- тыңдаушылардың санасына саяси ұғымдық ақпаратты қалыптастыруға ықпал ету.

«Саясаттану» пәнін оқыту тыңдаушылардың саяси дүниетанымы мен саяси мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, олардың Қазақстан Республикасы алдында тұрған міндеттерді шешуге белсенді қатысуына септігін тигізеді.

***Пәнді оқытудың міндеттері:***

- тыңдаушыларды Қазақстандағы және одан тыс жерлерде жүріп жатқан саяси процестерді ұғынуға және еркін бағдарлай алу ептілігіне тәрбиелеу;
- ішкі істер органдарының қызметкерлері билік құрылымдарын, қоғамдық қауіпсіздігі мен тұрақтылығы мәнін түсіндіру;
- жаңа саяси мәдениетке тәрбиелеу;
- қоғамның қауіпсіздігі және саяси тұрақтылық мәселелерін түсіндіру;
- тыңдаушылардың саяси санасын және саяси мәдениетін қалыптастыру.

***Курсты оқу нәтижесінде тыңдаушылар білуі қажет:***

- саясаттың мәнін, мүмкіндіктерін, шекараларын, келешегін және негізгі түрлерін;
- саяси биліктің мәнін, жүйесін, көздері мен функцияларын;
- саяси процестердің мәнін және саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың олардағы рөлін, соның ішінде Қазақстан Республикасындағы саяси процестерді.

***Тыңдаушылар істей білуі қажет:***

- мемлекет, саяси партиялар және саяси институттар қызметіне сараптама беруді;
- саяси әдебиеттерді және саяси саяси ақпараттарды еркін меңгере алуы;
- кәсіби қызметінде саяси мәселелерге тап болған жағдайда шешудің оңтайлы жолдарын таба білуді және шешімдерді қабылдауды;
- болып жатқан жағдайларға талдау жасау және оның болашағын көре алуын;

- заң саласындағы саяси жаңалықтарды түсіне білуді.

## 1-ТАҒЫРЫП. САЯСАТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

1. Саясат ғылымының пайда болуы және қалыптасуы.
2. Саясаттану пәні және оның негізгі ұғымдары, әдіс-тәсілдері мен қызметтері.
3. Саясаттанудың басқа қоғамдық ғылымдармен қатынасы.

### 1. *Саясат Ғылымының* пайда болуы және *Қалыптасуы*

Саясат қызметі әрдайым ғалымдар, саясаткерлер, жазушылар мен қарапайым адамдар назарында болды. Билік пен мыңдаған және миллиондаған адамдардың тағдырларын басқару мүмкіндігі, мемлекеттердің қирауы мен қалыптасуы, қоғамның әділетті құрылысын іздеу, дағдарыстан шығу жолы — осының барлығы саяси аумақта болды және зерттеу заты бола түсті.

Саясаттану бірден тәуелсіз ғылым болған жоқ, алайда, қазіргі уақытта саясатқа жататын өмірдің сфералары бұрыннан терең талдауға ұшыраған. Қытай мен ежелгі грек философиясы кезіндегі ғалымдар мемлекеттің пайда болу себебін түсінуге тырысты және мемлекеттік асқан түзілу формасын іздеді, әділ басқарушының қандай қасиеттерге ие болуын анықтады. Әрине, уақыт өте келе зерттеу үшін жаңа материал пайда болды, жаңа мәселелер пайда болды, оның ішінде биліктердің бөлінуі, қоғам мен мемлекеттің арасалмағы, азаматтардың саясат өміріне қатысу формасы, саяси мәдениеттің типологиясы пайда болды. Дегенмен, осы мәселелерді тереңірек қарастыру ежелгі грек ойшылдарының еңбектерінде олардың әлдеқашан, қандай формада дамуын анықтауға мүмкіндік берді.

Қоғамдық өмір күрделі, көпдеңгейлі, экономикалық, саяси, рухани сфералар өзара қызмет ететін жүйені сипаттайды.



Саясаттану, басқа да ғылымдар сияқты өзінің зерттеу пәні, құрамында зерттеу тәсілдері мен түсініктеме құрылғысы бар, теориялық-әдістемелік базаға ие.

Саясаттану ғылымы да кәдімгі басқа ғылымдар тәрізді қалыптасудың және дамудың қилы жолдарынан өтті. Барлық қоғамдық ғылымдармен ықпалдасып отырады. Ол антикалық саяси-әлеуметтік әмбебап ойлардан бастау алады да, құқық және мемлекет туралы ғылымдар қалыптасқаннан кейін, саяси философия құрамына еніп, заңдық нормалардың өзегіне айналып, одан әрі өрбіді.

Бұдан соң саясатты оқып үйрену философиялық, әлеуметтік, психологиялық болып бөлінеді. Саясат туралы ғылымда қазіргі кезде әлеуметтік, құқықтық, тарихи және басқа түрлі көзқарастар мен әрекеттер туындап отыр. Бүгінгі таңда әлемнің барлық елдерінде саясаттануды ғылым ретінде және оның объектісін пән ретінде зерттеп, оның жолдары мен әдістерін, формасы мен тәсілдерін білуді қолға алып отыр.

Саясаттану сөзі гректің «саясат» және «ілім» деген сөздерінен шыққан, саясат туралы ғылым деген мағынаны білдіреді.

Басқа қоғамдық ғылымдардың ішінде саясаттанудың орны ерекше. Себебі, адамзат тарихында саясат негізгі рөл атқарды. Оның дұрыс-бұрыстығы, сайып келгенде, адамдардың, халықтардың тағдырымен тығыз байланысты. Мысалы, мемлекет агрессиялық, яғни басқыншылық соғыс саясатын жүргізсе, оның салдары бірнеше жылдарға созылатын қайғы-қасіретке соқтыратыны даусыз. Керісінше, мемлекет ғылыми дәлелденген тиімді бейбіт саясат жүргізсе, еліне қолайлы, халқына жайлы болары да белгілі.

Адамзат саясаттың сиқырлы сырын, құбылмалы құбылысын өте ерте заманнан түсініп-білгісі келді. Ежелгі Шығыс, антикалық дәуірдің ойшылдары мемлекеттің, саяси биліктің мән-мағынасы неде және кімге қызмет етеді, қоғамдық құрылыстың қандай түрлері бар және олардың ең жақсысы, халыққа ең қолайлысы қайсысы деген сияқты сауалдарға жауап іздеген. Бірақ ол кездегі пайымдаулар негізінен діни-мифологиялық сарында болатын. Себебі, ертедегі адамдар жер бетіндегі өмірге құдайдың күдіретінен туған жалпы әлемдік космостық тәртіптің ажырамас бөлігі ретінде қарады. Мысалы, Мысырда (Египетте), Вавилонда (қазіргі Ирак), Үндістанда, сол кездегі мифтерге сүйенсек, басқарушының билік көзі құдай-

да және ол жер бетіндегі істерді реттеп, тындырып отырады. Көне Қытай мифі бойынша билік құдайдың құдіретімен жүргізіледі де, ал іске асырушы ойымен байланысты император болып есептелген. Ежелгі гректер ең алғашқы билікті жүргізуші құдайлардың өздері деп пайымдаған.

Кейінірек адамзаттың іс-тәжірибесінің, ақыл-ойының, мәдениетінің дамуына байланысты саясаттың ұғымдары, түсініктері, тұжырымдамалары пайда бола бастады. Қоғамдық-әлеуметтік және саяси құрылымы мен қатынастарының одан әрі күрделіленуі, материалдық, өндірістің, халық санының өсуі оның өміріне мемлекеттің тікелей араласуына әкеліп соқтырды. Мұндай жағдайда ұлы ойшылдар саясатты ғылыми тұрғыдан түсініп, оны орынды пайдаланудың, мемлекетті тиімді басқарудың жолдарын іздестіре бастады. Бұдан келіп саяси теориялар туды.

Біздің з. б. бірінші мыңжылдықтың ортасында саясатты дінің мифологиялық танудың орнына философиялық-этикалық түсіну түрі келеді. Мұнда аса зор еңбек еткендер — Конфуций, Платон, Аристотель сияқты ғұлама ғалымдар. Бұл ойшылдар саясатты теориялық тұрғыдан зерттеп, оны этикамен тығыз байланыста қарады. Олар саясатты адамдардың мақсат-мүддесіне сай келуге, адамгершілікке негізделуге тиіс деп ұқты.

Әдетте, саясаттанудың негізін қалаушы деп данышпан ғалым Аристотельді атайды. Өйткені ол өз заманында лицей ашып, сонда саяси ғылымды жеке пән ретінде оқытып, өзі жүргізді — «Саясат» деген еңбек жазып, онда ежелгі грек мемлекеттерінің (онда әрбір қала мемлекет болып есептелетін) саяси жүйесін зерттеді. Дегенмен, ұлы ғалым саясаттанудың пәнін қазіргі біздің түсінігіміздей басын ашып бере алмады. Ол саясаттың негізі адамның өзіміз, хайуандық табиғатында жатыр деп ұқты. Жеке адам көзсіз құмарлыққа берілгіш келеді. Сондықтан оның соқыр сезімін тежеп, жалпыға ортақ игілікке, әділеттілікке жетуді жеңілдету, адамның адамгершілік қасиетін арттыру үшін саясат жүргізу керек деп түсінді. Сонымен қатар ол саясаттану мәселелерін этика, фәлсафа (философия) мәселелерімен бірге қарады.

Орта ғасырда саясаттың діни-этикалық түрі қалыптасады. Оның негізін салушы Фәлсафашы саяси билікті құдай орнатады бірақ

мемлекет басшылары құдайдың қалауына қарсы шықса, халықтың оларды құлатуына болады деген байлам айтты.

Саясатты қазіргідей түсінуге мол үлес қосқан Италияның XVI ғасырда өмір сүрген ойшылы Никколо Макиавели. Ол саясатты теологиялық (құдайшылдық) түсіндіруден арылттып, саяси ойды қоғамдағы табиғи өмірден туған мәселелерді шешуге бейімдеді. Саяси зерттеулердің өзегі етіп мемлекеттік билікті қойды және оны қалай қолға түсірудің, пайдаланудың неше түрлі әдіс-тәсілдерін көрсетті. Соның арқасында саясаттануды біздің қазіргідей түсінуімізге жол ашылды.

Феодализмнің ыдырап, капиталистік қатынастардың қалыптасуы қоғамды демократияландырып, жалпыға бірдей сайлау құқығын кіргізуге, көпшілік саяси партиялар мен қазыналардың кенінен қанат жаюына, ақпарат құралдарының өрістеуіне мүмкіндік берді. Халықаралық, мемлекет аралық қатынастардың ауқымы кеңейді, саясаттың қызметтері мен міндеттері күрделілене түсті. Сондықтан саяси құбылыстар мен процестерді арнайы зерттеуге, саясаттану теорияларын жасауға тура келді. Бұл ретте Дж. Локк, Ш. Л. Монтескье, Ж. Ж. Руссо, Т. Джефферсон, Т. Пейн, И. Кант, Гегель сынды көрнекті ғалымдар көп еңбек сіңірді.

Саясаттану XIX ғасырдың екінші жартысында өз алдына жеке пән ретінде қалыптасты. Оған бұл кезде бихевиористік, тәжірибелік (эмпирикалық) әдістердің кеңінен пайдаланыла бастауы зор ықпалын тигізді. 1857 жылы АҚШ-тың Колумбия колледжінде (кейін Колумбия университетіне айналды) профессор Фрэнсис Либер «Тарих және саяси ғылым» деген кафедра ашты. Соның негізінде онда 1880 жылы саяси ғылымның жоғары мектебі құрылды. АҚШ-тағы сияқты 1872 жылы Францияда мемлекеттік аппаратқа арнайы қызметкерлер дайындайтын саяси ғылымдар мектебі жұмыс істей бастады. 1889 жылы Американың Саяси және әлеуметтік ғылымдар академиясы, 1903 жылы Америкалық саяси ғылымдар ассоциациясы құрылды.

XX ғасырдың басында саясаттану бөлек академиялық пән ретінде толық бөлініп шықты. Бұл ғылымның халықаралық мәртебе алып, толық қалыптасуына ЮНЕСКО-ның басшылығымен 1949 жылы құрылған саяси ғылымдардың халықаралық ассоциациясы зор

рөл атқарды. Ол саяси зерттеудің белсенділігін арттыру жолында қазір де жемісті еңбек етуде.

Бүгінгі таңда АҚШ-тың, Шығыс елдерінің барлық жоғары оқу орындарында саясаттану жеке пән ретінде барлық факультеттерде міндетті түрде оқытылады, әлемнің ең ірі университеттері оған мамандар дайындайды. Мысалы, АҚШ-та саясаттанудың мамандандырылған 26 саласы бойынша білім береді. Шетелдерде, әсіресе, бұл ғылымның қолданбалы түрі кең өріс алған. Оны бітірген маман саясатшылар маңызды саяси шешімдердің жобаларын сараптауға, партиялар немесе басқа бірлестіктердің сайлау алдындағы бағдарламаларын талдауға, үкіметтік дағдарыстар мен халықаралық қатынастардағы шиеленіс жағдайларының себебін ашуға кеңінен пайдаланады.

Бұрынғы Кеңес елінде бұл ғылымды партияға, халыққа қарсы буржуазиялықшыл деп айдар тағып, оқытпаған болатын. Себебі, Кеңес өкіметі, шын мәнінде, саяси сауатты адамдарды даярлауға мүдделі болмады. Ондай жағдайда тоталитарлық жүйе 70 жылдан артық дәуренін кұра алмаған да болар еді.

Бірақ бұдан ол кезде саяси ғылымға еш көңіл бөлінбеген екен деген ой тумауға тиіс. Саясат мәселелері қаралып, зерттеліп жатты. Алайда, олар ғылыми коммунизм, тарихи материализм, Коммунистік партия тарихы сияқты коммунистік идеологияға негізделген пәндердің шеңберінен шықпайтын және ең алдымен қандай әлеуметтік-саяси процестер социализм мен коммунизмге әкелуі мүмкін, соның жолдарын іздейтін.

Саясаттануға деген көзқарас 80 жылдардың екінші жартысында бұрынғы Кеңес Одағындағы түбегейлі реформаларға, қоғамның демократиялануына, тоталитарлық жүйенің күйреуіне байланысты өзгерді. 1989 жылдан Жоғары аттестациялау комиссиясында саясаттанудан эксперттік кеңес жұмыс істей бастады. 1990 жылы КСРО-ның ғылым және техника бойынша мемлекеттік комитеті «Саяси ғылымдар» деген атпен саяси ғылым қызметкерлерінің тізімін ресми түрде бекітті. 1989-1990 оқу жылдарында Балтық бойы елдерінде, 1990 жылдан бастап ТМД-ның басқа елдерінде саясаттану оқытыла бастады. Қазір Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында бұл ғылым жеке пән ретінде өтілуде. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеті және Қарағанды

мемлекеттік университеті және т. б. жоғары оқу орындарында бұл салада арнаулы мамандар даярлайды.

## 2. *Саясаттану пәні және оның негізгі құрылымдары, әдіс-тәсілдері мен ызыметтері*

Саясаттану ғылымы қоғамда болатын саяси процестерді, саяси жүйе типологиясын зерттейді, онымен қоса, адамның саяси өмірдегі орны, саяси түсінік пен саяси мәдениет ерекшеліктерін зерттейді. Саясаттану пәні болып, тұтастай саяси өмір, оның дамуының негізгі тенденциясы, басты институтциялық компоненттер болып табылады. Бірақ, саяси өмір тек үзіліссіз, мақсатты немесе тіпті мағынасыз, ұғынылып отырған немесе жете түсінілген, адамның қызметі — саяси процестің бас қатысушысы кезінде ғана болуы мүмкін. Адам саяси өмірге бірден бір тұлға ретінде, белгілі бір таптың, жыныстың, этниканың, діни немесе жастық топ өкілі ретінде еліктірілген. Сонымен қоса, осы ірі және шағын топтар саяси әрекеттің белсенді немесе жанама қатысушылары болып табылады.

Саясат көп жақты қызмет болып табылады, ондағы сәттілік көптеген компоненттерді ескеру кезінде кепілденген. Саяси өмірге қоғамның экономикалық дамуы, оның құқықтық және өнегелі нормалары, мәдени өзіндік қалпы, онымен қоса саясаткердің тұлғалық әсерлілігі мен оның ұйымдастырушылық қабілеті, өзінің ойын көпшілікке анық жеткізе алатындығы мен оларды өзімен бірге тарта алатындығын ескере отырып, көптеген басқа да факторлар әсер ете алады.

Әйгілі француз ғалымы М. Дюверже (1917) саясатты екіжүзді Янус деп атады. Бәріне белгілі Римнің атақты тәңірінің аты қатал бекітулер бірін-бірі алмастыратын дау-жанжал мен бағынушылық саяси өмірдің күрделілігі мен тенденциялардың қарама-қайшылығын тіпті жақсырақ сипаттайды. Дау-жанжалда жеңіске жеткен жақ оған пайдалы ережелерді қоғамда бекіту мүмкіндігіне қол жеткізеді. Бірақ, саясат жалпы қызығушылық таныту мен барлық азаматтардың әділетті талаптарын қорғауға бағытталған.

Саясаттанудың пәні толығымен саяси өмір болып табылады яғни саясаттану қоғамның басқа өрістерімен, үрдістерімен, негізгі компоненттерімен байланысты.

Саясаттану пәні мына басты бөлімдерден тұрады:

1. Саяси теориялар (олардың пайда болуы, дамуы және қазіргі кездегі қызметі);

2. Саяси институттар (Конституциялар, аймақтық және жергілікті басқару, көпшілік, әкімшілік, саяси институттарды салыстырып зерттеу);

3. Партиялар мен қоғамдық ұйымдар;

4. Қоғамдық пікір;

5. Халықаралық саясат (халықаралық ұйымдар мен халықаралық құқық).

Саясаттану ғылым ретінде төмендегі мәселелерді қарастырады:

- саяси өрістің даму заңдылықтары;
- саяси процестер;
- саяси білімнің тарихы;
- саяси сана;
- саяси мәдениет.

Саясаттану оқу пәні ретінде төмендегі мәселелер туралы білім береді:

- саяси институттар олардың құрылымы және қызметі;
- оқиғалар, мәселелер, саяси процестер
- тұлғаның қоғамдық өмірге араласуы.
- саяси концепциялар

Мемлекет пен қоғамның саяси жүйесі — саясаттанудың негізгі зерттеу объектісі. Осы арқылы қоғамның тұтас пішінін анықтаймыз. Сондықтан саясаттану пәні туралы жалаң пайымдауға болмайды. Оған жүктелген міндет әрі күрделі, әрі маңызды, десек те, ғылыми әдебиеттерде ортақ қорытындыға келіп, оны пән ретінде мойындаған тұрақты пікір әлі тиянақталған жоқ. Сондықтан бұл пән туралы түсініктер алуан түрлі зерттеулерде, бағыттарда, саяси мектептерде бір-біріне сай келмейтін кездері де жоқ емес.

Біріншіден саясаттануды пән ретінде анықтағанда оның тікелей мемлекетпен немесе саяси билікпен, қоғамдық немесе саяси партиялар мен ұйымдар проблемаларымен байланыстыра қарайтын шектеулі шеңбердегі көзқарастар.

Екіншіден бұл пәннің еншісіне саяси мәселелер мен саясат туралы білімді ғана жатқызып қоймай, онымен үндес келетін табиғаты жақын кейбір ғылымдардың мәселелерін бірге алып қарастыру, кең талдап, ауқымды әңгіме қозғау болып табылады.

Міне, осыдан келіп «Саясаттану пәні» нені зерттейді деген заңды сұрақ өзінен-өзі туындайды. Оған жауап қайтару үшін ең алдымен «Саясаттану» деген сөздің түпкі мағынасын ашып көрсетейік. Бұл — гректің «Politike» сөзі мемлекеттік немесе қоғамдық іс, мемлекетті басқару өнері деген мағынаны білдіреді және «Logos» — ілім, саяси ғылым, немесе саясат туралы ілім деген түсінік.

Ендеше саясаттану да өз ерекшеліктерімен сипатталатын дербес пән. Оны басқалармен араластырмай-ақ жеке дара оқып үйренуге болады. Мысалы, саяси билік пен оның мәні, жекелей және топтық түрде билік жүргізу, көсемдік пен демократия, биліктің шексіз феномені сияқты күштеу мен зорлық, авторитарлық мораль түріндегі билік пен құқықтық құндылықтар жайлы айтуға болады. Олар Конституциялық құқық аясына кірмейді, онымен ешқандай юриспруденция айналыспайды, бұл оның құзырына да жатпайды.

Ендеше саясаттану дегеніміз түрлі сипаттағы қоғамдық-саяси жүйенің даму ерекшеліктерін, бір-біріне қабысып икемделуін, тұрақтылықты қамтамасыз ететін шарттарының себептерін, дау-жанжалдар мен дағдарыстарды реттеу жолдарын зерттейтін ғылым деп санауға болады.

Саяси оқиғаларды талдап таразылап, шындықты объективті тұрғыда ұғындырып, осы арқылы дағдарыстарды қалыпқа келтіру оның басты мақсаты. Адамдардың ізгі құндылықтарды тану алдына, дұрыс бағыттарға бет түзеуіне көмектеседі. Бәрін нақтылыққа негіздеп, неғұрлым қателік жібермеуге ықпал етеді. Бірақ ол адамдарға басқалай бір саяси идеологиялық таңдауларға ұсына алмайды. Ұйымдардың, партияның, азаматтардың жекелей өз істерін, саяси таңдау жасаудың формасы мен түрін, қандай шешімдер қабылдап, әрекет етуді осы саясаттану көрсетіп бере алады.

Саясаттағы рационалдық және иррационалдық сияқты факторларды да сараптайтын саясаттану. Ол сондай ақ қазіргі таңда жетістіктерге жету үшін қандай мақсаттарға сүйену қажет, іс қимыл сәйкестігі қалай орындалады, «мүмкін еместіктің себеп-салдары неде», басқа қандай саяси ойда амалдар керек деген сұрақтарға да жауап

қайтарады. Саясаттану құбылыстарға баға бергенде, ұйғарым жасағанда идеологиядан, идеялардан тыс тұрады және асыра сілтеуден аулақ болады. Қайта мұндай нәрселердің саяси процестерге, саяси институттарға тигізетін кері ықпалдарын зерттейді.

Әр түрлі кезеңдегі саяси жүйелердің сипаттамасы мен қорытындысының нақтылығы басқа болуы да мүмкін. Егер саясаткерлер сол шақтағы жүйелерге қатысты функционалды факторларды көбірек анықтаса, шындықты максималды деңгейде таныса, жағдайдың жалпы пішімі мен ерекшеліктерін ажырататын болса, онда нақтылық бәрінен биік тұрады.

Осыдан болар мемлекеттердің бәрінде өзге ғылымдарға қарағанда саясаттанудың ұлттық ерекшеліктерге бір табан жақындығы. Себебі, оның бақылау байламдары, жасаған қорытындылары алға тартатын ұсыныстары сол мемлекеттің өзіне ғана тән болып келеді. Ал оның басқа мемлекеттерде қолданылуы логикалық сараптау, әлеуметтік эксперименттер, интуиция арқылы тексеріледі. Сондықтан әрбір елде плюралистік түрдегі өзінің саясаттану мектебі болуы мүмкін.

Саяси процестің, саяси қызметтің, саяси биліктің, қандай да болсын объективті заңдылықтардың, эволюцияның, көзқарастардың өзгеруі мен дамуы — аталған пәннің негізгі нысанасы. Білім деңгейімен сәйкес, саясаттану жалпы және жалқы деп саналады. Сипатына қарай іріктесек, саяси зерттеу теориялық және эмпирикалық деп екіге бөлінеді. Ал, бағыты мен мақсатына қарай топтастырсақ, іргелі және қолданбалы деп жіктеледі.

Саясаттану-жалпы интегралдаушы білім ретінде саяси құбылыстар мен процестердің жиынтығын, қоғамның саяси өмірінің жалпы принциптері мен заңдылықтарын, олардың көріністерінің ерекшеліктері, қоғамдық процесте субъектілер қызметтерін жүзеге асырудың формалары мен әдістерін қарастырады.

#### ***Саясаттанудың қызметтері:***

1. *Танымдық қызмет* саяси өмір мен билік қатынастары туралы сипатын жүйелендіреді, дамудың негізгі заңдылықтары мен тенденцияларын табады.

2. *Тәжірибелік қызмет* саясаттану бойынша теориялық білім негізінде саяси құрылым, басқару әдістері, онымен қоса нақты мақсаттарға жету бойынша нұсқау беретін әдістерді ұсынады.



3. *Болжамдық қызмет* саяси процестердің даму тенденциясы мен перспективаларын анықтауға мүмкіндік береді.

4. *Идеологиялық қызмет* басты құндылықтар, мұраттар, саяси процеске қатысушылардың рухани нысанын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

5. *Саяси әлеуметтану* қызметі саяси мәдениет дағдыларын қалыптастырады, азаматтардың қоғамдық өмірге қатысуы үшін алғышарттарын жасайды, қалыптасқан саяси мінез- құлық нормаларына қосады.

### ***Саясаттанудың әдістері.***

Саяси ғылым кең арсеналды ғылыми әдістерді қолдануға келіп тіреледі. Олардың құрамы уақыт өте келе өзгеріске ұшырап отырды, зерттеу әдістемелігінің дамуына қоғамдық ғылымдар мен табиғаттану ғылымдарының дамуы үлесін қосты. Жалпы саясаттанудың қолданатын әдістерін жалпытеориялық және эмпирикалық деп екіге бөлуге болады.

Жалпытеориялық әдістер философия білімінің аясында пайда болған, және де оларды көптеген ғылымдар қолданған. Олардың көмегімен саясаттанушылар эмпирикалық зерттеу кезінде алынған білімдерді жүйелейді және жинақтайды. Жалпытеориялық әдістерге келесілер жатады:

– диалектика — қоғамдық өмірдің дамуын зерттеу, өзара байланыстарды және қайшылықтардың саяси реалдарына тән имманентін айқындайды;

– жүйелеу әдісі саяси құбылыстарды басқа күрделі құрылымның бір бөлігі ретінде қарап, оны құрайтын элементтердің әлеуметтік өмірдегі орнын, қызметін айналадағы ортамен, басқа құбылыстармен байланысты зерттейді (экономика, мәдениет, табиғат);

– формализация — саяси өмірдің әр түрлі көрсеткіштерінің ұқсас параметрлері бойынша салыстыру, табу өлшемдерін анықтау, ол әр түрлі мемлекеттер үшін саяси процестердің жалпы заңдылықтарын шығаруға мүмкіндік береді;

– институционалдық әдіс саяси және қоғамдық институттарының өзара қызмет етуі мен өзара байланысын зерттейді: мемлекеттер, партиялар мен қозғалыстар, қысым топтары және т. б.

Эмпирикалық әдістерге әр түрлі саяси аяда жаңа білімдерді алу құралдары жатады. Келесідей эмпирикалық әдістерді атауға болады:

– тарихи әдіс — саяси институттардың тарихи дамуындағы өзгерістерін талдайды.

– социологиялық әдіс — саясаттың әлеуметтік факторлармен өзара байланысын зерттеу (экономикалық, қоғамдық құрылым, мәдениет және т. б.), онымен қоса әлеуметтік топтардың саяси процесстерге әсерін зерттейді.

– бейнелеу — саяси ортада маңызды болмыстар мен тенденцияларды жазбаша жазып алу мен бақылау.

– анкеталау — саяси өмірге қатысушылардың идеялық бекітулерін, артықшылықтарын, пікірін табу үшін қоғам өкілдерін ауызша немесе жазбаша сұрау.

– статистикалық әдістер — саяси өзгерістер динамикасын сипаттайтын әр түрлі сандық көрсеткіштерді (мәліметтер, мағлұматтар) зерттеу мен жинақтау.

– математикалық әдістер — олардың көмегімен сандық көрсеткіштер негізінде әр түрді мәліметтердің жүйеленуі, жинақталуы болады, саяси процесстер өңделеді.

– психология мен бихевиористік әдістер субъектілік факторлардың әсері мен саяси процессте тұлғаның мінез құلقىның ерекшелігі зерттеледі.

Жоғарыда көрсетілгендей, саяси зерттеу аясында қолданылатын көптеген әдістер басқа ғылымдардың арсеналына тәуелді. Бұл қоғамдық өмірді зерттеу әдістері мен формаларын сипаттауды кенейту мен өзара пәндік байланыстарды іске қосудың бірден бір дәлелі болды. Саясаттанудың жеке бағыттары әр түрлі зерттеу әдістеріне басымдылық береді.

### **3. Саясаттанудың басқа бағыттары**

#### **Ғылымдармен Атақнасы**

Саясаттанудың қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі орны мен маңызы ерекше. Саясаттану басқа қоғамдық ғылымдармен тығыз бай-

ланыста дамиды. Себебі олардың бәрінің зерттеу объектісі ортақ қоғамдық өмір. Олар бірталай ортақ ұғымдарды да пайдаланады. Бірақ та әрбір қоғамтану ғылымының өзіндік пәні бар. Сондықтан саясаттанудың басқа гуманитарлық ғылымдар арасындағы ерекшелігін, алатын орнын анықтап алған дұрыс. Саясаттану ең алдымен философиямен тығыз байланысты. Философия- табиғат, қоғам және таным дамуының неғұрлым ортақ заңдылықтары туралы ғылым.

Ол тіршіліктің түпкі себептерін, рухани байлықтардың негізінде жатқанын және т. с.с. ашып дүниеге тұтас көзқарас туғызады. Сондықтан басқа пәндер сияқты саясаттану да жалпы әдістемелік ғылым болып келеді. Ол саясатты философиялық тұрғыдан дәлелдейді. Саяси құбылыстар мен процестерді талдауға дүниетанымдық бағдар береді. Саясаттану өмірдің жалпы жақтарын қарастырғанда философия тұжырымдамаларына сүйенеді, ал саясаттың нақтылы жақтарына келгенде философия саясаттануға жүгінеді.

Саясаттану экономикалық теориямен өзара байланысты. Саяси экономия саяси процестерді экономикалық тұрғыдан дәлелдей отырып, сол процестердің негізінде әртүрлі әлеуметтік топтардың өз мүдделерін жүзеге асыру үшін күресіне көз жеткізеді. Саясаттану экономикалық саясатты дайындау және іске асыру процестерді мемлекеттік реттеу принциптерін ғылыми түрде негіздейді.

Тарих болса жүйелі дәйекті түрде оқиғаның болған уақытына байланысты саяси институттар мен идеялардың дамуы туралы деректерді жинап, суреттейді.

Көрсетілген ғылымдармен қатар саясаттану басқа да ғылымдармен байланысты. Солай бола тұра саясаттанудың өзіне тән зерттеу объектісі болады. Оған қоғамның саяси сапасы, ондағы болып жатқан барлық саяси процестер жатады.

Қазіргі демократиялық мемлекеттерде саяси оқу институттарының қызмет етуі адамгершілік құндылықтарды, әсіресе, әрбір тұлғаның еркіндігі мен абыройын, оның табиғи ажырамас құқықтарын мойындап, қадірлеуге негізделеді.

### ***Саясат әлемін зерттейтін ғылымдар.***

Саяси ғылымға көптеген кешенді пәндер жатады, оның ішінде саяси философия, саяси тарих, саяси әлеуметтану, саяси география, саяси ілімдер тарихы, мемлекет пен құқық теориясы, саяси психология. Бұл ғылымдар өзінің зерттеу орны мен оған келуімен

ерекшеленеді, олар ғылыми зерттеудің әр түрлі әдісін қолданады, онымен қоса олар өзара байланысты, себебі олар саясаттың көп жақты феноменінің әр түрлі жағын зерттейді.

*Саяси философия* көне пәндердің бірі болып саналады. Антикалық кезеңде саяси ғылымды маңызды саланың біріне жатқызған, сонымен қатар оны жалпыфилософиялық білім аясында айрықша зерттеген. Саяси философия зерттеудің жалпы принциптерін қалыптастырады, қоғамдық қарым-қатынас жүйесінде саясаттың орнын анықтайды.

*Саяси әлеуметтану* қоғамдық топтың саяси өмірге, саясаттың өзара қызмет етуі мен әлеуметтік факторларға қатысуы формасын зерттеумен айналысады.

*Саяси география* саяси өмірге географиялық, геосаясаттық, аумақтық және табиғи-климаттық факторлардың әсер етуін зерттейді. Соңғы кезде геосаясат перспективалы ғылымдардың бірі бола бастады, ол мемлекеттің территория, халық саны, басқа мемлекеттермен көршілестік сияқты аспектілерінің саяси дамуын зерттеуге әсер етеді. Кейбір зерттеушілер осы факторларға қарап, әлем аренасында мемлекеттің күшін тәуелді етіп қояды.

*Саяси тарих* саяси жүйелер мен тарих жолындағы институттардың эволюция процессінің заңдылықтарын зерттейді. Саяси ғылымның тарихи аспектісі ерекше қызығушылықты сипаттайды, себебі әр түрлі қоғам әр түрлі жылдамдықпен дамиды және ұқсас өзгерістер кезеңінен өтеді. Бір мемлекеттің тәжірибесін басқа мемлекет қолдануы мүмкін.

*Саяси ілімдер тарихы* адамның саяси өмірі туралы, оның институттары мен жүйелері туралы тануын зерттейді. Саяси ілімдер тарихын зерттеу аясында саясаттың әр түрлі тарих дәуіріндегі көзқарастары бекітілген.

*Мемлекет пен құқық теориясы* алдымен мемлекеттің және оның құқықтық жүйесінің жалпы эволюция процесіндегі өзара қарым-қатынасы мен тарихына қызығушылық танытады. Құқық адамдардың қоғамдағы қатынастары мен тәртібін, жүріс-тұрысын реттейді.

*Саяси психология* тұлғалық аспектінің қоғамдағы саяси процеске әсерін қарастырады. Оның басты зерттеу пәні саяси өмірге қатысты саяси мінез-құлық пен тұлғаның дәлелдері болып табылады.

*Саяси антропология* адамның саясаттағы рөлін бекітуге бағытталған. Ол жеке адамның саяси қарым-қатынастар жүйесіндегі орнын зерттейді, олардың тұлғалық өлшемі, адамның саяси процеске әсер етуі.

### **Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. Саясаттану ғылым ретінде нені сипаттайды?
2. Сіз саясаттану пәнін қалай анықтар едіңіз?
3. Саясаттанудың негізгі әдістерін атаңыз. Оларды қалай топтастыруға болады?
4. Саяси ғылым қандай бөліктерге бөлінеді? Соңғы кездерде қандай салалар белсендірек дамып отыр?
5. Саясаттанудың Сіздің мамандығыңызға қажеті барма?
6. Саясаттанудың басқа қоғамдық ғылымдармен өзара байланысы қандай?

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Саясаттану ғылым және оқу пәні ретінде. Саясаттанудың ғылыми дәрежесі.
2. Саяси зерттеулердің әдістері
3. Саясаттану қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар жүйесінде
4. XIX ғ.аяғы және XX ғ басындағы саяси ғылымның дамуы. Саясаттанудың парадигмалары.

## 2-ТАҒЫРЫП.

### САЯСИ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

1. Құлдық дәуірдегі саяси ой-пікірлер
2. Орта ғасыр мен Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ұғымдар
3. Жаңа замандағы саяси ой
4. Қазақ даласындағы саяси ой пікірлер

Саясаттану өзінің пәні мен зерттеудің ерекше әдістері бар дербес ғылым ретінде кейін пайда болды. Бірақ оның бастауы ежелден келе жатыр. Қоғамның саяси өмір туралы білімінің дамуы бірнеше кезеңнен өтті. Бастапқыда саяси көзқарас адамдардың қоршаған орта мен қоғам туралы жалпы ойынан алшақ болған жоқ. Ежелде адамдар биліктің пайда болуына және басқа да қоғамдық институттарының пайда болуына діни-мифологиялық түсінік берген. Кейін, эмпирикалық мәліметтердің жиналуы мен ғылыми таным әдістерінің жетілдірілуімен саясат әлемі мен билік қарым- қатынастары зерттеу пәні бола бастады. Саясатты өмірдің ерекше сферасы ретінде антикалық уақыттан бастап талдайды, бірақ дербес ғылым ретінде саясаттану тек ХІХ ғасырда қалыптасқан.

#### 1. Құлдық дәуіріндегі саяси ой-пікірлер

Антикадағы саяси ой мемлекеттік құрылымның тиімді моделін зерттеу мәселесіне бағытталды. Жеке, қоғамдық, мемлекеттік өмір сфераларын нақтылай бөлуі әлі де қалыптаспағандықтан, бұл мәселелердің бәрі бөлінбей қарастырылған, ол жанұялық және қауымдастық құрылымның заңдарын саяси жүйеге ауыстыруға тырысуды түсіндіреді. Антикалық ғылымда саясатты, этика мен философияны нақты шектеуге қол жеткізе алмады, сондықтан, осы қызметтер аясы мен танымдар біріңғай бүтін ретінде қарастырылған. Көптеген саяси мәселелер басты түрде этика көзқарасының аясында қа-

растырылды, ол көптеген ғалымдардың еңбектерін морализаторлы бағытқа әкелді.

*Платонның мемлекет туралы ілімі.* Ұлы философ Платон(427-347) бірінші болып саяси өмірді арнайы зерттеу пәні ретінде енгізді. Оның ойынша, мемлекет адамдардың сұраныстарының кеңеюі нәтижесінде пайда болады деді. Оның жүзеге асырылуы үшін басқалардың көмегі мен барлығының бірлестікке бірігуі қажет. Бұл бірігу баяғыдан әдет-ғұрыппен басқарылатын жанұя тәрізді, бірақ бірлестіктің кеңеюі, оның жеке өкілдерінің шектен тыс сұраныстарының пайда болуы реттеушілердің жасалуын талап ететін — заңдар. Басқару жүйесінде қызметтік тұлғалардың (заң шығарушы) қажеттілігі туады. Платон оның заман шартында қоғамдық құрылым әділдік пен үндестіктен алыс екенін көрді. Сондықтан философ саяси шындықты өзінің уақытындағы асқан мемлекет жобасына қарама-қарсы қойды.

Асқан мемлекеттің, оны бірінғай, бай, күшті ететін төрт қасиеті болуы тиіс. Ол дана, ер жүрек, парасатты және әділетті болуы тиіс. Бұл қасиеттер мемлекетте тұратын барлық адамдарға есен-амандықпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Платон осындай мемлекетте тек 5040 азамат (немесе ошақтар, толық бағалы тек отағасы бола алған) тұруы тиіс екенін көздеген. Бұл сан 1 ден 100-ге дейінгі барлық сандарға бөлінгендіктен алынған, бұл басқарушыға соғыс бола қалған жағдайда, салық тарату кезінде және т. б. азаматтарды бөлуге мүмкіндік туғызған. Адам өзінің қабілеті бар тек бір іспен айналыспауы тиіс. Қолөнерші өнермен, басқарушы — басқарумен, жауынгер — мемлекетті қорғаумен айналысуы керек. Бір нәрсемен айналысу бойынша азаматтар үш сословиеге бөлінген: басқарушылар, жауынгерлер мен қолөнершілер. Бір сословиеден екіншісіне ауысу қылмыс деп саналып, мемлекетті сатқанмен тең болған. Әр бір сословие табан аудармай өзінің міндетін орындауы тиіс және басқа сословиелердің артықшылықтары мен құқықтарына үміттенбеуі керек. Платондық асқан мемлекет, халықтық белгілі бір бөлігін бақытты етпей, оның тұтастай қоғамын бақытты етуі тиіс. Басқарушылар мен жауынгерлердің өмірі мемлекеттің игілігіне ғана бағытталуы тиіс. Адамдар жеке бас пайдасы туралы ойламауы үшін, Платон жеке меншік құқығындағы институттарды жоюды ұсынды. Осылайша, асқан мемлекеттің басты принципін Платон

элеуметтік дифференциация, тұтынудағы теңдік және әр бір жеке тұлғаның мақсаты ретінде мемлекетке қызмет етуі деп санаған.

Платон өзінің қиялшыл концепциясында сол кездегі құрылым формасының болуын бір біріне қарама қарсы қойған: *тимократияны* — атақ құмарлардың билігі, *демократия* — көпшілік билігі, *олигархия* — шағын адамдардың билігі және *тирания* — бір адамның барлығының үстіндегі билігі.

*Аристотельдің саяси ойы.* Аристотель (384-322) адамның мәні тек саяси өмірінде ғана жүзеге асырылады деп санаған. Егер Платон мемлекеттегі қарым қатынасты жанұя немесе тайпа және басқару әдістері тек адам санымен өзгешеленеді десе, Аристотель басқа көзқараста болды. Әке билігі, қожайын билігі мен басқарушы билігі — бірдей билік емес деді. Бірінші екі түрі теңсіздік пен әке және қожайынның қарапайым артықшылықтарына негізделеді. Мемлекеттік билік басқаруға еркін және тең адамдарға берілген. Мемлекеттік қарым-қатынастар жанұялыққа қарағанда көлемді, сондықтан басқарушы заң шығару барысында мемлекетке кіретін жанұялардың игілігін ескеруі қажет. Аристотель Платондық моделінің теңестіруші тенденциясын, жекеменшік үйлестіруді сынаған және соған байланысты Платонның ойын жүзеге асыру мүмкін емес деп санаған. Толыққұқылы азамат, Аристотельдің ойынша, халық жиналысы мен сот жұмысына қатысушы болуы қажет. Құлдар, шет елдіктер, кәмелет жасқа толмағандар мен қарт адамдар азамат болып табылмайды, себебі олар мемлекеттік борышты атқармайды. Сондықтан, болашақ билеуші алдымен адамдардың қажеттіліктері мен психологиясын білуі үшін бағынушылық мектебінен өтуі тиіс.

Биліктің кімге тиесілі екеніне байланысты Аристотель мемлекеттік құрылымның бірнеше түрін бөлген. Оның ойынша, әділетті құрылымның үш түрі бар: *патшалы билік*, онда бір адам билеуші; *аристократия*, кішкене адамдар тобының билеуі; *полития*, билік көптеген азаматтарға тиесілі. Билік әділдікке қол жеткізу үшін осы түрлерде жүзеге асырылады. Көрсетілген түрлерден ауытқу әділетсіз құрылым түріне әкеледі: сәйкесінше, тирания, олигархия мен демократия. Тирания кезінде билік бір басқарушының пайдасына жүзеге асырылады. Олигархия бай сословие қызығушылығын танытуға бағынышты, ал демократия кедейлердің құқықтарын қор-



ғайды. Бірақ бұл түрлердің барлығы әділетсіз, себебі ол жалпы пайдаға және әділдікке тырыспайды.

Мемлекетте орта деңгейлі адамдар болуы тиіс, олар кедейшіліктің аса мұқтаждығы мен байлықтың аса молшылығынан алшақ. Олар бөтен адамдардың жақсылығына кедейлер сияқты ыршымай, олардың да мүлкіне қызықпайды. Сондықтан олардың жағдайы тұрақты болады. Бай адамдар, барлық игіліктер мен күштерге ие бола отырып, билікке бағынғысы келмейді. Кедейлер күншілдікке толы болады, сонымен қатар әрдайым қорлықты сезінеді. Билікке бай немесе кедейдің келуі әділетсіздік пен сословие арасындағы күреске әкеледі. Осылардың ең жақсы шешімі — орта сословие өкілдерінің басқаруы.

Саяси ойдың даму тарихында айтарлықтай із қалдырған Ежелгі Рим болды. Онда әсіресе атақты шешен, мемлекет қайраткері және ойшыл Марк Туллий Цицерон (б. з. б. 106-43) өмір сүрді. Оның «Мемлекет туралы», «Зандар туралы», «Міндеттер туралы» деген еңбектері көпке әйгілі.

Цицерон мемлекеттің пайда болуының негізгі себебі — адамдардың бірігіп өмір сүруге тырысатын табиғи талабының және меншікті қорғау мақсатынан туындайды дейді. Қоғамға және жеке меншікке қол сұғуға болмайды. Бұлардың мызғымастығын бұзшылықты әділеттілік пен құқықты қорлаумен бірдей көрді.

Цицерон мемлекеттің құрылым түрі оны басқарушының «мінезі мен еркіне» байланысты болады деп түсіндірді. Басқарушылардың санына қарай ол мемлекет басқаруды патшалық билік, аристократия (оптиматтардың билігі) және демократия (халық билігі) етіп үш түрге бөлді. Бұлардың әрқайсысының өзінің жақсы жақтары мен кемшіліктері бар. Мәселен, патша рақымшылдығымен жұртқа ұнайды, бірақ мұнда басқа адамдар заң, шешім қабылдаудан сыртта қалады және бір адамның басшылығы зорлық-зомбылыққа оңай айналып кетуі мүмкін. Оптиматтар (аристократтар) даналығымен бағалы, бірақ олар үстемдік еткенде халық өз еркіндігін пайдалана алмайды, билік ақсүйектердің сұрқия тобының қолында қалуы мүмкін. Демократия болса бостандығымен жағымды, бірақ халықтың толық билігі зиянды зардаптарға, «тобырдың зорлығы мен есалаңдығына» әкеліп соқтыруы мүмкін.

Цицерон мүліктік теңдік идеясына қарсы болды, қоғамдық-саяси қатынастарда әлеуметтік жіктелу мен теңсіздікті әділеттілік деп санады.

## 2. *Орта Ғасыр мен Пайтаңғару Әуіріндегі саяси Ғылымдар*

**Орта ғасырлық Шығыстағы саяси ойлар.** Ортағасырлық арабтілдес философиясының дамуына антикалық философтардың еңбектері оның ішінде Аристотель мен Платонның еңбектері негіз болды, әсіресе сондықтан, зерттеу мәселелерінде кейбір орын бастындығы байқалады, олар асқан мемлекеттік құрылымды табу, мемлекеттік биліктің түрін топтастыру, онымен қоса саяси ғылымның жалпыфилософиялық білім принциптерімен байланысы. Сонымен қатар, Исламның едәуір рөлі және қоғамдық құрылыс қасиетімен байланысты елеулі айырмашылықтары бар. Соның нәтижесінде арабтілдес ойшылдарының алдында рухани мен аксүйектердің арасалмағы, мұсылман мемлекетінің ерекшелігін бөлу мәселесі тұрды. Біздің қазіргі күндерге дейін саясатты зерттеген абыройлы да ардагер ғалымдары Әл-фараби, Әл-Газали, Ибн-Рушд, Ибн-Сина, Ибн-Халдун болды.

Шығыстың ұлы ұстазы Әл-Фараби (870-950) ұрпаққа «Ізгілікті қала тұрғындары ойы туралы трактатты» қалдырды, онда философиялық жүйенің метафизикадан этикаға дейінгі үзіліссіз байланыстарындағы адамдардың бірлестіктері туралы ілімдер. Бұл кітапта мемлекеттік қатар түрлері, басқарушы мен қарапайым азаматты тағайындауды анықтау, басқарудың этикалық және саяси ережелерін бекітуге ерекше бет қойған. Фараби әдістемесі мен философиялық білім принципі негізінде ғылымның барлық аясын, оның ішінде қоғамдық байланыстыруға тырысты. Оның бір негізгі іргесі этика принципі болды.

Қоғамдық құрылымның асқан түрі Әл-фарабидың ойынша, Ізгілікті қала болды. Адамдардың бірігуінің мақсаты іс әрекетте өзара көмек болып табылады, сол уақытта олар бақытқа кенеледі, қоғам, ондағы адамдар бір біріне бақытты болу мақсатымен көмектеседі, міне осы ізгілікті қоғам — деп жазды. Бұл мақсатқа кез келген мем-

лекеттің ұмтылуы керек деген өзінің утопиялық пікірін білдірді. Фәраби ізгілікті қаланы адамның денесі деп салыстырған, ондағы барлық мүшелер өмірін сақтау мен толық қанды ету үшін бір-біріне көмектеседі.

Бір тұтас ағзанының бөліктері өзінің табиғаты мен ерекшеліктері бойынша өзара өзгешеленеді, тура осылай қалалық бірлестіктің мүшелері әр түрлі қызмет етуі керек. Егер дененің органдарының табиғи айырмашылықтары болса, онда белгілі бір адамдардың артықшылығының бас көзі басқа, ерік болып табылады, сонымен бірге олардың қабілеттері және білім болып табылады. Қаланың басшысы өзінің рөлі бойынша жүрек — адамның басты органы болып табылады. Ол қалалық бірлестіктің болуының себепкері болып қызмет етеді. Жетекшінің басты тапсырмасы төмендегі адамдарды басқару мен қоғамды тәртіпке келтіру болып табылады.

Қаланың басшысы оған абыройлы басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін иемденген және туа біткен қасиеттерге ие болуы қажет. Басқарушы адам дана әрі жоғары өнегелі, толық жетілген нағыз адам болуы тиіс. Басқарушының қолында ақсүйектер мен рухани билік қосылуы керек, яғни, ол мұсылман қауымының жетекші қызметін — имам атқаруы тиіс. Сонымен қоса, мемлекеттің асқан басқарушысының туа біткен 12 қасиеті болуы тиіс: жетілген, органдар, жоғары ойшылдық қабілеттер, зеректік, қырағылық, жақсы жад, абырой, ар ұят, әділдік, батылдық және т. б.

Фәрабидің асқан мемлекетіне бұрыс құрылым түрін қарсы қойды. Оның біріншісі надан қала, оның тұрғындары бақыт деген не екенін білмей, оған ұмтылмаған. Оларға бастысы — байлық, рахат, құрмет, құмарлық. Онымен қоса, Әл-Фараби азғын, айнаымалы және адасқан қалалар туралы айтқан. Олардың бәрі өз мақсатында ізгілікті қаланың іс әрекетіне қарама-қайшы әрекет етеді, олар кесірлі мінез бен әдет-ғұрыппен ерекшеленеді.

Биліктің болмысты өкімет мазмұнының мәселелері, орталықтанған ислам мемлекетін нығайту, басқарушының міндеттері туралы ірі кеменгер ислам ойшылы Әл-Газали(1058-1111) анықтауға тырысты. Әл-Газалидің ойы бойынша, саясат және дін бір-бірінен бөлуге болмайтын, өзара байланысты, бір-біріне себепші арақатысы бар нәрсе, саясат дін мен моральдың қажетті компоненті болып табылады. Саясат-іс-әрекеттері мен қылықтары мемлекеттегі тәртіп-

ке сәйкес келуі тиіс адамның мінез-құлық өнері. Ортағасырлық мұсылман шығысында саяси ілім тұжырымдамасын Ибн-Халдун (1332-1406) ұсынды. Оның ойынша, әр бір мемлекет үш ұрпақтың өмірі ағымында болады және бес кезеңнен өтеді: 1) бұрынғы өкіметтің құлауы және жаңадан пайда болуы; 2) билікті алуға қолбағыс еткен бұрынғы одақтастарын құртатын басқарушының қолында биліктің шоғырлануы; 3) мемлекеттің өркендеуі; 4) қарсы әрекет етушілердің ағымымен күресу үшін өкімет зорлық зомбылық қолдануға мәжбүр болуы; 5) мемлекеттің құлдырауы және опат болуы.

Ибн-Халдунның еңбектерінде биліктің өзіндік топтастырылуы формасы ұсынылған. Оған халифат, саяси және табиғи монархия жатады. Халиф билеушісі рухани құндылықтарға сүйенеді, ислам құқықтық кодексімен жетекші етеді және ақсүйектік басқаруды жүзеге асырады. Саяси монархия басшысы діни мазмұннан босатылған сана ойына сүйенеді. Табиғи монархия ойшыл басшының тираниясы деп түсіндірген. Ибн-Халдун өзі сана мен діни сенім жолын ұстаушы, ол исламның қағидаларының мызғымайтындығына сүйенетін монархия идеясында көрінеді.

***Еуропалық орта ғасырдағы және қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ойлар.*** Орта ғасыр дәуірінің ерекшелігі, бәрімізге белгілі, шіркеудің жоғарғы мәні биліктің мықты монархия болуы мен өзіндік мәдени ерекшелігі болып табылады. Осы уақыттағы саяси зерттеулер қоғам өміріндегі ақсүйектер мен рухани билік қатынасы, орталықтанған мемлекетті басқару әдістері мен түрлері және басқарушының этикалық принциптері болды.

Орта ғасырлық еуропа философиясы толығымен христиандықпен байланысты. Оның саяси бөлігі мемлекеттің белгілі бір орны мен Құдай жасаған әлемдегі билікке бағытталған. Орта ғасыр философиясының көрнекті ойшылы Августин (354-430), мемлекеттің шығу тегінің өзіндік теориясын жасады. Оның ойынша, әлем екі мемлекеттен тұрады: жер шары мен құдырет. Жер шары мемлекеті өзінің нағыз мақсатын білмейтін халыққа толы. Олар жер шарындағы тілектері мен құмарлығын жүзеге асырғысы келеді, ал өздерінің істерінде құдыретке сүйенбейді, тұрпайы күшіне сүйенеді. Адамның еркіндік бостандығы қоғамдық күйзеліс пен мемлекеттің құлдырауының, жауыздықтың көзі болып табылады. Мұндай мемлекет Құдай еркіндігін жүзеге асыруға қызмет етпейді, сондық-

Балалардан басқа Республика азаматтығын шетелдіктер де, азаматтығы жоқ тұлғалар бола алады. Ол үшін олар Республика аумағында белгілі бір мерзім тұруы қажет. Қазақстан онымен қоса,

босқындарға өз аумағында тұруына рұсат береді, босқын — өз отанында саяси қуғынға ұшыраған адамдар. Кейде жеке тұлғаларға азаматтық беруден бас тартуы мүмкін.

### **Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. «Саясаттың субъектісі», «саясаттың объектісі » деп нені айтады?
2. Тұлғаға кім жатады?
3. Тұлғаның қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуының маңызы неде?
4. Жеке адамның қанадай негізгі құқықтары мен бостандықтарын білесіз?
5. Жеке адамның құқықтары қалай жіктеледі?
6. Адамның саяси құқықтары мен бостандықтары дегеніміз не?

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары:**

1. Саяси ойлар тарихындағы тұлға тақырыбы
2. «Адам құқықтары туралы жалпы бірдей декларация»
3. Адамның саяси құқықтары мен бостандықтары
4. Адам саясаттың субъектісі ретінде
5. Қазіргі кездегі азаматтардың саяси әлеуметтенуі

#### 4-ТАҒЫРЫП.

### САЯСАТ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР ЖӨЙЕСІНДЕ

*Саясаткер дарыны келесі күні, келесі аптада, келесі жылы не болатындығын алдын ала айту және кейін ол неге болмағандығын түсіндіру дағдысынан тұрады.*

У. Черчилль

1. Саясат ұғымы және оның пайда болуы.
2. Саясаттың негізгі функциялары
3. Саяси өмір және саяси ғылым тілі.

#### 1. *Саясат ұғымы және оның пайда болуы*

*Саясат* әлеуметтік топ, әртүрлі бірлестіктер, ұлттар мен мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас сферасындағы адамдар қызметі болып табылады. Саяси қызмет әдетте мемлекеттік істерге қатысуға бағытталған болады. Саясат сөзі ежелгі Грецияда қолданылды, ол мемлекеттік және қоғамдық істерді білдірді. Ежелде-ақ саясатқа екі негізгі жол қалыптасты: функционалды және құндылықты. Біріншісі — функционалды жол — бұрыш басына саяси шешімдердің тиімділерін қояды: алға қойылған мақсаттар мен тапсырмаларға қол жеткізілді ме? Құндылықты жол идеялы бекіт-лер мен өсиетті критерияларға сәйкес талдау жүргізуді сипаттайды. Бұл жерде бірінші орынға мақсат және мәселесі мен оған жету үшін қолданылатын құралдар жатады. Саясат қоғамдық өмірдің маңызды бөлігін сипаттайды. Қазіргі уақыттағы саяси өмір өзінің көп түрлілігімен бізді таң қалдырады. Бейхабар адам үшін ол жеке және топтық қызығушылықтардың араласуы, сенімдер мен қызығушылықтар, көрнекті декларациялар мен әрқашан таза болмайтын істері бар хаос болып көрінуі мүкін. Саясат өзінің айналысына бұ-

қара халықты қосуы мүмкін және іріктелгендер тобының ісі болуы мүмкін.

Саясат, жалпы алғанда қазіргі адамның қажеттілігі, талап-тілегі болады. Өйткені, саясат қоғам өмірінің барлық құбылыстарымен процесінде көрініп отырады. Сондықтан ол өзінің пайда болуы кезеңінен бастап, әртүрлі деңгейде, күрделі түрде, түрліше дәрежеде өтіп жатады. Ол адамның тұрған жерінен, жұмысшылардың алғашқы ұжымынан басталып, мемлекетте, мемлекеттер арасындағы саяси қатынастарға саяси тұрғыдан басшылық етумен аяқталады. Қазіргі саяси ғылымда саясаттың табиғатын түсіну өте күрделі мәселе болып отыр. Саясаттың сонау ертеде пайда болғанынан бастап, қазіргі күнге дейін оның түсінігі жөнінде бірнеше көзқарастар мен анықтамалар кездеседі. Мысалы: зерттеушілердің бір тобы саясатты-адамдардың өз мүдделерін іске асыруға, қорғауға бағытталған, саяси билікті басып алуға, қолында ұстап тұруға, оны пайдалануға тырысушылықпен байланысты мемлекеттің, ұлттың, үлкен әлеуметтік топтың не жеке адамның қызметі деп түсіндіреді. Ал, екіншіден саясат-ол мемлекеттің істеріне қатынасу, оның қызметінің мақсаты мен мазмұнын анықтау. Үшіншіден, саясат шебер басшымен оның сыбайластарының ниеттерін, амал-әрекетін білдіреді.

Сонымен, саясат дегеніміз — адамдардың өздерінің қоғамдық мәні бар мүдде мен қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін пайда болған әлеуметтік топтар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы билікке байланысты іс-әрекет болып табылады.

Саясаттың негізгі маңызды мәселесі мен мақсаты билік. Саяси сала мен оны анықтайтын факторларды талғампаздық модель ретінде түсіндіруге болады. Ол модель әлеуметтік ықпалдар мен қатынастар саласын, саясат өрісі саяси құбылыстың үлкен жиынтығын қамтиды. Сондықтан қоғамның саяси өмірі осылардың негізінде қалыптасады. Мұндай саясат өрісі саясаттың қызметін факторларынан көрінетін әлеуметтік кеңістікті белгілейді.

Саясаттың негізгі мәселесі билік болып табылады. Өйткені саясат топтар мен басқа да әлеуметтік бірлестіктер арасындағы өзара қатынастардың ерекше түрі ретінде мемлекеттік билікті қолға алып ұйымдастыруымен байланысты. Сондықтан, саясат деген ұғымның мағынасы ең кең тараған мемлекеттік билік, халықаралық қатынас-

тар ұғымымен байланысты. Саясат-ол қызмет болса, екіншіден өнер, басқару өнері болып табылады. (Аристотель)

Саясаттың қоғамдық құбылыс ретінде пайда болуымен мәні жөнінде ғалымдар арасында әртүрлі көзқарастар бар. Соның бірнеше бағытын көрсеткен жөн:

Теологиялық бағыт — мұнда саясаттың пайда болуы, құдайдың күдіретімен түсіндіріледі.

Географиялық бағыт — Жан Боден, Ш.Монтескье: Саясат географиялық себептерден пайда болды, бұл құбылыс қоршаған ортаның ерекшеліктеріне байланысты түсіндіріледі.

Биологиялық бағыт — Н. Макиавелли, Т. Гоббс зерттеулері бойынша саясаттың көзі адамдардың биологиялық алғышарттарымен байланысты түсіндіруге бағыт береді. Бұл бағытты жақтаушылар саясатты ортақ игілік көпшіліктің мүддесі үшін жеке адамның өзіншілдік мінезін тізгіндеу мақсатында пайда болған дейді.

Психологиялық бағыт — адамның психологиялық қасиеттерінің саясат құбылысының түсініктеріне, сезімдеріне, данышпандығына байланысты дейді.

Конфликтік бағыт — Шмидтің пікірінше: саясаттың табиғаты әртүрлі топтардың мүдделеріндегі қайшылықтарға сілтеме жасап, тұтастықты сақтау үшін шиеленісуді реттеуге керектігін түсіндіреді.

Саясат деген не екенін қалай анықтауға болады? Ал саясат процесінің заңдылықтарын қалай табуға болады? Иә сонымен қатар бұл мүмкін бе, себебі кез келген шешім әр түрді жағдайларға әкелуі мүмкін ғой. Ең жалпы түрде саясат — *бұл мемлекет пен билік істеріне қатысуға бағытталған бұқараның, ресми және бейресми топтардың, жеке тұлғалардың өзара қызмет етуі*. Саяси қызмет қоғам алдында оның даму жолында тұрған маңызды мәселелерді шешуге бағытталған болады. Бәріне белгілі, әр түрлі әлеуметтік қабаттардың өзінің артықшылықты қызығушылығы бар, қоғам қозғалысының әр түрлі стратегиясын ұсынады. Саяси аренада осы қызығушылықтардың өзара қызмет етуі мен әлеуметтік эволюцияның қолданбалы бағыттарын өңдеу болады.

Саяси өмір кез келген уақытта әр түрлі қоғамдық институттардың өзара қызмет ету мен өзара әсер етудің күрделі құрылымын қамтыйды. Саяси процестің қатысушыларының алдына қойатын

мақсаты дін, өсиет пен экономика мақсаттарынан өзгеше келеді. Саяси қызметтің негізгі бағыттылығы — билікті ұйымдастыру мен оның іс әрекетіне қатысу. Мысалы Чернобыльдік апат ақыры көптеген аумақтар қоғамы атом электростанциялары құрылысын тоқтатуды талап етуіне әкелді. Семей полигонындағы жарылыстан кейінгі апаттар туралы білген халық наразылығын білдірді, олар биліктен ядорлық қаруды сынауды тоқтатуға мәжбүрледі. Үкіметтің экология мәселелеріне немқұрайлы қарауы сайлаушылар жағынан сенімдіктен айырылуына әкелуі мүмкін.

Саясат үшін әсіресе сезімтал болып экономиканың тұрақты дамуы болып табылады. Өмір деңгейінің анағұрлым төмендеуі, инфляция, салықтардың жоғарғы деңгейі мен жұмыссыздықтың өсімі көбінесе саяси жүйедегі өзгерістерге бұрылады. Саяси жүйе әлсірейді.

## *2. Саясаттың негізгі функциялары*

Жеке және топтық қызығушылықты гармонизациялау негізінде барлық қоғамның қызығушылығын біріктіретін жалпы еркіндікті табу мен қалыптастыру;

– барлық әлеуметтік топтардың өзара қызмет етуі мен байланысын қамтамасыз ету;

– саяси әлеуметтану — мемлекет істеріне қатысуға кең бұқараны тарту;

– барлық қоғамдық күштердің институционализациясы мен интеграциясы, яғни, қоғам ішіндегі байланыстарға ұйымдастырушылық және басқарушылық мазмұн беру;

– нақты бір әлеуметтік бағдарламалар құрылатын реалдарды талдау мен даму перспективаларын болжамдау;

– мемлекеттің тиімді функционалдануы мен оның барлық органдарының қызметін қамтамасыз ету;

– қоғам алдында тұрған маңызды мәселелерді шешуге арналған қажетті ресурстар мен халықты мобилизациялау.

Бұл қасиеттер бірін бірі толықтыра отырып, өзара тығыз байланысты болып отырады.



Саяси қызметтің екі жағы бар: концептуалды-теоретикалық және тәжірибелік. Концептуалды-теоретикалық жағы қоғам дамуының стратегиясын қалыптастыру мен болжамдау, талдау, идеялық негіздерді ұйғарады. Тәжірибелік жағы мемлекетті басқару бойынша жұмыстар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу, барлық жақтардың қызығушылығы есебімен және т. б. дау жанжалдарды шешу бойынша әрекеттер. Саяси тәжірибе теоретикалық талдауға сүйенуі қажет және мақсатты мазмұнда болуы тиіс, әйтпесе, ол қорғау қызметі жұмысына ұқсап қалады: бірінің соңынан екіншісінің түсуі болатын өткір оқиғаларды ілтипатқа алу. Саясатта осындай тәсілдер тиімсіз және қауіпті деп есептеледі немесе басқарусыздық көңіл күйін тудырып, болашаққа сенімсіздікпен қарау мен реттелмеушілікті оятуы мүмкін.

Саясаттың негізгі түрлеріне жатады:

I. Қоғамның негізгі сфералары:

- мәдени;
- экономикалық;
- әлеуметтік;
- ұлттық;
- экологиялық;
- демографиялық;
- аграрлық;
- техникалық;
- әскери;
- халықаралық;

II. Қызметтердің маңыздылығына қарай:

- «ашық есік» саясаты;
- нейтралдық саясат;
- «үлкен адым» саясаты.

III. Әсер ету объектілеріне қарай:

- ішкі;
- сыртқы деп бөлінеді.

Саясаттың түрлері негізінен екіге бөлінеді: ішкі және сыртқы. Ішкі саясат мемлекеттің, қоғамдық саяси ұйымның, саяси басшылықтың қоғам ішіндегі саяси әрекетінің процесінің негізі.

Ішкі саясаттың негізгі бағыты билік қатынастарын қалыптастыру, билік жүргізу, биліктің қолданыстарын ұйымдастыру, біріктіру,

жетілдіру болып табылады. Ол қоғамның нақтылы кезеңіндегі даму мүмкіншіліктерін әлеуметтік күштердің ара салмағын ескере отырып жақын арадағы, келешектегі мақсаттарын белгілейді. Оларға мыналар жатады: саяси мақсаттарға жету үшін ұйымдардың, әлеуметтік күштерді ұйымдастырудағы тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау; сол мақсаттарды шешуге қолынан келетін мамандарды дайындау. Сонымен, ішкі саясат — мемлекеттің ішкі функцияларын реттеп отырады. Сыртқы саясат — мемлекеттің жалпы саяси жүйесін халықаралық дәрежеде ең алдымен өз мүддесін қорғау үшін жүргізген жұмысы, басқа елдермен, ұлттармен қарым-қатынас орнату. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- достық қарым-қатынас орнату;
- сауда қарым-қатынастарын орнату;
- экономикалық қарым-қатынастарды орнату;
- әскери қарым-қатынас орнату.

Жалпы алғанда дамыған ішкі саясат, дамыған сыртқы саясатты қамтиды және бір-бірінсіз болмайды. Жалпы алғанда саясат қоғамның өмір сүруін ұйымдастыру, реттеу үшін қажет.

Саясаттың негізгі мәселесі — билікті қолға алу, ұстап тұру, пайдалана білу. Қазіргі жағдайларда міндетті түрде адамдардың аса маңызды мұқтаждықтарын анықтап, оларды әртүрлі жолдармен қадағалып шешу болып табылады. Жалпы, саясат қоғамдағы құбылыс деп айтуымыздың өзінде де үлкен мән жатыр. Адам саясатпен араласпаса да, саясат адам мен әрқашан бірге болып, қабаттаса жүріп араласады. Адам — саяси жануар, жәндік. Аристотель көрсеткендей қандай болмасын қоғамда адам мен саясат қатар жүрген. Саясат ешқашан тұрақты болған жоқ, ол әр кезде өзіндік уақытта өзгеріп отырады. Қоғамның, заманның өзгеруіне сай, адам баласының сол ортаға қалыптасуының өзі осы саясат тұрғысынан жекелеген немесе қоғамдық жағынан көріп, ғылымды оқу барысында білеміз. Міне, бұл саясатты қоғамдық құбылыс ретінде алып қараудағы бірден бір кепіл. Қоғамсыз адамзат болмайды, ал адамзатсыз қоғам, орта болмайды. Ендеше, саясатсыз қоғам болады деу болмас. Әрине, қоғам — саясат, саясат барлық қоршаған орта, халықаралық тұтастық болып саналады.

### 3. *Саяси Өмір және саяси Ғылым тілі*

«Саяси өмір» терминін ХХ ғасырдың 50-ші жылдарының ортасында Д. Лейн ұсынды. Ол саясаттың құрылымдық және тұлғалық аспектілерін біріктіреді. Саяси өмірдің өзегі құрылым, институттар және саясатқа еліктірілген адамдар қызметінің өзара қызмет етуі болады. Саяси өмір көптеген қоғамдық институттардың байланыс орны болып табылады, ондағы тұрақтылық пен ресмилікті партиялар, қозғалыстар және басқа да ұйымдар жасайды. Саяси ортаның басқа да қоғамдық салаларға әсер бар: экономика, білім, ғылым, мәдениет және әдебиет. Саяси өмір әртүрлі адамдардың қатысу формалары мен саяси процеске байланысты қарым- қатынастардың өзара қызмет ету нәтижесі мен сферасы болып табылады.

Саяси өмірдің өзі көптеген факторлардың әсерінде: мемлекеттің экономикалық жағдайы, халық құрамы мен саны, аймақтық, минералды және су ресурстарының болуы, техникалық даму, қоғамның дамуы, қоғамдағы этникалық және әлеуметтік бөліну, дін, адамдардың ментальді құрылымының ерекшелгі және т. б. Осы барлық факторлар саяси жүйе мен қоғамның бірлігінің тұрақтылығына әсер етеді. Саяси өмірдің динамикасы мемлекет жетекшісі жүргізіп отырған саясатқа тәуелді.

#### ***Саяси ғылым тілі.***

Әр бір ғылымның өзінің тілі бар, оның көмегімен зерттеліп отырған аяны мазмұндауға мүмкіндік береді. Саясаттану өзінің тілін жасады, үнемі жаңа түсініктермен толықтырып отырады, ол осы ғылымының белсенді дамуына үлес қосады. Әрі қарай біз барлық курс ағымында қажетті болатын ең маңызды терминдерді айтып береміз.

Осылайша, саяси өмірде келесі терминдерде мәні ашылатын көптеген ақиқаттар қалыптасады:

Саяси қарым қатынастар — мемлекеттік биліктің қорғаныс құралдары және соңғыларды жүзеге асыру сияқты барлық қызығушылықтары үшін міндетті түрдегі және жалпы мәселесі бойынша қоғам мүшелерінің арасындағы байланыс пен өзара қызмет ету.

Саяси қызығушылықтар — белгілі бір саясаттағы әлеуметтік топтардың түбегейлі сұраныстары және саяси құрылымдарда

оларды жүзеге асыру құралдары. Саяси қызығушылықтарды саяси мақсаттардан ажырата білу қажет.

Саясаттағы мақсаттар — саясаттағы іс әрекеттерден күтілетін нәтижелер. Мақсаттарды жақын, аралық және соңғы деп бөлуге болады.

Саяси құралдар — қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі әдістер мен тәсілдер. Саяси іс-әрекет көпшілік арасында акциялардың сайлауға қатысуын, көтерілістерді, қарулы бүліншілікті және т. б. бар құралдардың үлкен арсеналын білдіреді. Құралдардың таңдалуы көптеген себептерге тәуелді болады (әсіресе, мәдени тәртіп, сендіру, белгілі ресурстарды меңгеру). Көптеген ойшылдар мына сұрақтар туралы ойлаған: шекараны, осы немесе басқа құралдардың қолданысына өткізуге бола ма? Оған қол жеткізу кезінде адамгершіліксіз әдістерді қолданудың ұлы мақсаттың орнын толтыра ала ма? Адамның саясатты өлшеуі осы құралдармен ақталған көз қарасқа сүйенуді талап етеді. Мемлекеттік қызметкерлер мызғымайтын өнегелі нормаларға сүйене отырып өздерінің мақсаттарына жетудегі тиімді әдістерді табуылары тиіс. Саясат онымен айналысатын адамдардан ойдың үлкен иілімелігін талап етеді, ол өзгермейтін біржола берілген ережелерді білмейді.

Г. Плехановтың ойы бойынша саясатта өзгермейтін және біржола берілген ережелер шарасыз және тез арада жеңіліске алып келеді.

Саяси институттар — бұл қоғамдық маңызды функцияларды жүзеге асыруға бағытталған адамдардың ресми немесе бейресми ұйымдастырылған бірлестігі. Саяси институттарға мемлекет, оның мекемелері, саяси партиялары, қоғамдық қозғалыстары, лоббистік топтары және т. б. жатқызады.

Саяси құндылықтар — адамдар мен олардың саяси қызмет шеңберінде мойындалатын өнелегі идеалдар және нормалар.

Біздің өмір — ол театр және біздің барлығымыз ондағы әртістерміз деген сөзді барлығы біледі. Бұл саясат әлеміне де өзекті мәселе. Саясатты ішпыстырарлық және бірқалыпты деп ойлайтын адамдар өте терең қателеседі. Саяси театрдың сахнасында адамдар ампуаны есті қолдай немесе ауыстыра отырып, өздерінің қызығушылықтарын ынтамен жақтай отырып, немесе шеберлікпен жасыру

сияқты көптеген рөлдерде ойнайды. Ал көбісі өздері білмей, осы әрекеттің қатысушылары болып табылады.

Саяси процестің шеңберінде көптеген компоненттердің өзара қызмет етуі болады: адамдар, ұйымдар, идеялар және бағдарламалық қойылымдар, іс әрекеттер, қатынастар. Саяси қызметке қатысушылардың арасында әлеуметтік топтарды, қоғамдық бірлестіктерді, арасында тек саяси қызметкерлер ғана емес, сонымен қоса, олардың іс әрекеттері мен сенімдерінің бірқатар себептері саяси өмірге ықпал ететін басқа да тұлғалары бар адамдарды айтуға болады. Шіркеу рөлі және көптеген елдердің (Таяу Шығыс, Латын Америка) қоғамдық өмірінде олардың жеке өкілдерінің рөлі белгілі екенін білеміз.

Саясат объектілері — белгілі адамдар, сонымен қоса саяси процесс шеңберінде қызмет бағытталған саяси ақиқаттың пайда болуы.

Саясат субъектілері — саяси процестегі, оның шеңберіндегі өз қызығушылықтарын айтатын жүзеге асыратын белсенді қатысушы тұлғалар. Субъектілер ретінде жеке адамдарды, әлеуметтік және этникалық топтарды, барлық мүмкін ресми және бейресми бірлестіктерді және т. б. қарастыруға болады.

Бір ғана адам саясаттың объектісі де субъектісі бола алады. Бірінші жағдайда саяси қызмет оған бағытталған, екінші жағдайда — тек сол саяси қызметті жүзеге асырады. Сонымен қоса, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік мекемелер, жалпы мемлекетті объекті ретінде және саяси субъектілер ретінде көрсетуге болады. Мысалы, саяси партия оған мемлекеттік мекемелер немесе азаматтардың қызметтері бағытталған кезде, объект болып табылады.

Саяси ресурстар — ол саяси процесс шеңберінде қолданылатын материалдық құралдар және рухани өмір элементтері. Сол немесе басқа ресурстарды қолданусыз саяси өмір субъектілерінің алдына қойған мақсатқа қол жеткізу мүмкін емес. Мысалы, теледидар, радио және газет көмегінсіз саяси көшбасшылар компания сайлау кезінде өздерінің идеяларын көпшілікке жеткізу мүмкін емес болушы еді. Жалпы саяси ресурстарды үш түрге бөледі:

1. Адамдық ресурстар. Адамдардың үлкен топтары, әдетте, саяси қызметке тікелей тартылған болып табылады.

2. Рухани ресурстар. Оған идеялық мойындау, жалпы бағдарламалық мақсаттарды қабылдау және оларды саяси үрдістің барлық қызмет етуші тұлғаларына жеткізу.

3. Материалдық ресурстар. Материалдық ресурстар дегеніміз — ол өзінің құрамына қаржылық, ақпараттық құралдарды, әр түрлі мақсаттағы белгілі бір заттарды немесе материалдарды жатқызады. Ол байланыс каналдары, энергетикалық, азық-түліктік және басқа да ресурстар болуы мүмкін.

### **Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. Саясат дегеніміз не? Оған өз анықтамаңызды бере аласыз ба?

2. Сіз саяси өмір әр тұлғаға қаншалықты ықпалын тигізеді деп ойлайсыз? Сіз саяси өмірге қатысасыз ба?

3. Сіздің ойыңызша саясатта мақсаттар мен құралдар қалай ара қатыста болады? Сіз «мақсат құралдардың орнын толтырады» деген оймен келісесіз бе?

4. Саясаттағы объектілер мен субъектілерді ерекшеленудің маңыздылығы неде?

5. Қоғамдық дамудағы саясаттың рөлі қандай?

6. Саясат және құқықтың өзара байланысы

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Саяси ойлар тарихындағы саясат мәселесі

2. Саясат және мораль

3. Саясат және дін

4. Геосаясат және дін

5. Саясаттың басқа қоғамдық өмір орталарымен байланысы.

## 5-ТАҒЫРЫП.

### ӘЛЕУМЕТТІК-ЭТНИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР ЖӘНЕ ҰЛТ САЯСАТЫ

1. Ұлт мәселесі және оның құрылымы.
2. Ұлттық саясат. Ұлтаралық қатынастар саясаттың объектісі ретінде.
3. Қазақстан халқы этно-саяси қауымдастық ретінде

#### *1. Ұлт мәселесі және оның құрылымы*

Ұлт деп жер, тіл, экономикалық қатынастар, мәдениет ерекшеліктері мен психологиялық құрылымының ортақтығы негізінде қалыптасқан адамдардың тарихи әлеуметтік-этникалық бірлестігін айтады.

Әлеуметтік аспект ұлтты өндірістік қатынастармен байланысқан қоғамдық таптардан тұратын әлеуметтік-экономикалық тұтастық етіп танытады. Ол белгілі бір жүйенің ұлттарында қандай ортақтық бар, оларды өзара, шын мәнінде, не жақындастарып, туыстастыратындығын білдіреді. Ұлттың құрамында тіл, жер, ұлттық сана-сезім, мәдениет этникалық аспектіні көрсетеді. Ол арқылы біз ұлттардың бір-бірінен қандай ерекшелігі бар екендігін, қалайша ажыратылатындығын білеміз.

Этнос белгілі бір сыртқы түр-келбеттің ортақ белгілері, сондай-ақ біршама қалыпты мәдениет және тіл белгілері, мінез-құлық, қоғам және басқа ұлттар мен нәсілдерге ұқсайтын адамдар тобының тарихи қалыптасқан бірлестігі, одағы. Этностың сипатын, қатынасын көрсететін және басқа этностардан ажырататын белгілері: тіл, халықтық өнер, әдет-ғұрып, дәстүр, қалыптасқан тәртіп, дағды, яғни ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдениет компоненттері. Бұлар өзіндік ерекшеліктері бар этностық мәдениетті құрады. Этностың белгісі-мәдени құндылық.

Сонымен этностың негізгі белгілеріне тіл, өнер, әдет-ғұрып, мәдениет, т. б. бірлігі жатады. Олар жиынтығында белгілі этникалық

мәдениетті құрады. Әдетте этнос территориялық және экономикалық бірлік негізінде құралады.

Қазіргі ұлттар — дамыған капитализмнің жемісі. Ал тайпа, халықтық этностр қазіргі ұлттар қалыптасқанға дейін пайда болған.

Қазіргі заманғы ең негізгі этностық топ — ұлттық топтасу. Ұлт дегеніміз территория бірлігі, тіл бірлігі, мәдениет бірлігінен көрінетін психикалық кейіп бірлігі және экономикалық өмір бірлігі негізінде тарихи қалыптасқан адамдардың тұрақты қауымдастығы. Халықтық этнос құлиеленуші және феодалдық қоғамдарға тән қауымдастық еді. Оның негізгі белгілері территория, тіл және психикалық кейіп бірлігі болды, бірақ корольдік, князьдік, хандық-сұлтандық сияқты толып жатқан ұсақ феодалдық қауымдастықтардың арасында тұрақты экономикалық қарым-қатынас, бірлік болмады, сондықтан бытыраңқы шаруашылық негізінде ұлттық қауымдастық қалыптаса алмады.

Тек капитализмнің тууы мен дамуы ғана ұлттың пайда болуына жағдай жасайды. Ұлт — капиталистік дамудың жемісі. Ұлт феодалдық ыдыраудың және капитализмнің қалыптасуы дәуірінде әртүрлі халықтардың бірігуі нәтижесінде пайда болды. Бұл жаңа қатынас терең еңбек бөлісін, кең ауқымды және мықты экономикалық байланысты, т. б. талап етеді. Ұлттың қалыптасуында мемлекет маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Еуразияның екі аймағының — Орта Азия мен Сібірдің арасында орналасқан ірі мемлекеттің бірі. Түркі әлеміндегі қазақ халқының қалыптасуына негіз болған этногенетикалық туыстықтың тамыры көне дәуірден басталады. Қазақ халқын құраған Қазақстан мен Орта Азия шегінде біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген сақ, үйсін, қаңлы, түркі, түргеш, қарлұқ, оғыз, қимақ, қыпшақ, найман, арғын, керей, қоңырат, жалайыр, дулат т. б. көптеген ру-тайпалар еді. Қазақ халқының тамыры тереңде жатқан тарихи дамуының нәтижесінде XV-XVII ғасырларда оның қазіргі ұлттық аймағы қалыптасты. Қандай қиыншылықтар мен шапқыншылықтар болса да, қазақтар өз тілін, туып-өскен жерін сақтап қалды, этностық компоненттерді дамыта түсті.



## 2. *Ұлттық саясат, Ұлтаралық Қатынастар саясаттың объектісі ретінде*

Ұлт саясаты — қазіргі саясаттанудың аса ірі практикалық ғылыми маңызы бар құрамдас бөлімі. Бұл мәселенің кешегі ыдыраған КСР Одағынан шығып, тәуелсіздік жолына түсіп отырған жас мемлекеттер үшін де аса зор маңызы бар.

Осылардың бірі — Еуразияның нақ ортасына орналасқан, аумағында тілдері, мәдениеті, ділі, ғұрыптары мен діни нанымдары әртүрлі ұлттар мен нәсілдердің өкілдері тіршілік жасап, қоян-қолтық еңбек етіп жатқан ел — егеменді Қазақстан. Айта кететін нәрсе, КСРО-ның ыдырауымен оның шеңберінде болған республикаларда ұлт мәселесі, ұлтаралық қатынастар ерекше, бұрынғыдан басқаша, айрықша сипат алып отыр. Бұл — бұрынғы кеңестік Республикалар арасында ең көп ұлтты, қазіргі ұлтаралық келісім мен бейбітшілік дәйекті сақталып келе жатқан Қазақстанда да солай.

Ұлттық саясат деп адамдардың ұлттық мұқтажымен өтеуге, ұлттық қатынастарды реттеуге бағытталған қоғамдық, ең алдымен әлеуметтік-құқықтық әрекеттердің ерекше түрін айтады.

Ұлт мәселесі мен ұлттық қатынастар қазіргі кезеңдегі өмір шындығының көптеген жаңалығы мен болып жатқан тұрлаулы өзгерістерді ескере отырып, терең талдауды талап етеді. Себебі, «Қазақстандықтар бұрынғы империяның көлеңкесіндегі құқықсыз өмірден түпкілікті және үзілді — кесілді бас тартты, әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономикасы және принциптік жаңа қоғамдық қарым-қатынастары бар өзінің күшті егемен мемлекетін құруға кірісті. Саяси жүйе мен мемлекеттік құрылыс түбірімен өзгеруде»

Ұлт мәселесіне бұрынғы таптаурын таным мен қатынас, оның бұрынғы қатаң түсініктемелері бізді енді қанағаттандырмайды, олар бүгінгі күннің талабына сай келмейді. Сондықтан бізге бұрынғыдан түбірінен өзге принциптік жаңа көзқарас керек.

Ұлттық қатынастар өмірдің бүгінгі болмысымыздың көп жақты саласы. Осыны ескере отырып, біз Қазақстандағы ұлтаралық қатынастардың кейбір саяси ерекшеліктерін ашып көрсетпекшіміз. Осыған орай бұл сұрақта төмендегі мәселелер талданады:

1. Саясаттанудың объектісі ретінде ұлттық қатынастардың мәні.

2. Қазақстандағы ұлт саясатының негізгі бағыттары, принциптері.

3. Ұлтаралық қатынастарды гармонизациялау және ұлтаралық келісім мен бейбітшілік.

Ұлт мәселесі дүниежүзілік құбылыс. Ол әлемдегі 4 мыңға жуық ұлттар мен ұлыстар, ұлттық және этникалық топтардың мүдделері мен болмысын бейнелейді.

Ғылыми мәселе ретінде бұл қоғам өмірінің күрделі құбылысы. Ұлттық қатынастар — қоғамдық қатынастардың құрамдас бөлігі. Жалпы алғанда күрделі, көп қырлы қоғамдық қатынастар жүйесінде ұлттық қатынастар жалпы адамзаттық, әлеуметтік пен этникалықтың тығыз бірлігін көрсететін, жүзеге асыратын ерекше бөлігі болып табылады.

Ұлттық қатынастардың мәнін талдағанда, оның тарихи өте ұзақ даму кезеңін бастан кешіретінін ескеру керек. Осыған байланысты атап өтетін жәй, қазіргі ұлттар — тарихтың қайталанбас, біртума туындысы, әдетте ұзақ табиғи-тарихи дамудың, әсіресе өрлеп келе жатқан капитализмнің өнімі, нәтижесі. Дегенмен, «ұлт», «ұлыс» деген ұғымдар қазіргі мағынасындағы ұлттар қалыптасуынан көп бұрын шыққан да, әуелгі кезде ортақ мәдениеті, тілі мен психологиясы бар тайпаларды, халықтарды білдірген, бейнелеген, біріктіріп көрсеткен.

Ұлттық және ұлтаралық қатынастар әртүрлі этностарға, ұлыстарға (ұлт, халықтық, этникалық топ) жататын адамдардың өзара қарым-қатынастарын білдіреді, сол қатынастардың көрсеткіші болып табылады.

Айта кететін жәй, кеңестік қоғамда ұлттық және ұлтаралық қатынастар мүдделердің жаппай мамыражайлық, үйлесімділік аясы ретінде қарастырылып келді, Бірақ өмір мұның мүлдем басқаша екенін көрсетті. Бұрынғы КСРО халықтары арасында кейінгі жылдары ұлтаралық оңшаулану, алауыздықтар мен жанжалдардың асқыну фактілері орын алды, соның нәтижесінде бұл саладағы бұрынғы мұраттар мен түсініктердің талқаны шықты, қазір бұрынғы көршілік татулықты, достықты және ізгі қарым-қатынастарды қалпына келтіру үшін орасан зор күш-қуат, қайрат-жігер жұмсау керек екендігі анықталып отыр. Өткенді, өзіміздің тарихымызды ой елегінен өткізе талдай отырып, ұлттық саясаттың жалпыадамзат-

тың негіздері мен принциптерін қасаңғы методологиялық таптың тұрғыдан бұрмалауды, ұлттық мүдделері мен сұраныстарды ескермеу, елемеу, жаппай қысымшылық, әсіресе халықтарды атам заманнан орын теуіп, тіршілік еткен жерінен қуат, басқа республикалар мен аймақтарға тұтастай көшіру мен сорақылықтар көп ұлтты мемлекет халықтарына көптеген бақытсыздықтар мен азаптар әкелгенін, сөйтіп олардың адам айтқысыз зардаптар шеккенін айтпаса болмайды.

Қазақ, халқының да бұл тұста көрген зәбірі, қайғы-қасіреті аз болған жоқ. Қоғамтанушылар, тарихшылар мен демографтар жүргізген алдын ала талдау қазақ этносының қатты қырғынға ұшырағанын және адам саны жағынан өте ауыр шығын шеккенін көрсетіп отыр. Кеңестік қоғамды құру жылдары қазақ халқы 2 млн, 200 мың адамын, яғни халықтың 40 процентке жуығын жоғалтты.

Айта кететін жәй, кеңес өкіметі жылдарындағы ұлтараллық қайшылықтар мен жанжалдар халықтардың әртүрлі экономикалық, саяси, аумақтық, мәдени, рухани, жағырапиялық, кешіп -қону жағдайларына байланысты қалыптасқан өрескел бұрмалаушылықтар әміршіл-әкімшіл басқару жүйесінің тарихи дамуына негізделген болатын. Тоталитарлық мемлекетке айналған ҚСР Одағында әртүрлі халықтардың мүдделер теңдестігінің бұзылуына үнемі жол берілді. Әміршіл-әкімшіл жүйе мен диктот ресубликалардың экономикалық, әлеуметтік дамуы мен рухани өмірін мүгедектік жағдайға жеткізді, осының нәтижесі — біржақты, шикізат өндіруге бағдарланған және халықтың қажеті мен сұраныстарын қанағаттандыруға бейімделген экономика, ақылға сыймайтын шаруагерлік және табиғи ресурстардың болашағын ойламай ысырапты пайдалану, көшіп-қону және демографиялық процестер барысымен байланысты ақылға сыйымсыз мәселелер, әлеуметтік мүдделердің асты етілуі, ұлттық тілдер мен мәдениеттердің дамуындағы орны толмайтын олқылықтар мен ұтылыстар болды. Осының бәрі ұлттық санада өшпес із қалдырды, реніш пен ашу-ыза сезімін тудырады және оны өршітті. Бүгінгі ұлтаралық кикілжіңдер мен жанжалдар негізінде көп жағдайда күні кешегі белгілі бір ұлттар мүдделеріне жасалған қысымшылықтар мен қиянаттар жатқанын айту керек.

Осындай тәуелсіздік жолына түсіп отырған көп ұлтты Қазақстан алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі азаматтық келісім мен

ұлтаралық татулықты нығайту және оны барған сайын тереңдете беру болып табылады. Осыған орай, бүгін өмір өтпелі кезеңге лайықты ұлт саясатының принциптік жаңа тұтастай тұжырымдамасын жасауды талап етіп отыр.

Ал бұл ұлттық-этникалық фактордың көп ұлтты Қазақстан үшін маңызы мен атқаратын рөлін, қоғамымыздағы ұлттық және ұлтаралық процестерінің күрделілігі мен қайшылықтылығын шын мәнінде терең ұғынбай мүмкін емес. Оның үстіне, ұлттық қатынастар әрқашанда әртүрлі экономикалық, тарихи, әлеуметтік-саяси және басқа факторлармен қабыса, аралас жүреді.

Өміршең, келешегі мол ұлт саясаты — бұл ұлт мәселесінің мәнін терең ұғынуға, шынайы өркениеттілікке, маңызды жалпы-адамзаттық принциптер мен адамгершілік өлшемдеріне, нормаларына негізделген саясат. Ол Республикада тұратын ұлттар мен ұлыстардың өзіндік сұраныстарын зерттеуге, олардың еркін дамуына қатысты Ата заңының ережелерін жүзеге асыруға тиіс және бұл салада пайда болатын шиеленістерді болдырмау үшін қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал туғыза алатын болуы керек. Көп ұлтты мемлекет — Қазақстан жағдайында азаматтық келісім мен ұлтаралық татулық, республикада тұрып жатқан барлық ұлттар мен халықтардың, өмір-лік маңызды мұраттары мен мүдделер теңдестігі қамтамасыз ету бұл саладағы саясаттың негізгі арқауы болуға тиіс.

Ұлттық әділеттілік бір ұлттардың өкілдері үшін өмірде ерекше қолайлы жағдайлар, артықшылықтар жасайтын, ал басқалары үшін, керісінше, мәдениетте, дәстүрде, тілде, т. б. мүмкіндігінше неше алуан кедергілер қоятын жөнсіз, қисынсыз практикамен сыйыспайды. Бұл біржағынан алғанда Қазақстанның аудандары, қалалары мен селолар тұрғындарының әр түрлі тіршілік және еңбек жағдайларына байланысты өмір сүретін әлеуметтік-аймақтық т. б. айырмашылықтарды іс жүзінде толық көлемінде ескеретін саясат жүргізу маңызды.

Ұлттық әділеттілік пен тең құқықтылықты жүзеге асыруда ұлттық-этникалық ерекшеліктерге, ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің мүдделеріне қатынасты мәселелердің бәрін де сыйластық қатынас ерекше сақтық пен көрегендік білдіру дәстүрін қатаң ескеру және ұстану ойдағыдай нәтиже береді. Бұл бүкіл республика халқының,

оның барлық ұлттарының өмірлік маңызды мүдделерін қорғайтын тәуелсіз Қазақстанның жаңа Ата заңы — Конституциясында өзінің көрінісін тапты. Онда адам, оның өмірі, бостандығы мен ажырамас құқығы ең қымбат қазына деп танылған. Сонымен бірге «азаматтарды кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салынады. »

Айта кетейік, Қазақстан республикасында мемлекеттік ұлттық саясат осында тұратын азаматтардың нәсіліне, ұлтына, тіліне, т. б. қарамастан теңдігі мен бостандығын толық және дәйекті түрде жүзеге асыруға бағытталған. Мұнда ұлттық шектелу мен оқшауланудан, шовинизм, ұлтшылдық және сепаратизм әрекеттерінен сақтану үшін ең сенімді тосқауыл қойылған.

Біздің ұлт саясатымыз дүниежүзілік қауымдастықта Қазақстан Республикасы тәуелсіз, демократиялық, зиялы және біртұтас мемлекет ретінде өз орнын табады деген тұжырымды негізге алады. Тәуелсіз Қазақстанның егемендігі-тарихи шындық. Бұл біздің мемлекеттілігіміздің түп қазығы. Сондықтан да шектелмейді және оның бүкіл жер аумағында қамтамасыз етіледі. Ұлттық егемендік пен мемлекеттілік және оның жер аумағы бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл екеуі халықтың аса маңызды сипаттамасы болып табылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы тарихи дамудың өте ұзақ, күрделі және әрқилы кезеңдерінен өткен өзін-өзі билейтін қазақ ұлты мемлекеттілігінің түрі болып табылады.

Этностық қауымдастықтың тіршілігі белгілі бір жер аумағы, табиғи-географиялық ортамен байланысты. Этнос және оның мемлекеттілігі белгілі бір мекен етіп игерілген жер аумағынсыз бола алмайды, онсыз ол ерте ме, кеш пе жойылып кетеді. Этникалық жер аумағы, белгілі табиғи-географиялық тіршілік кеңістігімен халықтардың тарихи ұлттығының, мемлекеттілігінің қалыптасуы, олардың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық, тарихи прогресс жолымен өрлеуі, дамуы өзара тығыз байланысты.

### 3. Қазақстан халқы этно-саяси Қауымдастығы ретінде

Елбасының Қазақстан халқына жолдауында атап көрсетілгендей, этностық дүрдаралықтың себеп-салдарын жойып, барлық этностық топтардың құқықтары бірдей болуын қамтамасыз ету-стратегиялық міндеттердің бірі.

Ескі саяси жүйені бұзып, тәуелсіз ұлттың мемлекетін орнату және қоғамның нарықтық қатынастарға көшуіне байланысты жаңа жүйе қалыптастыру міндеттері қоғамдағы этникалық процестерді дамытуға зор ықпал етуде этномәдени процестер осы заманғы қоғамға барынша жетекші рөл атқаруда. Этномәдениеттегі плюрализм Еуразиялық мәдениет, түркі және славян этномәдениеттерінің өзара іс қимылы, сондай-ақ ислам фундаментализімінің ықпал-әсері, қазіргі кезде айырықша маңызды болып отыр.

Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде Қазақстан Ресей империясына тәуелді басқа елдер сияқты езгінің астында болды. Ол патша өкіметінің отаршылдық саясатын одан әрмен жүргізді. Адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы — Кеңес халқын құрамыз деген желеумен орыстандыру саясатын жүзеге асырмақ болды. Тарихымыз аяусыз бұрмаланды. Тілімізден, дінімізден айырылып қала жаздап, рухани мәдениетіміз небір зобалаңды басынан кешірді.

Қазақстанға КСРО-ның барлық аймақтарынан ондаған, жүздеген мың, тіпті, кейбір тұтас халықтарды кіндік кескен жерлерінен айырып, жер аударып, «халықтар түрмесіне» айналдырды. Өз жерімізде өзіміз қырғынға ұшырап, өз жерімізде өзіміз қуғынға түстік. Сан мыңдаған жандар қырылып, сан мыңдаған жандар ата-жұртын тастап көшуге мәжбүр болды, орта жолда олардың көпшілігі қырылып қалды. 1916-1922 жылдары 900 мың қазақ түрлі қазаға ұшырады. 1931-1933 жылдары қазақтарды отырықшыландырамыз және республикада ұжымдастыру жүргіземіз деп, қолдарындағы малдарын сыпырып алып, елімізді адам айтқысыз ашаршылыққа душар еткізді. Соның нәтижесінде зұлматқа қазақ халқының 2,5 млн. адамы, яғни 52 %-ы опат болды. 200 мың адам қуғын-сүргінде шет жерге ауды. Отызыншы жылдарда 18 мыңдай қазақ ГУЛАГ арқылы өтіп, азап шекті. Сталиндік репрессия жылдарында мыңдаған қазақ

зиялыларын, ұлт мүддесін қорғаған аяулы да абзал азаматтарды «буржуазияшыл-ұлтшылдар», «халық жаулары» деп атып жіберді. Комсомолдық құрылыстар, тың игеру және т. с.с шығарып республикамызға орыс тілділерді үсті-үстіне төкті. Соның нәтижесінде қазақтар республика халқының жартысынан да азайып қалды. Қазақстан Республикасы егемендігін алғаннан кейін жағдай өзгере бастады. Аяулы ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді. Туған жерімізде бірталай өркенді өзгерістер болып жатыр. Солардың ішінде ең бастыларының бірі тату-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыз бар. Республика халқының жартысына жақыны орыс тілділер болғандықтан болар, Қазақ Республикасының жаңа Конституциясының 7-бабында «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Ата Заңның 14-бабында: «1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. 2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды»деп атап көрсетілген. (Бұл да сонда, 9-10 бет)

Елімізде этносаяси процестің негізгі субъектісіне мемлекет, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы, азаматтардың ұлттық-мәдени бірлестіктері, саяси партиялар мен қоғамдық-саяси ұйымдар жатады. Тіл туралы, иммиграция туралы заңдар қабылданды. Республикада әр түрлі ұлттық-мәдени орталықтар жұмыс істейді. 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Ол елдегі барлық этностардың мақсат-мүдделерін қорғайды, олардың дамуын жалпы саяси, мәдени және әлеуметтік мәселелерді шешу арқылы реттейді. Республикамызда әрбір азаматтың қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі ұйғаруға және оны көрсетуге не көрсетпеуіне болады. Әркімнің ана тілі мен өзінің төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас тілін, тәрбиені, оқуды және шығармашылықты еркін таңдап алуға құқығы бар. Қазақстанда қазір 130-ға жуық ұлттар мен ұлыстардың, этникалық топтардың өкілдері өмір сүріп жатыр. Олардың әрқайсысы өз ұлтының көркеюін қалайды, өз ана тілінде сөйлегілері келеді, өздерінің балаларын өз ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет-

тіне сай тәрбиелеп, баулығылары келуі-табиғи, заңды нәрсе. Сондықтан біз өзге ұлт өкілдерін кемсітпеуіміз, шеттетпеуіміз керек. Сайып келгенде, біз құрып жатқан құқықтық қоғамның ең жоғарғы құндылығы-адам. Мұнда оның қай ұлт-ұлысқа, дінге жататыны есептелмейді. Біздің міндетіміз-этникалық өзіндік өзгешеліктерді дамыту және Қазақстанның ұлттық-мәдени алуан түрлілігін сақтау. Сонда ғана еліміз ұлтаралық келісімі жарасқан, қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты аймақ болып, әлемде беделі артпак.

Қазақстанның өтпелі кезеңіндегі этникалық процестерің зерттелуі этностар арасындағы шиеленістің себептері мен сипаттарын, этностық қауымдастықтардың өзіндік ерекшеліктері бар талап тілектерін ескеру міндеті тұр. Ел басы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған стратегиялық жолдауына сәйкес жалпы қазақстандық патриотизм мен тәуелсіз ұлттық мемлекеттікті қалыптастырудағы оның атқаратын рөлін көтеру және даму болып табылады.

Жаңғыру жағдайындағы этникалық процестерді дамытудың басты принципі-өзге этностық қауымдастырудың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін тілі мен мәдениетін силау өндірісте, тұрмыста қоғамдық өмірге өзге ұлт өкілдеріне силастықпен қарау, этно мәдениетті дамытуға қамқор болу, ана тілінің тең құқылы пайдаланылуы, ұлт аралық қатынас тілін ерікті түрде менгеру, жалпы адамзаттық құндылықтарға еркін қол жеткізу десек те бүгінде этникалық процестерді әрі қарай дамытуға кедергілер жоқ емес. Қазақстан Республикасының президенті Н. Ә. Назарбаевтың атап көрсеткеніндей Қазақстан қоғамының жаңа дүние танымын қалыптастыру ісі әлі бастапқы кезеңде тұр. Жалпы алғанда біз дүние жүзілік із ашқан жолмен келе жатқанымызды түсіну керек.

Қазақстандағы этникалық процестер бүлкүнде өзіндік ерекшелігімен дамуда. Қазақстанда дәл кәзіргі кезеңде 130-дан астам ұлттар мен ұлыстардың, этникалық топтардың өкілдері өмір сүріп жатыр. Осы атамекеннің иесісі қазақ халқы Республикамызда басқа халықтардың басың қосып, оларға ұйытқы болып бір қоғамға топтастыруға тырысуда. Біз Қазақстан Республикасын мекендеуші әр халықтың санасында «Қазақстандық ұлт-жандылық», жалпы Қазақстандық мақтаныш, рухани сезімін оятып қалыптастыруымыз қажет. Әр этностың өкілі жалпы Қазақстанның гүлденуіне өз



үлесін қосуы тиіс. Сондықтанда біздің ұлттық саясатымыздың басты принципі — әр ұлт өкілдеріне құрметпен қарау, оларды шеттетпеу болып табылады. Біздің құқықтық мемлекетіміздегі ең басты фактор адам. Ол қоғамның ең жоғарғы құндылығы. Мұнда оның қай ұлт-ұлысқа, дінге жататындығымен санаспау керек. Басты міндет-этникалық өзіндік өзгешеліктерді дамыту және Қазақстан Республикасындағы ұлттық мәдени алуан түрлілігін сақтау. Сонда ғана еліміз ұлтаралық келісімі жарасқан, қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты аймақ болып әлемде беделі артпақ.

Қазіргі заманғы ғылымда этникалық мәселе қандай жағдайда?

Шетел ғылымында этникалық топ деп арнайы сана-сезімдегі, бірақ қандай да бір мәдени ерекшелігі болуы мүлде міндетті емес қауымдастықтарды атайды. Егер мәдени ерекшелігі бар болса, ол оның мәнін не этнос жасаушы факторы болғанынан гөрі топтың дамуының нәтижесін немесе қосымша тиімділігі болып табылатындығы туралы түсінік осыған барынша тән.

Этнос теориясының негізін салушы, бірден-бір жарқын этнолог С. М. Ширакогоров этносты «бір тілде сөйлейтін, дәстүрлі сақталған және құрметтелген салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар жиынтығына ие, өзі сияқты топтардан ерекшеленетін» адамдар тобы деп анықтама берген. Американдық ғалымы ДЖ. Бэнкс этникаға мәдениеттану арқылы қарауды қолдай отырып, этникалық топ мәдени қауымдастықтың сан алуан түрі арқылы айқындалынатынын көрсетті, бұл ретте мәдениет деп мінез-құлық үлгілерін, рәміздерді, институттарды, құндылықтармен адам қолымен жасалған қоғамның басқа компоненттерін ерекшелейді. Отандық этнологтар еңбектерінде кездесетін әр түрлі мәдениеттер көптеген қарым-қатынаста сәйкестілік тапқанына қарамастан, әр-бір нақты бейне теңдесі жоқ құндылықты жасайды деген идеяны ол да айтқан болатын. Яғни этностың өзіне тән ерекшелігі ерекшеленбейтін, тек кейбір жері ерекшеленетін арнайы элементтердің айырықша тұтасуы (композиция)ретінде байқалуы мүмкін.

Батыс антропологиясында сондай-ақ постсоветтік жаңғырту этнологиясында этникалықты анықтауда басты назар сана-сезімге, этникалықты құрастыруға мақсатты бағытталған қызметтерге аударылды. Біз үшін осы мәселе контекстіне зерттеу жүргізу ерекше маңызды. Этникалық-динамикалық катигория. Жаңғырту котолизі-

мінде (өзгеріс) халықтың тұрмыс жағдайы, оның психологиясы (этникалық констант болғанына қарамастан), оның мақсаты мен құндылығы өзгерді. Зерттеу мәселесі үнемі қолдан шығып кетердей әсер болады.

Этнопсихологтардың пікірінше, бұндай мәселеге халық өмірінде болатын күрт өзгерістер кезінде назар аударылады, ол кезде бұл оның санасындағы, мінез құлқындағы ұйымдастырудағы өзгерістерді байқай алмыз және ол барлық уақытта өзгеріссіз қалатынын шетке ығыстыратындығын, ненің түрі қалай өзгертіндігін тіркеп аламыз.

Жаңғырту теориясын қазіргі заманғы этнопсихологиялық зерттеулер алдында тек мәдени ғана емес, ментальдықта үстемдік сақталып отырғандығын, терең мақсатты істердің мазмұны ғана емес формасы да өзгеріп отырғаны туралы көрсетілуге тиіс ауыр міндеттер тұр.

Этникалық жаңғырудың бірден-бір теоретигі В. А. Тишков этникалық сәйкестікпен теңдестірілген этнос бұл бәрінен бұрын өмір сүрудің мәні емес, қалыптасу мен өзгеріс процесінің қайнар көзі, бірақ әлемде құрылған архетиптік алғашқы қондырғы емес.

Тіпті соншама үстірт және толық емес көзқарастарды талдау қазіргі ғылымда этникалықты зерттеу мен түсіндірудің құрығанда жалпы әдістемесі жоқ екенін көрсетті. Шамасы, мәселе бұл жерде ғылым дамуының ерекшеліктерінде ғана емес, зерттеу объектісінің өзіндік сипатында да болып отыр. Мәселенің мәнін Л. Н. Гумилев өте дәл айқындап берді. «Бізде кез келген этносты анықтаудың әлем бойынша нақты бір белгісі болмаса да этникадан тыс қалатын адам баласы жоқ. Барлық аталған белгілер (тіл мәдениет, идеология) этносты, анда-санда анықтайды, ал олардың жиынтығы тіпті ештеңені білдірмейді»

Халықтардың ұлттық өркендеуі ұлттық сананың көтерілуіне, этностардың тарихи өткеніне қызығушылықтың өсуіне әкелді. Ұлттық өркендеу тек ұлттардың өз салт-дәстүрлері мен өткеніне оралуы ғана емес, мәдениеттің жаңғыруы, оның болашаққа ұмтылуы.

Жаңа ұлтаралық процестердің орнығуына қоғамның діни белсенділігі артуының да ықпалы бар. Діни үкмет институттары мен қоғамдық өмір шешімдеріне әсер ете алады. Діни қайраткерлер ел Президенті жанындағы кеңес беру органдары (Қазақстан халықта-

ры Ассамблеясы) мен әкімшіліктерде (Кіші Ассамблея) іске араса алады. Қолдайтын не қарсылық білдіретін мүмкін болған өтініштер мен резолюцияларды қабылдайды, бұқаралық ақпарат құралдарында қандай да бір саяси жағдайға баға береді. Әр түрлі қоғамдық-саяси акцияларға (дөңгелек үстелдер, конференциялар т. б.), Республиканың барлық қалаларындағы қоғамдық өмірде болып жатқан маңызды жағдайлардың бәріне қатысады.

Қазақстан халықтарының жалпы ұлттық саналылығын тұрақтандыру және дамыту — Қазақстан халықтарының этносаяси және азаматтық қауымдастығын қалыптастырумен және дамытумен байланысты ішкі қарама-қайшылыққа толы, ең бір ұзаққа созылған әлеуметтік процес. Бұл процес Республиканың барлық азаматтарының ұлтына, мәдени-тарихи тәжірибесі негізіндегі діни көзқарасына қарамастан, бірлігі мен ынтымақтастығы сезімін жоспарлайды. Біздің мемлекетіміздің көп ұлтты құрамы ұлттың мәдениетіне, тұрмысына, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына сөзсіз өз таңбасын салады. Күнделікті өмірде әртүрлі ұлт өкілдері арасында көп ұлтты мәдениет қазынасына өзэрә қызығушылық күшейді, Қазақстан халықтарының діни болмысы мен санасында ортақ белгілер бірте-бірте пайда болады және дамиды.

## 6-ТАҒЫРЫП. БИЛІК САЯСИ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ

1. Билік ұғымы. Билік тұжырымдамалары.
2. Саяси билік және мемлекеттік билік. Билік легитимділігі.

### *1. Билік ұғымы. Билік тұжырымдамалары*

Билікті бұрыннан қоғамдық өмірдің берікті бастамасының санына жатқызған. Ол адамның басқа адамдарға қатынасының әмбебап түрі болып табылады.

Биліктің және бағыныудың қарым-қатынастың құрылымы әртүрлі қауымдыастықтарға сәйкес келеді. Жанұя, еңбек және әскери ұжым, көшедегі қозғалыстар, бір пікірлестер клубы — барлық жерде тұлғаның болуы қажетті, ол басқалараға қатынасы бойынша белгілі бір биліктік қарым-қатынастарға ие болуы керек. Саяси биліктің ерекшелігі өсиетті және жанұялықтан тікелей емес, қоғамдық аралықтық мазмұнды, адамдардың кең бұқарасын реттейді, әлеуметтік топтар арасындағы қатынасқа тиесілі ерекшілігінен тұрады.

Сонымен қатар, билік қабылданғанда ресми ережелермен сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін немесе ол әдет-ғұрып, дәстүр, берілген бірлестіктің қарапайым келісімдерінде негізделуі мүмкін және де құжатты нормалармен бекітілмеуі мүмкін. Бірінші жағдайда биліктің институтционализациясы туралы айтуға болады, яғни бекітілуі мен ресімделуі. Институтционализация биліктің қызметтілігін қамтамасыз етуге шақырылған арнайы аппараттың қалыптасуымен сипатталады. Белгілі бір саяси қызметкер немесе қол басшы билікті абсолюттандырады, ол адамдар мен әлемді тоталды жоғарылауына тырысқан кездегі сияқты тарихта белгілі көптеген оқиғалар бар. Дегенмен, ешқандайда билік абсолютті бола алмайды. Заңдар мен дәстүрлер, басқа адамдардың құқықтарын сыйлау бар және бір тұлғаның еркіне тәуелсіз объективті заңдары бар.

Билік қоғамдағы қатынастардың барлық деңгейіне сәйкес келеді, жанұя, мемлекет, ұжым белгілі реттейтін және бақылайтын

күштермен байланысты болып келетін құбылыс ретінде арнайы ғылымды зерттейді. Оны бұл салада — кратология деп атайды. Саясаттану тек биліктік қатынастардың саяси құрамымен байланысты қатынастармен айналысады. Саяси билік мемлекет аясында негізгі компонент болып табылады.

Қоғамдық қарым-қатынастарда биліктің жалпы сипаттамасы қандай? Билік — бұл басқару, адамдардың іс-әрекеттері мен қызметтерін бақылау және тарату мүмкіндігі, онымен қоса белгілі бір адами ұжымның басқа да ресурстары және материалдарын өкілетті тұлғамен басқару.

Билік адамдар арасында әлеуметтік топ және толық қоғам аясында қарым-қатынастарды реттеудің қажетті құралы болып табылады. Ол ресми немесе бейресми нормалардың болуын шамалайды, онымен қоса белгілі бір іс-әрекеттерге тыйым салады және рұқсат етеді.

Ережеге сай, қоғам аясында биліктік қатынастар ұзақ эволюциядан өтеді және барлық оның құрамдарындарында сипатқа ие болады. Кез келген мемлекеттің күрделі иерархиялық құрылымын, оның ішіндегі өзара қарым-қатынас жасау типтердің көптүрлілігін әр түрлі әлеуметтік топтардың сұраныстары мен қызығушылықтарына, қоғамның психологиялық және мәдени ерекшеліктеріне сәйкес келетін және ішкі және сыртқы қауіпті қатынастар бойынша өмірге қабілетті болатын билік құрылымының тиімді модельдерін іздеу нәтижесі деп есептеуге болады.

### ***Билік ресурстары.***

Қоғамдағы билік белгілі бір ресурстарға немесе көздерге сүйенуі керек. Мұндай ресурстар ретінде байлықты, әлеуметтік мәртебені, ұйымдық құрылымдарды, күштерді, ақпарат меңгеруді қарастыруға болады. Адам қоғам дамуының ерте кезеңдерінде физикалық күшке ие болу шешуші рөлді атқарған. Беделді немесе байлықты кейіннен биліктің басты көзі ретінде адамдар санай бастаған. Ал қазіргі кездерде білім және ақпарат басты ресурстар болып табылады. Сондықтан барлық мемлекеттер қазіргі кезде коммуникациялық каналдардың дамуына көп мән береді, ал ақпараттық ағымдардың әсері өзінің әсерімен қазіргі замандағы қарулануға ие. Сонымен, жоғарыда аталған билік ресурстарының барлығы маңызды болып қала береді.

Әдетте билік оның өмір сүруі және оған заңдылық мазмұны берілуінің орнын толтыруына мұқтаж. Билік легитимді болуға тырысады — яғни, халықпен қабылданған заңды болуға. Оған түрлі тәсілдер арқылы қол жеткізіледі. Бұрынғы кезде адамдар биліктің құдыретті тегінен болғанына сенген — оның сакральдығына. Монархтардың бас билігі басқарушы династияның ең жоғарғысы — құдыретті — жердегі билікті сипаттауы туралы бейнеге сүйенеді. Құдай — адамдардың аспандағы қорғаушысы мен әкесі, Патша — оның осы әлемдегі еркін білдірушісі. Биліктің негізделуінің басқа теориясы орта ғасырларда құдыретті болды. Егер, елдегі бар барлық сословиелердің қызығушылығын танытса, билік өкілетті деп саналды. Осылайша, үкіметтен халық кең қабаты арасында сүйеніш табуға тырысты.

Билік және басқару сияқты түсініктерді ажырату қажет. Олар өзара байланысты. Билік жалпы түрде объектінің субъектіге бағынуын мақсаттайды, ал басқару қойылған мақсаттарға қол жеткізу мен жүйенің тиімді қызметін ұйғарады. Сәйкесінше, билік тиімділігі объектінің жетекшінің еркіне бағыну қабілетінде және оның барлық ережелерінің орындалуында түйінделеді. Басқару тиімділігі алға қойылған мақсаттарға жетумен анықталады. Билік басқарудың қажетті факторы, оның қозғаушы күші, бірақ, өз бетімен қажетті нәтижелерге жетуді қамтамасыз ете алмайтын болып табылады. Тіпті, қолда асқан ресурстардың бар болғанымен бұрынғы диктаторлар айтқан мақсаттарының орындалуына қол жеткізе алмады. Бірақ, биліктің өкілеттілігінің болмауы сол сияқты ойластырылған және қажетті шешімдердің орындалмауына әкелуі мүмкін.

Саяси биліктің қоғамда жүзеге асуы барысында әртүрлі құралдарды қамтамасыз ете отырып пайдаланады. Ғылыми әдебиеттерде оларды биліктің ресурстары деп атайды. Ғылыми әдебиеттерде биліктің ресурстарын жалпы мынадай түрлерге бөлуге болады:

- экономикалық (материалдық қажеттіліктер);
- әлеуметтік (статусты өзгертуге арналған құралдар);
- күш ресурстары (әскер, қару-жарак, полиция);
- ақпараттық (білім және ақпараттық құралдар);
- демографиялық (адам ең негізгі әлеуметтік құрал).

***Биліктің объектілері мен субъектілері.***

Биліктік қарым-қатынастар екі жақ қатынасымен құрылады: басқарушы және бағынушы. Биліктің белсенді бастауын оның субъектілері бейнелейді — нақты адамдар, ұйымдар, мемлекеттік органдар, жалпы халық. Саяси элита және көшбасшылар үшін биліктік функцияны жүзеге асыру үшін, былайшы айтқанда, кәсіби міндет болып табылады. Екіншісі, биліктік қатынастардың енжар жағы билік объектілері болып табылады. Екі жақтың өзара қызмет ету мазмұнынан қажетті қоғамдық даму бағдарламаларын жүзеге асыру сипаты сипатталатын билік сәттілігіне тәуелді. Субъектілі-объектілі қатынастардың ерекшелігінен, билікті өзінің ниетіне сәйкес объектінің субъектіге бағынуын қамтамасыз ету қабілеті ретінде түсінік беруге болады.

### ***Биліктік қатынастардың типологизациясы.***

Билік түрлерінің типологизациясы қазіргі заманғы негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Әртүрлі зерттеушілер өздерінің түрлі классификациясын ұсынады және олар айырықшаланады және биліктің белгілі бір түрін ерекшелеу үшін негізделеді. Классификацияның көп таратылған түрінің негізіне енгізілген:

а) биліктің жүзеге асырылу аясы, осы негізбен экономикалық, саяси, идеологиялық, ақпараттық және басқа да биліктерді ерекшелеуге болады;

ә) әлеуметтік-экономикалық формация түрі (құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік және басқа да билік);

б) билік субъектісі мен объектісінің ерекшелігі (билік жеке және ұжымдық, мемлекеттік және мемлекеттік емес);

в) билік әдістері немесе объектінің субъектіге бағыну көздері мен себептері (көндіру, бедел, күштеу және т. б.).

Соңғы нұсқа саясаттағы ең даулы болып табылады. Әр түрлі ғалымдыр билік әдістері ретінде күштеу, мәжбүрлеу, ұстау, легитимді билік және т. б. айтады.

В. Ледяев объектіні субъектіге бағыну көзі негізінде биліктің алты түрін ерекшелеген: күштеу, мәжбүрлеу, ниеттену, сендіру, манипуляция.

Күштеу формасындағы билік субъектінің объектіге тікелей физикалық, психологиялық әсері немесе оның мүмкін қызметін шектеу арқылы ықыласты нәтижеге қол жеткізу қабілетінде қол жетілген.

Мәжбүрлеу биліктің формасы жағымсыз санкциаларды қолдану қауіпіне сүйенеді, яғни күштеу қаупі. Биліктің алғашқы екі формасы ұқсас келеді, алайда, олардың арасында айырмашылықтар бар. Күштеу адамды, оның еркіне қарамастан белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мәжбүрлейді, мысалы, оппозиция көшбасшысына наразылық акциясын жүргізуін, оны қамауға алу арқылы болдырмауы мүмкін. Мәжбүрлеу кезінде басқа механизм қолданылады: оппозициялық қызметкер өзінің ниетінен қысым көрсету нәтижесінде бас тартады.

Ниеттенуді қолдану кезінде мәжбүрлеуге қарағанда билік көзі сый беру, мысалы, объектіге құнды немесе қызмет көрсетуді ұсыну болып табылады.

Сендіру объектіні бағындыру үшін қолданылатын аргументтерге негізделген. Берілген жағдайда билік объектісі өзінің қызметі үшін субъектінің аргументін негіз ретінде қабылдайды.

Манипуляция бұл субъектінің жасанды мақсаты туралы ақпараттан айырылған объектіге жасырынды түрде әсер етуді жүзеге асыру. Манипуляция кезінде маңызды мәліметтерді жасыру, ақпаратты әдейі бақылау, дәрілер көмегімен жасырынды психологиялық әсер, гипноз, техникалық құрылғылар, бұқаралық ақпарат құралдарын жасыру әдістері қолданылады.

Бедел — бұл объектінің мінездеме, құрылым, мәртебе күшімен субъектіге бағыну кезіндегі билік түрі. Бағыну көзіне байланысты бедел персоналды (субъектінің жеке қасиеттеріне негізделген), дәстүрлі (әдет-ғұрыпқа сеніммен тұрғызылған) және ресми (субъектінің бұйрықтар беру билігі құқығының заңдылығына орынды сендіруді білдіреді) болады. Беделдің персоналды түрінде бірінші кезекте адамдардың жеке қарым-қатынасы тұрады, сондықтан, оған достық, сүйіспеншілік, таңдану сияқты адамдық қарым-қатынастар әсер ете алады. Дәстүрлі бедел оған қарағанда субъектінің қасиеттеріне тәуелді емес, керісінше, оның әлеуметтік рөліне тәуелді. Ана мен бала, жасы үлкен мен кіші және т. с. с. арасындағы қарым-қатынастар мысал бола алады. Ресми бедел заңды мойындалған тәртіпте тұрғызылады.



## *2. Саяси билік және мемлекеттік билік. Билік легитимділігі*

Саяси биліктің ерекшеліктері:

- ол адамдардың үлкен тобының мүддесін қорғайды, сол топтың қоғам экономикасындағы рөлі басым болады да қоғам сол тап мүддесі тұрғысынан басқарылады;
- қоғамдағы басшылық көбінесе сол топ өкілдерінің қатысуымен мемлекет арқылы, қоғамдық-саяси ұйымдар мен саяси лидерлер арқылы жүргізіледі;
- саяси биліктің ерекшелігі- арнайы басқару ісімен шұғылданытын ерекше кәсіби топтардың болуы.

Саяси билік қасиеттерінің бірі — оның ең жоғарғы, басты айқындаушы, шешуші күш ретіндегі ықпалы. Екінші қасиет-биліктің иерархиялық сипат алуы. Келесі қасиет-үстемдікті шоғырландыруға және монополизациялауға ұмтылу. Саяси билік қоғамда көбінесе мемлекеттік билік арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік билік саяси биліктің бір түрі. Оның ерекшеліктері: 1) белгілі бір территорияда ерекше аппарат арқылы жүргізілетін билік. 2) мемлекеттік билік өзінің күштеу аппаратына сүйенеді. 3) Мемлекеттік билік монополиялық сипат алады.

Саяси билік таптық, топтық жеке адамның саясатта тұжырымдалған өз еркін жүргізу мүмкіндігін білдіреді. Ал мемлекеттік билікке барлық адамдарға міндетті заңдарды шығаруға жеке-дара құқығы бар заңдар мен ұйымдарды сақтау үшін ерекше күштеу аппаратына сүйенетін саяси биліктің түрі жатады. Бұдан біз саяси биліктің мағынасының мемлекеттік биліктен кең екендігін байқаймыз. Себебі, біріншіден, саяси билік адамзат тарихының барлық кезеңдерінде болған. Мысалы, алғашқы адамдық қауым кезінде ақсақалдар кеңесінің, веченің (Ежелгі Русьтегі азаматтар жиналысының түрі), вече соттарының және т. б. билігі болды.

Екіншіден, саяси билік тек мемлекеттік аппарат арқылы ғана емес, сонымен бірге партиялар, кәсіподақтар, халықаралық ұйымдар (БҰҰ, НАТО және т. б.) сияқты саяси жүйенің басқа элементтері арқылы да билігін жүргізеді. Үшіншіден, мемлекеттік билік, жоғарыда көрсетілгеніндей, ерекше күштеу аппаратына сүйенеді

және оның билігіне қоғамның барлық мүшелері тегіс бағынады. Мемлекеттік билік саяси биліктің ең жоғары, ең толық, ең дамыған түрі, оның өзегі болып табылады.

Мемлекеттік биліктің заңдылығы оның легитимдігінен білінеді. Легитимдік (латын тілінде заңдылық, шындық деген мағынаны білдіреді) *дегеніміз халықтың үстемдік етіп отырған саяси билікті мойындауы, оның заңдылығымен шешімдерін растауы.*

***Саяси биліктің легитимдігі және биліктің бөліну принципі.***

Қазіргі дамыған демократиялық елдерде саяси биліктің тұрақтылығы оның легитимдігіне байланысты. Биліктің легитимдігі деп, оның заңдылығын айтады. Бірақ оның тек қана заңға сәйкестігі емес, сонымен қатар билікті қоғамдағы мүшелердің оны өз еркімен қабылдауы шарт. Ондай кезде қоғамдағы халық берілген билікке өз сенімін білдіреді және өз еркімен оны қабылдайды. Легитимдіктің диффузиялық түрі саяси биліктің идеялары мен принциптеріне ұзақ мерзімді қолдау көрсетіп отырады. Ал легитимдік биліктің негізгі демократиялық принципі легитимдіктің өзі болып табылады. Легитимді биліктің идеалды түрлерін М. Вебер талдаған. Ол легитимді биліктің мынадай үш түрін ажыратқан:

- дәстүрлі;
- харизматикалық;
- легальды-рационалдық.

Легитимдіктің түрлері

Сұрақтар	легальды-рационалдық	дәстүрлі	харизматикалық
1. Легитимділік типтері нені білдіреді?	Билеушілердің билігін заң негізінде, тәртіппен жүргізетініне сенімділік «Заң қатал, бірақ ол заң» деген қағидаға жүгінеді.	Дәстүрлі қалыптасқан тәртіпке деген сенімділік. «Бізге дейін бұл тәртіп болған бізден кейін де солай болады. Оны өзгертуге ешкімнің хақы жоқ» деген қағидаға сүйенеді.	Жеке тұлғаның лидерлік қасиеттеріне оның харизмасына қалтқысыз сену. « Мен Сіздерге айтамын » деген принципке негізделеді.

2. Басқару штабының сипаты?	Бюрократия		
3. Бюрократия мен элита арасындағы қарым-қатнас қалай болмақ?	Тұлғасыз қарым-қатынас	Тұлғалық қатынастар	
4. Бюрократияға элитаның басты қояр талаптары қалай болмақ?	Компетенттілік; Білім; Заңға бағыну парызы.	Қойылатын талаптардың бұрыннан қалыптасқан тәртіптерге негізделуі.	Басқарушыға қалтқысыз бағыну
5. Бұл типтерге тән ерекшеліктер қандай?	Тұрақтылық; Тұлғасыз қатнастар.	Биліктің тұрақтылығы; Биліктің персоналдылануы (патриархалдық, сословиелік әкімшіліктілік).	Биліктің тұрақсыздығы; Тұлғаландырылған билік.

Билік бөлу идеясы ең алғашқы рет жаңа дәуірдің кезеңіндегі ойшылдар ұсынды. Бұл идеяны қалыптастырушы ағылшын ойшылы Джон Локк және әрі қарай толық дамытқан 18-ғ француз ойшылы Ш. Монтескье болып табылады. Ол саяси биліктің бөлінуін мемлекеттегі биліктің бір қолда болмауымен және оның үш тармағымен түсіндіреді: заң, атқарушы, сот билігі.

Себебі билік бір ғана қолда болса, ол шектелмесе, өзі заң шығарса, жүзеге асырып және оның жүзеге асуын қадағаласа, онда ондай билік тиранияға айналады. Сондықтан қоғамдағы билікті жүргізуде билік тек қана бір органның қолында болуы мүмкін емес және де халық билікті өзі жүргізе алмайды. Билік жүргізу белгілі топқа, ұжымға, органға беріледі. Жан Жак Руссо халық суверинитеті идеясын көтеріп, биліктің түрлерін ажыратқан, ал үш билік сол бір тұтас халық билігінің көрінісі деп тұжырымдады. Заң шығарушы, атқарушы, сот жүйесіне бөліну қазіргі уақытта демократияның дамуы болып табылады. Үш өкіметтің біреуінің басым болып кетуіне кепілдік бере алады. Биліктің бөлуін бір-біріне мүлдем тәуелсіз автономды органдардың қолына бөлініп беріледі деп түсінбеу қажет.

### **Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. Биліктік қарым-қатынас мәнін анықтаңыз?
2. Басқа билік түрлерінен саяси билік құрылымының айырмашылығы неде?
3. Биліктің негізгі ресурстарын атаңыз.
4. Билік түрлерінің типологизация енгізу нұсқаларын тізіп айтыңыз.
5. Сіздің ойыңызша биліктің қай түрі әділетті және ақталған болып табылады?
6. Саяси билік пен мемлекеттік биліктің айырмашылығы қандай?
7. Қазақстан биліктің қандай түріне жатады?
8. Билік легитимділігі дегеніміз не?

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. М. Вебердің билік концепциясы
2. Саяси ойлар тарихындағы билік мәселесі
3. Билік легитимділігі
4. Билік қызмет жүйесі ретінде
5. Билік ресурстары, түрлері және процестері
6. Қазақстан Республикасындағы билікті жүзеге асыру механизмдері

## 7-ТАҒЫРЫП.

### САЯСИ ЭЛИТА ЖӘНЕ САЯСИ КӨШБАСШЫЛЫҚ

1. Саяси элитаның түсінігі мен қызметтері.
2. Саяси элитаның қалыптасу жолдары.
3. Саяси көшбасшылық табиғаты.

#### *Саяси элитаның түсінігі мен қызметтері*

«Элита» латын тіліндегі — *elitere* - талдау деген сөзден шықты; бірақ тікелей француз тіліндегі «*elite*» — тәуір, сұрыпталған, таңдалған деген сөзбен байланыста кең таралды. ХҮІ ғ. бастап бұл сөзді көпестер ең жоғары сапалы тауарларды белгілеу үшін пайдаланды. ХҮІІ ғ. ол кең мағынада пайдаланылатын болды. Оны «таңдаулы адамдарды, ең алдымен, жоғары мәртебелі адамдарды, сонымен бірге сұрыпталған әскери бөлімдерді» белгілеу үшін пайдаланатын болды.

Бұл ұғымды сонымен бірге генетика саласында селекцияда, тұқым туралы ілімде тәуір тұқымдарды, өсімдіктерді, жануарларды белгілеу үшін қолданылатын болды. Англияда, 1923 жылғы Оксфорд сөздігі бойынша, бұл терминді әлеуметтік иерархия белгілеу үшін пайдаланатын болды. В. Паретонның еңбектері шыққанға дейін элита ұғымы қоғамдық ғылымдар саласында ХІХ ғ. аяғында — ХХ ғ. басына дейін кең қолданылған жоқ. Бірақ бұл ұғымның мазмұнын анықтаған кезде оның этиологиясы, яғни шығуы, тек қана жәрдем беруші мағынада пайдалануы мүмкін. Сонымен «элитта» (төбе топ) дегеніміз не? Бұл мәселемен айналысатын ғалымдар бірқатар тұжырымдарды ұсынады. Олар кейде бір-бірімен қарама-қайшы келеді. Бұл пікірлердегі ортақ белгі — қоғам үшін төбе топтың қажеттілігін мойындау. Барлық басқа жақтарынан қарағанда олар көбінесе әртүрлі көзқарастарды білдіреді.

В. Парето элита ұғымын саясаттану саласына енгізді. Оның пікірі бойынша, «элитта» (төбе топ) — бұл өздерінің ықпалы мен саяси және әлеуметтік құдіретіне қарай жоғары орын алатын адамдар,

«аристократия (сөздің этимологиялық мағынасында: “aristos” — тәуір) ... оған кіретін көбісі айтарлықтай дәрежеде белгілі қасиеттерге — билікті қамтамасыз етуге — ие болып тұр».

В. Паретоның пікірі бойынша, элитаның негізгі айырмашылығы, — өзінің қызмет саласында ең жоғары бағаны алу. Бұл адамдар қабілеттерінің көрсеткіші өте жоғары. Ал басқа адамдардың көрсеткіші төмен деңгейлерді білдіреді. В. Парето қоғамды пирамида түрінде көрсетіп, оның ең төбесінде элитаны жайғастырады. Төменде жайғасқандардың ең дарынды өкілдері жоғары қарай көтеріледі, басқарушы элитаның қатарына қосылып, ал оның кейбір мүшелері нашарланып, деградацияға ұшырап, «төмен қарай түседі», бұқараның қатарына қосылып, осылай циркуляция түзеді. В. Парето басқарушылардың екі басты қасиеттерін ажыратады: сезіну шеберлігі, адамдардың сезімдерімен манипуляциялау және күшті қажетті жерде қолдану шеберлігі. Күш пен басқармашылық элитаның бүкіл тарих бойындағы үстемдік етуінің құралдары.

Саясаттану саласындағы төбе топ туралы анықтамалар бұл ұғымның көлемін әртүрлі түсінеді. Тар көлемдегі анықтаманы жақтаушылар төбе топқа тек қана мемлекеттік биліктің жоғарғы деңгейіндегі адамдарды жатқызады, кеңдеу көлемдегі анықтаманы жақтаушылар — басқарушылардың бүкіл иерархиясын жатқызып, оның құрамында жоғарғы, орта буындарын және бюрократиялық аппаратты ажыратады. Жоғарғы буын бүкіл ел үшін маңызды шешімдерді қабылдайды; орта буын — жеке аймақтар үшін, әлеуметтік қызметінің жеке салалары үшін, маңызды шешімдерді қабылдайды. Элитаның құрамы бөліктерін бір-біріне бағындырып, тәртіпке келтіру үшін С. Келлер «стратегиялық элиталар» ұғымын енгізді. Сонымен қатар «суперэлита» термині немесе элита жүйесіндегі элита ұғымы пайда болды. Төбе топтың төменгі құрамды деңгейлерін атау үшін «субэлиталар», аймақтық элиталар терминдері ұсынылады.

Ал, енді саяси элитаның ішінде басқарушы, оппозициялық және контр-элитаны ажырату керек. Оппозициялық элита белгілі саяси жүйенің шеңберінде билік үшін күрес жүргізеді, ал контр-элита бүкіл саяси жүйені өзгертікісі келеді.

Саяси элитаның негізгі белгілері элитологияның алдында болған ғалымдардың және оның негізін салған ойшылдардың еңбектерінде

анық көрсетілген. Мысалы, Ф. Ницше элитаны сипаттағанда, оны «Жердің қожайындары», «жоғарғы нәсіл — аристократия» деп атайды және оның ерекше белгілерін көрсетеді: олар өздерінің басқа адамдардан айырмашылығын біледі, өздеріне ұқсамайтын, қарсы тұрған адамдарды менсінбейді, өз-өздерін мадақтайды, олардың билікке бағытталған еркі күшті.

Г. Моска «Басқарушы тап» деген еңбегінде былай деп жазады: Азшылықты құраған жеке адамдар, басқарылып жүрген бұқарадан өздерінің қасиеттерімен айырықша болып тұрады. Бұл қасиеттер олардың материалдық, интеллектуалдық және моральдық та артықшылығын қамтамасыз етеді. Бұл элитаға құндылықтық көзқарасты дәлелдеудің түрі. «Басқарушы таптың басымды белгісі болып- көбінесе әскери батылдықтан гөрі байлық болып табылады, басқарушы адамдардың батылдығынан гөрі байлығы көзге түседі». Саяси элитаға кіру үшін жол ашатын үш қасиеттер болу керек. Г. Москаның пікірі бойынша — әскери ерлік, байлық, діндарлық. Кейін Моска нақтылау пікірін білдіреді: басқарушы тап ақыл-ойдың, байлықтың, қабілеттердің негізінде қалыптасу керек. Г. Моска саяси таптың билікті бекітуінің және өз-өзін жаңартуының үш тәсілдерін көрсетеді — бұл мұрагерлік, сайлау және кооптация. Бір жағынан, барлық саяси таптар мұрагер болғысы келеді, егер де-юре болмаса да, де факто тым болмаса басқа жағынан әрқашанда жаңа күштер шығады. Олар ескі күштерді ауыстырғысы келеді.

Осы беталыстардың қайсысы басымды болса, саяси таптың сипаты да соған байланысты болады. Егер бірінші беталыс басымды болса, онда саяси тап жабық және кристаллизацияланған болады. Ол азды-көпті түрде консолидацияланып, жабық тапқа айналғысы келеді. Бұл беталысты Г. Моска аристократиялық деп атайды. Егер екінші беталыс басымды болса, онда басқарушы топ жаңарып шығады. Екінші беталысты Г. Моска демократиялық деп атайды. Г. Моска үшін осы екі беталыстардың тепе-теңдігін білдірткен қоғам — ең дұрыс қоғам. Басқарушы тап үшін, белгілі тұрақтылық қажет, — дейді ол.

Р. Михельс элитаны «белсенді азшылық» деп атайды, А. Тойнби — «шығармашылыққа қабілеті бар азшылық» дейді. Осы сөздерден элитаның қасиеттері анық көрініп тұр: бұл белсенділік, шығармашылық, элитаның құрамына кіретін адамдардың санының аз

болуы. Соңғы белгі Р. Михельстің «олигархиялық беталыстың темір заңында көрсетіледі. М. Янг элитаның негізгі белгісі ретінде оның ақыл-ойының коэффициентінің 125-тен жоғары болуына және оның қабілеттерінің жоғары деңгейде дамуына назар аударады.

Саяси элиталарға келсек, олардың ашық және жабық болуын, монолиттік (біртұтас) немесе дифференцияланған болып бөлінетінін айтуға болады. Саяси элитаның бұл белгілері саяси тәртіпке ықпалын тигізеді. Мысалы, авторитарлық тәртіптердің саяси элитасы жабық және монолиттік болады, демократиялық тәртіптерде — ашық және дифференцияланған сипатта болады.

Саяси элитаның жалпы белгілері:

- бұқарадан өздерінің қасиеттерімен айрықшаланып тұруы (интеллектуалдық, моралдың, ұйымдастырушылық);
- артықшылықтарды пайдалануы;
- тұрмыс қалпының жоғары деңгейі, байлығы, мұнсыз өмір сүруі;
- билік жүргізу монополиясына ие болуы;
- таптар жүйесінен жоғары тұруы;
- өзінің құрамына кіретін талапкерлердің іріктеп алуын (рекруттеуін) қадағалауы.

Осы жалпы белгілермен бірге әр елде саяси элитаның ерекше белгілері болады.

Саяси элита біртекті емес, ішкі құрамынан бөлініп тұрады және түрлі тарихи кезеңдер мен түрлі елдерде айрықшаланып тұрады. Бұл жағдай және зерттеулік тұрғылардың ерекшеліктері оның жіктеуін күрделендіріп жібереді. Саяси элитаға тән белгілер:

1. Қоғамдағы үлкен әлеуметтік топтық қызығушылығына жауап бере алатын, нақты саяси бағдарламаға ие бола білу.
2. Адамдарға ұнай білу қасиетіне ие болу.
3. Саяси ерікке ие бола білу және кез-келген уақытта өз мойнына жауапкершілікті алауға дайын болу.
4. Өткір ой мен саяси интуиция.
5. Ұйымдастыра білу қабілеті.

Элиталардың арасында басқарушы, мемлекеттік билікке тікелей ие болып тұрған элитаны, және оппозициялық (контрэлитаны); ашық, қоғамнан іріктелініп алынатын, және жабық, өзінің ортасынан



қайта өндірілетін элитаны, мысалы, шаруаларды ажыратуға болады.

Элитаның өзі жоғарғы және орта элиталарға бөлінеді. Жоғарғы элита бүкіл мемлекет үшін маңызды шешімдерді қабылдауға тікелей ықпалын тигізеді. Батыс демократиясында тұрғындардың әрбір миллионына жоғарғы элитаның елу шақты өкілдерінен келеді. Ең жоғарғы элитаның ішінде оның өзегін ажыратуға болады. Оның саны — 200-400 адам. Олардың өзара байланыстары, әсерлесуі өте интенсивтік. Орта элитаға зерттеушілер ел жұрттың бес пайызын жатқызады. Оларды үш белгілеріне қарай ажыратады — табысына, кәсіби мәртебесіне және біліміне.

## *2. Саяси элитаның Палыптасу жолдары*

Элитаның әлеуметтік екендігіне, сапалы құрамына, кәсіби біліктілігіне және нәтижелігіне оның рекруттеу, яғни іріктеп алу жүйелерінің тигізетін ықпалы зор. Осындай жүйелер мына мәселелерді шешеді: кім, қалай және кімнен іріктеп алуды жүзеге асырады, оның тәртібі және өлшемдері қандай, селектораттың (яғни іріктеуді жасайтын тұлғалардың) шеңбері қандай және оның іс-әрекеттерінің қозғаушы ниеттері қандай.

Элиталарды рекруттеудің екі негізгі жүйелері бар; гильдиялық және антрепренерлік (кәсіпкерлік). Таза түрде олар өте сирек кездеседі. Антрепренерлік жүйе-демократиялық мемлекеттерде басым болып көбірек кездеседі, гильдиялар жүйесі — әкімшілік социализм елдерінде, бірақ оның кейбір белгілері Батыста, әсіресе, экономика мен мемлекеттік-әкімшілік саласында кең таралған.

Бұл жүйелердің әрқайсысының өзгеше ерекше белгілері бар. Осылай, гильдиялар жүйесіне мына белгілер тән:

1) Жабық болуы, биіктеу орындарға талапкерлерді негізінде элитаның өзінің төменгі сатыларынан іріктеп алу, жоғарыға ақырындап, келе-келе басып жүру. Мысалы үшін күрделі шендік сатыны, қызметінің иерархияның көптеген басқыштарынан ақырын биікке қарай жүруді ұйғаратынын келтіруге болады.

2) Іріктеу процесінің институцияландыруының жоғары деңгейі, көптеген институциялдық фильтрлердің болуы — лауазымды орындарға отыру үшін формалдық талапнамалар. Бұлар партияға қатысы, жас шамасы, білімі, басшылықтың берген сипаттамасы туралы талаптар болуы мүмкін.

3) Селектораттың үлкен емес, салыстырмалы түрдегі жабық шеңбері. Ереже бойынша, оған жоғарыда тұрған басқарушы органның мүшелері ғана немесе бірінші басшы — үкіметтің, фирманың басы және т. с. с. кіреді.

4) Кадрларды іріктеп алу және тағайындау басшылардың тар шеңберінде жасалады, ашық бақталастықтың болмайды;

5) Тіршілік етіп тұрған элитаның типін қайтады өндіруге беталыс. Бұл белгі алдағы белгілерден шығып тұр — көптеген формальдық талапнамалардан, лауазымды орынға жоғарғы басшылықпен тағайындалу, сонымен бірге осы ұйымның қатарында талапкердің көптен бері болуы.

Элиталардың іріктеп алуының антрепренерлік жүйесі кең жағынан гильдиялар жүйесіне қарама-қарсы тұрады. Оның мынадай айырмашылықтары бар:

– ашық болуы, алға шыққалы орындарды алуға қандай да болсын қоғамдық топтар өкілдерінің таласуына кең мүмкіндіктерді туғызу;

– формалдық талапнамалардың, институциялық фильтрлердің көп болмауы;

– селектораттың кең шеңбері, оған елдің барлық сайлаушылардың кіруі мүмкін;

– іріктеп алудың күшті бақталастығы, басқарушы орындарды алу үшін өткір бәсекелестік;

– элитаның құрамының өзгермелілігі, ол үшін тұлғалық қасиеттердің маңыздылығының бірінші орында болуы: жеке адамның белсенділігі, кең аудиторияның қолдауын табуға, оны сүйкімді идеяларымен және бағдарламаларымен өзіне тартып алуға шеберлігі.

### 3. Саяси көшбасшылық (лидерлік) табиғаты

Көшбасшы (лидер) ағылшын тілінен (liader) аударғанда «Көшбастаушы», «жол көрсетуші» дегенді білдіреді. Саяси іс-әрекетті жүзеге асыруда саяси көшбастаушының, топ бастаушылардың орны ерекше. Оған халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия берген адам жатады. Соңғы кезде бұл атаудың мағынасы кеңейе түсті. Өйткені саяси қызметті ресми түрде атқармайтын, бірақ саяси өмірде беделді, аты шыққан адамдарды да жатқызып жүр.

Саяси көшбастаушының, (лидерліктің) табиғатын, сыр-сипатын, ғалымдар ерте заманнан-ақ білгілері келген. Соның ішінде антикалық дәуірге тән қасиет жетекшілерге батыр кейпін беріп оған көптеген жақсы қасиеттерді берген. Мысалыф үшін Платон көшбастаушыға мынадай қасиеттерді жатқызады:

- білімге құштарлық;
- ақиқатқа деген сүйіспеншілік
- Байқағандарымыздай, антика дәуіріне мынадай көзқарастар

тән:

- идеалдық;
- этика-мифологиялық;

Бұл көзқарас ортағасырда да сақталды. Яғни, қарапайым адамдарға қарағанда ерекше топ басшыларының идеясы. Қолбасшылыққа жаңа мағына берген Н. Макиавелли. Ол өзінің «Патша» еңбегінде тиімді басшылық ету жолдарын айтады. Ол басшы мен бағынушының өзара қатынасына негізделген мынадай төрт ережені айтады:

1. Басшының билігі оны жақтаушылардың қолдануына сүйенеді.
2. Бағынушылар өз басшысынан нені күтеді және өз кезегінде басшы олардан нені күтуі мүмкін — соны білулері керек;
3. Топ бастаушының қандай жағдай болмасын, аман қаларлық қайрат-жігері, қабілеті болуға тиіс;
4. Басқарушы өз жақтастарына даналық пен әділеттіліктің үлгісі болуы тиіс.

Кейін келе топ бастаушылықтың табиғатында әр түрлі теория қалыптасты:

1. Қасиет теориясы.
2. Жағдайлық теория.
3. Психологиялық теория.
4. Конституенттік теория.
5. Интегративтік теория.

«Қасиет» теориясының мағынасын бір сөзбен көрсетуге болады. «Топ бастаушылық - бұл адамның ұлы қасиеті»

«Жағдайлық теория» бойынша, нақтылы уақыт, жағдай топ бастаушының шығуына әсер етеді.

«Конституенттік теория» топ бастаушылықтың рөлін былай анықтайды: «Топ бастаушының құпиясы өзінде емес, керісінше артынан ерушілерде»

«Психологиялық теория» бойынша, топ бастаушының негізінде санасыз сексуальды қозу жатады. Ол сублимация процесінде адамның шығармашылыққа, яғни топ бастаушылыққа ұмтылуында.

«Интегративтік теория» топ бастаушылық бір қатар толық факторлардың әсері және олардың жүйелі ара қатынасы.

Сонымен саяси топ бастаушылық дегеніміз өзара қатынастардың процесі. Осы процесінің барысында бастаушылар өздерінің артынан ерушілердің қажеттіліктерімен қызығушылықтарын іске асырады; ал басқалары (олардың жақтаушылары) өз еріктерімен дауыстарын, өз биліктерінің жартысын оларға өздерінің қызығушылықтарын іске асуы үшін береді;

Саяси топ бастаушы — ұйымның, топтың, қоғамның аса беделді мүшесі. Оның тұлғалық қасиеттері саяси процестерде, жағдайларда маңызды рөл атқаруына көмектеседі.

Саяси көшбастаушылықтың түрлері мен қызметтері. Саяси көшбасшылықты ғалымдар жіктегенде мынадай принциптерді негізге алып жүр:

1. Тарихи принцип. Мұнда көшбасшының тұрпатын (типін) дәуірмен байланыстырады, ол өмір сүрген әлеуметтік ортаның жемісі ретінде қарайды.

2. Ықпал ету көлеміне қарай жалпы ұлттық, аймақтық, қалалық саяси көшбасшылық болып бөлінеді.

3. Таптық принцип. Бұған жұмысшылар, шаруалар, буржуазияның, әлеуметтік топтың жетекшілері.

4. Қазіргі әлеуметтік құрылысқа қатынасы жағынан оны жақтайтын, оған қарсы шығатындар болып бөлінеді;

5. Қабілеттілігі жағынан өзінің жеке басының қасиеттері.

6. Бастамашы, рух беруші көшбасшы.

Саяси көшбасшыларды алғашқы рет топтастырған немістің әлеуметтанушысы М. Вебер. Билікті легитимациялау әдісі бойынша М. Вебер мынадай түрлерін көрсетеді: дәстүрлі; рационалды-легальді; харизматикалық.

1. Дәстүрлі (билік әкеден балаға мирас ретінде қалатын әдет-ғұрып көшбасшылығы)

2. Рационалды-легальді (конституция негізінде сайлау арқылы билікке келген көшбасшы)

3. Харизматикалық (ерекше қадір-қасиеті, қабілетіне (ақылдылығына, батырлығына) байланысты билік басына келген көшбасшы).

Қасиеттері бойынша тән:

– имидж — жақтастары көшбасшының ерекше адамға тән емес қасиеттерінің барына сенеді;

– эмоция — жақтастары көшбасшыға деген ерекше сенімділіктерімен, қамқорлықтарымен көзге түседі.

Саяси көшбасшылардың тұлғасы бойынша М. Херманн оларды былай жіктейді: ту көтеруші; қызмет етуші; саудагер; өрт сөндіруші.

*Ту көтерер саяси көшбасшы.* Оның өмірге деген өз көзқарасы, болашаққа болжамы бар және оған жету жолдарын да біледі. Ол өмірде болып жатқан оқиғалардың сипатын жақсы түсінеді, оны өзгертудің жолын, қарқынын айқындайды.

*Қызмет етуші көшбасшы.* Ол өзінің жолын қушылардың мүддесін дәлме-дәл білдіре білудің арқасында құрметке бөленеді.

*Саудагер топ бастар.* Оның ерекшелігі алдына қойған жоспарды іске асыруда соңына ергендердің бірін жұмылдырып, сендіре білу қаблетінде.

*Өрт сөндіруші топ бастар.* Ол уақыттың талабына сай өз жақтастарының жинақтап қойған сауалына, қысылған жағдайларда шапшаң шешім тауып, жол көрсете алады.

Психологиялық фактор бойынша Д. Барбер көшбасшылардың мынадай түрлерін ажыратады: «Қожайын»; «Әртіс»; «Үлгілі»; «Серік».

*Қожайын* — жолдастарына сенбеу, күмәндану, билікке құмарлық, саяси террор, тарихи шектеулі мерзім ішінде маңызды стратегиялық мәселелерді шешу.

*Әртіс* — көрермендер үшін қызмет ету, бұқараның ықыласын қалайда болсын алу негізінде жатқан стимулдарға бағдар береді, саяси мойындау көшбасшыны қоғамдық құндылықтардың және өзінің қызығушылықтарынан бас тартуына әкеледі.

*Үлгілі* — қатулық, жеңілсіздік, ол әрқашан мазасыз, пунктуальды, әсіресе төтенше жағдайларда өзін ыңғайсыз сезінеді.

*Серік* — басқа саясаткерлерді идеалдандырады, ал өзі болса солардың артында жүреді; оның нақтылы анық саяси бағдарламасы жоқ; туған қиыншылықтарды шешетін нақтылы әдіс-тәсілдері де жоқ.

Айта кету керек:

1. Идеалды типтегі саяси стильдер шын өмірде өте сирек кездеседі.

2. Саяси стиль мыналармен анықталады:

- а) нақтылы саяси жағдайлармен;
- б) саяси бағытының сипатымен;
- в) әр елдің ұлттық мәдениетінің ерекшелігімен;

Саяси көшбасшылықтың қызметтері әр түрлі сипатта болады. Оларға мыналарды жатқызамыз:

1. Қоғамның түбегейлі құндылықтары мен арман- мұраттарының негізінде әр түрлі топтардың басын біріктіріп, мүдделерін үйлестіру;

2. Халықтың, топтардың, қажеттіктерін өтейтін және қарыштып алға басуға мүмкіндік тудыратын саяси бағыт-бағдарлама жасау;

3. Қоғам алдындағы мақсаттарды жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерін айқындау;

4. Халықты ынталандыру арқылы қажетті өзгерістерді іске асыру;

5. Жұртшылықпен, әртүрлі топтар, ұйымдар мен тығыз байланыс жасау, осының негізінде өзін-өзі саяси ұйымдастырудың, тұрақты түрін қамтамасыз ету;

6. Әділдіктің, заңдылықтың, тәртіптің кепілі болу.

Осыған қарамастан мынаны ұмытпаған жөн:

1. Көшбасшының қызметі оның басты жұмысының бағыты болып саналады.

2. Функциялардың саны бір қатар факторларға байланысты: а) қоғам мәдениетінің түріне; б) саяси режимге; в) азаматтық қоғамның дәрежесіне, халықтың өмір деңгейіне.

3. Саяси көшбасшының жұмысы мынадай кезеңдерден тұратын үш қызметті атқарады:

а) «диагностикалық» міндет: саяси көшбасшылар қалыптасайын деп келе жағдайды зерттеу арқылы оған баға береді яғни «диагноз» қояды;

б) саясатты белгілеу: жетекші өз тобының, жақтастарының мақсатына сай шешілетіндей саясатты тауып, соны орындауға тапсырма береді;

в) іске тарту: көшбасшы өзінің белгіленген саясатын іске асыруға тырысады. Ол үшін өзінің тобы, жақтастары оның іс-әрекет жоспарын қолдауы керек. Соның арқасында оны жүзеге асыруға бәрі жұмылдырылады.

### **Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. Саяси элита ұғымы, қызметтері, типологиясы.
2. Қазақстандық саяси элитаның қалыптасу ерекшеліктері қандай?
3. Қазақстанда саяси элитаға кімдерді жатқызар едіңіз?
4. Қазақстандағы тұңғыш саяси көшбасшы атанған кім ?
5. Қоғам дамуындағы саяси элитаның және көшбасшылықтың рөлі қандай?
6. Саяси көшбасшылықтың табиғаты.

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Қазіргі саяси дамудағы көшбасшылық факторы.
2. М. Вебер бойынша көшбасшылық типологиясы.
3. Қазақстанның қазіргі қоғамдық дамуындағы саяси көшбасшылық мәселесі.
4. Саяси элиталардың негізгі концепциялары.
5. Қазақстандағы қазіргі саяси элита.

## 8 - ТАҒЫРЫП.

### САЯСИ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ САЯСИ РЕЖИМДЕР

1. Саяси жүйе теориясының құрылуы. Саяси жүйе ұғымы.
2. Саяси жүйе функциялары және типологиясы.
3. Саяси режимдердің түсінігі мен типтері.

#### 1. *Саяси жүйе теориясының құрылуы. Саяси жүйе ұғымы*

«Саяси жүйе» ұғымы ХХ ғасырдың ортасында ғана терең негізделіп, тарала бастады. Оған басты себеп — жүйе тәсілі мен бихевиористік амал түрлі саяси құбылыстарды зерттеулерде етек алуы еді. Қазіргі кездегі саяси жүйе қағидаларының негізінде Аристотель заманынан бастау алған саясат жөніндегі түсінік жатыр. Ол — саясатты бейне бір тұтас нәрсе деп қарау. Осы бағытты алғаш ұстанған флоренциялық Никколо Макиавелли саяси ғылымның негізін салушы болып саналады. Оның пікірінше саясат дінге де, моральға да, экономикаға да жатпайды, қайта ол өзіндік саяси мемлекеттің тұтастығы мен бірлігін көздейді.

Т. Парсонс әлеуметтік жүйе теориясы бойынша қоғамдағы рухани, экономикалық және саяси жүйелер өздерінің атқаратын қызметіне қарай ерекшеленеді дейді. Сөйтіп, олар өз алдына жүйе болып алады. Саяси өмір сол сияқты Д. Истонның «Саяси жүйе» (1953), «Саяси талдаудың шегі» (1965), «Саяси өмірді жүйелеп талдау» (1965) атты еңбектерінде қарастырылады. Сонымен қазіргі кездегі саяси жүйелердің алуан түрлі концепциялары бар. Олардың бірі саяси жүйені саясат негізінде жатқан идеялар жиынтығы десе, екінші біреулері оны өзара қарым-қатынас жүйесі деп есептейді. Сонымен, саяси жүйе (Парсонс бойынша) дегеніміз — өзара байланысты элементтердің жиынтығы:

1. Саяси жүйе (Д. Истон бойынша) құндылықтардың авторитаризмнің көмегімен әсер ету жолдарының жиынтығы



2. Саяси жүйе (Г. Алмонд бойынша) — рөльдердің өзара қарым-қатнасының жиынтығы.

Қоғамның саяси жүйесі — дегеніміз жалпы алғанда белгілі бір таптардың, әлеуметтік топтардың, ұлттардың әрқайсына және бәріне тән мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған билік жүргізуші құрылымдар жиынтығы. Оған мемлекеттік мекемелер, саяси партиялар және түрлі қоғамдық ұйымдар кіреді.

***Саяси жүйенің түрлері, құрылымы.***

Саяси жүйе қоғам қондырмасының басты бөлімі болып табылады. Қоғамның саяси жүйесі барлық елде бірдей емес. Ол әрбір қоғамның өзіндік ерекшеліктеріне қарай құрылады, өзгеріске түсіп дамиды. Сондықтан қоғамның алуан түрлі саяси жүйесін талдап жіктеу арқылы, олардың ұқсастықтарына қарай жіктеу жолымен толығырақ түсінуге болады.

Ж. Блонделдің саяси жүйені жіктеудің бес түрлері бар категориясын көрсетеді: либералды-демократиялық, радикалды-авторитарлық, коммунистік, дәстүрлі, популистік, авторитарлы-консервативті саяси жүйелер.

Саяси жүйелер өзінің ұстанған бағытына, тұрақтылығы мен өзгергіштігіне қарай консервативті және трансформацияланушы болып бөлінеді. Трансформацияланушы саяси жүйелердің өзі кері тартпа және прогрессивті мағынада болуы мүмкін. Саяси жүйелер сонымен қатар ашық және жабық, аяқталған және аяқталмаған, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған т. б. жіктеледі.

**Саяси жүйелердің түрлері**

Классификацияға негіздеме	Жүйелердің түрлері
Саяси құрылым Саяси мәдениет Саяси жүріс-тұрыс	Бюрократиялық (аграрлық, индустриалдық). Келісімдік (орталықтанылған, орталықтандырылмаған).
Қоғамды басқарудың түрлері	Әкімшілік- командалық. Бәсекелестік. Әлеуметтік пайдаланулар.
Рөлдердің жіктелуі	Қарапайым Дәстүрлі Заманауи

Қоршаған ортамен қарым-қатнас	Ашық Жабық
Әлеуметтік-экономикалық құрылымның сипаты.	Құлиеленушілік Феодалдық Буржуазиялық Коммунистік
Азаматтық қоғамды дамыту	Дәстүрлі Модернизациялық
Саяси мәдениеттің деңгейі.	Англо-американдық Континенталды-еуропалық Индустриализмге дейінгі Тоталитарлық

Енді саяси жүйенің құрылымы мен атқаратын қызметіне тоқталу қажет. Саяси жүйе өзінің біртұтастығына қарамастан өзгеріп отырады. Қамтитын аумағы да өзгермейтін нәре емес, қайта түрлі жағдайларға байланысты бірсыпыра өзгерісте болады. Саяси жүйеге мынадай түрліше саяси жүйе тармақтары кіреді: институционалдық, нормативтік, функционалдық, коммуникативтік және мәдени. Осылардың әр қайсысы өз жүйешігін құрып, әр түрлі қызмет атқарады.

Институцоиналдық тармаққа, мысалы мемлекетік мекемелер, партиялар, қоғамдық саяси ұйымдар жатады. Олардың ең бастысы-мемлекет. Мемлекет — саяси ұйымның жоғарғы формасы ретінде қоғамның саяси жүйесінің басты бөлігі, түйіні болып табылады. Демократиялық мемлекеттерде билік үш тармаққа бөліну арқылы жүзеге асады — заң шығарушы, атқарушы және сот билігі.

Саяси жүйенің құрылымы (негізгі элементтері) Т. Парсонс бойынша:

- лидер;
- билік органдары;
- регламент.

Ч. Эйндрейн бойынша:

- саяси құрылым;
- саяси мәдениет;
- саяси жүріс-тұрыс.

Ресей мен Қазақстандағы саяси ғылымның бағыты бойынша:

- саяси ұйым;

- саяси қатнастар;
- саяси нормалар;
- саяси сана;
- саяси мәдениет.

Қоғамның саяси жүйесіне кіретін саясат пен ықпалды топтар қоғамдық, көпшілік істерді шешуге араласуы арқылы мемлекет қызметін атқарады. Бірақ олардың іс-әрекеті мен әдістерінің арасында айырмашылық та бар. Мысалы партиялар мемлекеттік аппаратты бағындырып, оларды басқаруға ұмтылады. Ал ықпалды топтар мемлекеттік аппараттардың шешім қабылдау ісіне ықпал жасаумен шектеледі. Бұлар кейде саяси партиялардың құрамына да кіреді.

Діни құрылымдардың саяси рөлі олардың әсерінің бұқаралық екендігінде. Сондай-ақ, ол халықтың білім дәрежесіне байланысты. Сол үшін де көптеген елдерде діни және діни емес өкіметтер бір-бірінен ажыратылған. Саяси жүйенің нормалау тармағына саяси өмірді реттеуге қатысатын құқықтық, моральдық мөлшерлер, саяси дәстүрлер т. б. жатады. Функционалды тармақ түрлі саяси процестерде саяси іс-әрекеттің формалары мен бағыттарынан, өкіметтің жұмыс істеу әдістері мен тәсілдерінен көрінеді. Оларды кейде «саяси режим», «саяси орныққан тәртіп» деп те атайды.

Тоталитарлы саяси жүйенің пайда болуы түрлі себептерге байланысты. Олардың ішінде мыналар: меншіктің жаппай мемлекеттендірілуі; бір ғана саяси партияның орын тебуі және оның мемлекетпен тұтасып кетуі, қоғамның оның ішінде, рухани өмірдің бір ізге ғана түсіріліп, бірыңғайлануы, партияны, көсемді дәріптеу, қоғамдық санада тек бір ғана «дұрыс жол бар» деген түсініктің қалыптасуы және т. б. сонымен қатар, саяси жүйенің қызметін оның қоғамды өзгерте алатын іс-әрекетінен де көрінеді. Ондай өзгерістер не күштеу қолданылмайтын реформалар арқылы жасалатыны белгілі. Тарихтан бұған қатысты материалдарды көптеп келтіруге болады.

Егер бұрын саяси жүйеде тар шеңберде партиялық саясат үстемдік етсе, қазір қоғам дамуында шектелген номенклатуралық,, этнократиялық және криминалды топтар ықпал етуге тырысуда. Олай болса, саяси күштердің қайта топтасу кезеңінде превентивті түрде

бақыланатын саясат керек деген сөз. Онсыз тұрақты саяси жүйе болуы қиын.

## *2. Саяси жүйе функциялары және типологиясы*

Саяси жүйе төмендегідей функцияларды атқарады:

1. Белгілі бір әлеуметтік топтың немесе көпшілік халықтың саяси билігін қамтамасыз ету. Ол биліктің тәртіпке келтірілген, ережелерде, қалыптарда бекітілген, яғни институционалданған түрі. Сондықтан ол конституцияға негізделген жалпыға міндетті заңдар шығарады. Сол арқылы қоғамда тәртіп орнайды. Егер оны бұзушылар болса, оларға тиісті шара қолданылады.

2. Саяси жүйе қоғамдық қатынастарды реттейді, жекелеген әлеуметтік топтар немесе көпшілік халықтың мақсат-мүддесіне сәйкес адамдардың тіршілік әрекетінің әр түрлі салаларын басқарады. Ол әлеуметтік институттар қызметінің мақсаттарын айқындайды, солардың негізінде оларды орындауды саяси жобаларын жасайды.

3. Саяси жүйе қоғамда жинақтаушылық топтастырушылық қызметті атқарады. Ол ортақ әлеуметтік-саяси мақсаттар мен құндылықтардың айналасында барлық әлеуметтік топтар, таптар, жіктердің белгілі бір бірлестігін қамтамасыз етеді. Экономиканың қалыпты жұмыс істеп, прогресті дамуына қажетті саяси жағдай жасау. Мысалы, саяси жүйе өндіріс құралдарына меншік түрлерін құқықтық тұрғыдан бекітеді, қаржы жүйесін реттейді, салық саясатын жүргізеді. Қоғамды, оның мүшелерін ішкі және сыртқы бүлдіргіш әрекеттерден қорғау. Мысалы, ұйымдасқан қылмыс, сыртқы агрессиядан (әскери, экономикалық, информациялық) және т. с. с.

Сонымен; қоғамның саяси жүйесі билік жүргізіп, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін, әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы саяси өзара қатынастарды реттейтін ұйымдар мен мекемелердің жиынтығын айтады. Бұл жүйе саяси деп аталады. Себебі мемлекеттік істер алға қойған мақсатты,

амал-әдістерді, оларға жету жолдарын қамтитын арнайы жете зерттелген шаралар, саяси бағыт арқылы жүзеге асырады. Сонымен қатар оны жүйе дейді. Өйткені оған мемлекеттен басқа мемлекеттік билікке ықпал ету үшін басқалармен бәсекеге түсетін, одақтарға кіретін, мәмілеге келетін мемлекеттік емес көптеген ұйымдар да кіреді. Бұл саяси қатынастардың, күрделі көрінісі жүйелілікті, тұтастықты білдіреді.

Г. Алмондтың айтуынша саяси жүйе «кіріс» және «шығыс» қызметтері арқылы қоғамда көрініс табады. «Кіріс» функцияларына мыналар жатады:

- Әлеуметтену (адамның саясатқа араласуы);
  - Рекрутация (ұйымға көп мөлшердегі адамдардың қабылдануы);
  - Коммуникация (саяси құрылымдар арасындағы байланыстардың орындалуы);
  - Агрегация (элитаға қойылатын талаптардың жиынтығы);
  - Артикуляция (элитаға қойылатын талаптар).
- «Шығыс» функцияларына жататын пункттер:
- Заңдық (қағидаларды қалыптастыру).
  - Атқарушылық (қағидаларды іске асыру).
  - Соттық (қағидалардың іске асу барысын қадағалау).

Қоғамның саяси жүйе қызметінің жоғарыдағы айтылғандарға қоса тағы бір кейбір ерекшеліктері бар:

1. Қоғамның саяси жүйесінде түрлі саяси, әлеуметтік, экономикалық және технологиялық күштердің зияны ықпал да болмай тұрмайды. Егер де елдің саяси жүйесі тарапынан оны болдырмаудың алдын алу жоспары болмаса, яғни бұл іс өз бетімен жіберілсе, онда ол түбінде айтарлықтай әлеуметтік бүліншіліктерге әкелмейтін факторларды зерттеп, болжап тиісінше оң ықпал жасау, превентивті саясат жүргізу саяси жүйенің ерекше міндеттерінің бірі болып табылады.

2. Саяси жүйе қоғамның тепе-теңдік, тұрақтылық, орнықтылық белгілерін нормалау көріністерін дер кезінде байқап, оларды қалпына келтіруге және нығайтуға бағытталған шаралар белгілеуі тиіс. Ол үшін саяси жүйе әлеуметтік және этникалық топтар, жалпы халық бұқарасы арасында өзіне тірек болатын негіздерді (экономикалық, саяси және әлеуметтік) кенейтіп, нығайтып отырады.

3. Саяси жүйе өзінің құрамындағы микро саяси жүйелерді терең зерттеп, оларды одан әрі жетілдіру жолдарын жүзеге асырады.

4. Әрбір елдің саяси жүйесі басқа көршілес елдерден саяси ахуалды бақылап отырады, керек болған жағдайда ол елдерден өз мүддесін қорғауға бағытталған шараларды белгілейді.

Саяси жүйенің өзгеру процесі саяси трансформация деп аталады. Оның өзгеру жолдары мынадай: реформа, революция, келісім жолдары. Олар қазіргі елдерден әр түрлі саяси процестерді көрсетеді.

### *3. Саяси режимдердің түсінігі мен типтері*

Қазіргі саяси ғылымда саяси режим түсінігін елдегі саяси өмірдің сипатын, еркіндік деңгейіне, билік органдарына құқықтық негіздегі қарым-қатынасына байланысты анықтайды. Осы түсінік турасында анықтама беруде талас-тартыстар саяси талдаудың басқа категорияларымен салыстырғанда аз емес. Бірақ көпшілік зерттеушілер саяси режимді саяси жүйе құрылымының өзара әрекеттестіктегі реттілігімен, саяси билік пен мақсаттардың жүзеге асыруымен байланыстырады.

Саяси режимнің функционалды мазмұны маңызды сұрақтарға жауап береді, яғни қоғамның саяси жүйесіне қызметтерінде ерекше орын алады. Одан мынадай сұрақтар туындайды:

1. Билікте қандай саяси күштер болады және олар қандай механизммен билікті жүзеге асырады?

2. Саяси билік қалай шынайы таратылады және оның жүзеге асуын кім бақылайды?

3. Қоғамда тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарына қандай жағдайда кепілдіктер беріледі?

4. Қоғамда саяси оппозицияның өмір сүруіне жол беріле ме?

5. Саяси билікке қол жеткізуді жүзеге асыруда қандай әдістер, тәсілдер және құралдар қажет?

Саяси режимнің сапалық сипаттамаларын мынадан анықтауға болады: адам құқықтары мен бостандықтарының өлшемі, мемлекеттік биліктің жүзеге асу әдістері, мемлекет пен қоғамның өзара

қарым-қатынас сипаты, саяси шешімдерді қабылдауда қоғамның ықпал жасау мүмкіндіктерінің барлығы немесе жоқтығы, саяси институттардың қалыптасу жолдары.

Нақты бір елдегі өмір сүріп отырған саяси режим түрі субъективті және объективті жағдайларға сондай-ақ басқа да көптеген факторларға байланысты. Сондықтан да саяси режимнің классификациясы өмірде көп кездеседі. Кең тараған саяси әдебиеттерде классификация — ол қоғамда демократиялық принциптердің бірқалыпты дамуы деп көрсетіледі. Осы классификация бойынша саяси режимнің түрі былай анықталады:

1. Саяси қоғамдық процестердің интенсивтілігі және даму деңгейі
2. Басқарушы элитаның құрылымы және оның қалыптасу механизмі
3. Қоғамдағы адам құқықтары бостандықтарының жағдайы
4. Бюрократиямен қатынас жағдайы
5. Қоғамда басқарушылық легитимді түрде болу деңгейі
6. Қоғамдағы саяси санаға қозғау салатын қоғамдық саяси дәстүрлердің әрқилылығы.

Осы айтылғандармен байланыстырып саяси режимнің негізгі үш түрін ажыратады: тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық.

*Тоталитарлы саяси режим.* Тоталитарлы саяси режим — ол мемлекеттің, қоғам өмірінің барлық салаларына толықтай бақылау жасауы. «Тоталитаризм» терминін ең бірінші саяси лексиконға енгізген итальяндық фашистер лидеры Б. Муссолини. Ол 1925 ж. өз режиміне сипаттама бергенде осы терминді пайдаланған болатын. Осындай режим сондай-ақ Германияда, Испанияда, СССР-да және Румынияда т. б. елдерде болған. Әр елде өзіндік ерекшеліктермен көрінсе де оның жалпы белгілері, мәні және мазмұны бар. Осындай белгілерге тоталитарлық режим кіреді:

- азаматтардың жаңаша ойлау және жаңа қоғам құруын жоққа шығаратын ресми идеология;
- билікке жалғыз бұқаралық партияның монополиясы, олигархиялық белгілері мен харизматикалық лидер жарияланған қоғам;
- террористік полицейлік бақылау жүйесі;

- барлық бұқаралық ақпарат құралдарына (радио, теледидар, газет, журнал) партиялық бақылау;
- қарулы-әскери күшпен бақылау;
- экономикаға орталықтанған бақылау және экономикалық қызметі, бюрократиялық басқару жүйесі
- қоғамдық және жеке өмірдің барлық салаларына биліктің қадағалау орнатуы
- тұлғаның еркін ойлауы мен әрекеті болмайды
- «билік рұқсат етпегеннің барлығына тыйым салынады» — деген принцип әрекет етеді.

Тоталитаризмнің негізгі белгілері белгілі батыстық саясаттанушылар К. Фридрих, З. Бзежинский, Х. Арендт өз уақытында анықтаған. Белгілі американдық зерттеуші З. Бзежинский тоталитарлық режимге келесідей “анықтама” қойды: егер елде осы аталған белгілердің бесеуі кездессе онда осы режим демократиялық жаққа көшпейді.

Тоталитарлық — ол индустриализация, модернизация дағдарысы кезеңіндегі қоғамның «реакциясы» мұндай кезеңде қоғам үлкен қиыншылыққа түседі: дәстүрлік құрылымдар бұзылады, адамдық сезімнен айрылу, жалғыздық пайда болады.

Үстемдік жүргізетін идеологияға соның саяси іс-әрекетінің мазмұнына әсер ететініне қарай тоталитаризмді негізінен коммунизмге, фашизмге және ұлтшылды-социализмге бөледі.

Жалпы түрінде 1918 жылы қалыптасқан тоталитаризмнің тарихи алғашқы түрі кеңес типіне жататын коммунизм болып табылады.

Коммунистік тоталитаризм басқаларына қарағанда, яғни басқа идеологияларға тәптіптің негізгі түрін көрсетеді, өйткені ол жеке меншікті, әрбір жеке автономияны және мемлекеттің абсолюттік билігін жояды.

Тоталитаризмнің екінші түрі ең бірінші 1922 жылы Италияда орнатылған. Бұнда тоталитаризм толық түрінде көрсетілмеген. Италияда фашистік тоталитаризмнің шекарасы мемлекетке әсер етушілер тұрғысымен орнатылған. Сондықтан тәртіптің ыдырауы жақындағанда олар Муссолиниді өздері-ақ биліктен алып тастайды.

Тоталитаризмнің үшінші түрі — ұлтшылды-социализм — ол 1933 жылы шынайы саяси қоғамдық түрінде Германияда пайда



болған. Оның фашизммен туыстығы бірақ көбінесе кеңестік коммунизмге ұқсайды. Мысалы, тоталитарлық партиялық ұйымшылдық түрі және “товарищ” деп айтқанында.

Тоталитаризм өзінің коммунистік түрінде көп өмір сүреді. Бөлек мемлекеттерде бүгінгі күнге дейін өмір сүреді. Кейбір авторлар тоталитаризмді нашар дамыған елдердің модернизациясының саяси түрі деп қарастырады.

Бірақ тоталитаризм — тарихи тәртіп. Тоталитаризм — жабық қоғам уақытында сапалы жаңаруына үйренбеген.

Авторитарлық саяси режим. Авторитаризм — саяси тәртіп, бұнда бір таптың немесе топтың өз басшысымен билікке ұмтылысы. Авторитаризм қоғамдық құрылысы ауысып жатқан елдерде, тағы да ұзақ дағдарыста болып жатқан қоғамда пайда болады. Берілген шарттар, авторитарлық саяси режимнің орнату факторы болады.

Өз сипатымен ол тоталитаризм мен демократияның арасында орналасады. Тоталитаризммен оның автократиялық заң мен шектелмейтін билік сипаты демократиямен — автономия бар болуы, мемлекет пен басқарылмайтын қоғам салаларымен ұқсайды.

Мысалға XX ғасырда көп авторитарлық мемлекеттерде легитимация мақсатымен ұлттық идеология және формальды билік бақылайтын сайлау көп қолданған. Көптеген Азиядағы, Африкадағы және Латын Америкадағы болған авторитарлық режимдер өзінің өмір сүруін ұлттық босатандығымен және пайда болуымен ақтайды.

Соңғы онжылдықта авторитарлық жүйелер кейбір демократиялық институттарды жиі пайдаланған – олар сайлау, плебисцит, т. б. Мысалы, конкурентті емес немесе жартылай конкурентті сайлаулар : авторитарлы немесе жартылай авторитарлы режиммен Мексикада, Бразилияда, Оңтүстік Кореяда, Ресейде, Қазақстанда және басқа мемлекеттерде пайдаланған.

Жалпы зерттеушілер авторитаризмді айыратын белгілерін береді, олар :

- күшті орталықтанған билік;
- бір топтың немесе партияның билікке монополиясы;
- элитаның қалыптасуы;
- оппозицияға толық немесе толық емес тиым салу;
- билік өзгеруінің күштеу сипаты;

- шектелген плюрализм;
- билікті ұстап қалу үшін күш құрылымын кең қолдану;
- өкіметтік билік органдарының және оппозицияның бар болуы. Бірақ олардың жұмыс істеуі шектелген тек формальды түрінде ғана;

- халықты билікке жібермеуі;
- Қоғам мен жеке адамның үстінен тотальды бақылаудан бас тарту.

Қазіргі әлемде авторизмнің сақталып қалуына көп жағдайлар себеп болып келеді. Мысалы :

1. Азаматтық қоғамның дамымағандығы.
2. Экономиканың артта қалуы.
3. Дамушы қоғамдарда шиеленістің биік тәсілі.

Қазіргі уақытта тоталитарлық саяси жүйенің ыдырауымен көптеген әлемнің коммунистік мемлекеттерінің ғылыми және саяси қызығушылығы авторитаризмге көбейді.

80-90 жылдардағы авторитарлық мемлекеттерге Оңтүстік Корея, Чили, Қытай, Вьетнам және т. б. елдерді жатқызуға болады. Өзінің экономикалық және әлеуметтік күштілігін көрсетті және экономикалық гүлденудің саяси тұрақтылығымен, күшті биліктің — бостандықпен, экономикамен және қауіпсіздікпен әлеуметтік плюрализмімен дамығандығын дәлелдейді. Сондықтан авторитаризмнің реформаторлық мүмкіншіліктері бар деуші ғалымдардың пікірлері мен келісуге болады. Бірақ демократияға көзделген авторитарлық тәртіп көпке шыдамайды. Бұнда қазіргі жағдайда тұрақты саяси жүйенің бір типі — ол демократия.

### Антидемократиялық режимдердің сипаттамасы

Сұрақтар	Авторитарлық режим	Тоталитарлық режим
1. Биліктің тасы-малдаушысы кім болып табылады?	Көшбасшы → топ → партия	Көшбасшы → партия
2. Қандай типтері бар?	Әскери (Чили) Теократиялық (Иран)	Оңшыл (Германия) Солшыл (КСРО)
3. Биліктің қандай сипаты мен шектері бар?	Мемлекет бақылай алмайтын сфералар қалыптасады (экономика, мәдениет,	Қоғамның барлық сферасында мемлекет тарапынан тотальды бақылау

	жеке өмір)	жүргізледі.
4.Идеалдардың сипаттамасы қандай?	Биліктен компетенттікті, ал көпшіліктен бағынуды талап етеді.	Биліктен барлығын реттей білетін қабілет, көпшіліктен энтузиазм талап етіледі.
5.Репрессияның сипаты қандай?	Таңдау сипаты	Массалық сипат.
6. Жалпы белгілері қандай?	Элита массаға қарсы дискриминациялық шаралар қолданады. Биліктің мемлекет басына келуі күшпен зорлықпен жасалады.	
7. Бұл режимдердің анықтамалары мен сипаттары қандай?	Тоталитаризм – бұл режим оппозицияның болуын қажет етпейді. Бірақ бұл қоғамдағы тұлғалар қоғамның барлық сферасында өзінің автономиялық тәуелсіздігін сақтайды.	Тоталитарлық режим – билік қоғамды барлық тарапынан қатаң бақылауға алады.

Демократиялық саяси режим. «Демократия» — түсінігі ол саяси ғылымда маңызды болып келеді. Демократия ол :

- бір қалыптасқан ұйымның түрі мүшелерінің шешім қабылдауына тек қатысуына негізделген;
- қоғамдық құрылымның идеалы және оған сәйкес әлем көзқарасы;
- халық билігі және демократияның мақсаты мен идеалының жүзеге асуы үшін әлеуметтік-саяси қозғалыс.

Демократияны мемлекеттік құрылым ретінде зерттегеннен кейін оның тағы бір белгілерін көрсетеді:

- қоғамда көптеген қызығушылықтармен мүмкіндіктердің бар болуы
- саяси институтқа — топтарға кепілденген жолы
- жалпы сайлау құқығы
- өкіметтік институттардың іс-әрекеттік бақылауы
- саяси нормаға қатысты көпшілік қоғамның келісуі
- пайда болған шиеленістерді бейбітшілік түрінде шешу

Демократия анықталған жағдайда пайда болады және сақталады.

Біріншіден. Экономикалық дамудың биік деңгейі. Зерттеу қорытындысы бойынша тұрақты экономиканың өсуі ең соңында демократияға әкеледі.

Екіншіден. Қоғамда толеранттылықтың бар болуы, саяси азшылықтың құқығын сыйлау.

Үшіншіден. Қоғамның базалық құндылығына, тең құқығына қатысты келісімі.

Төртіншіден. Халықтың саяси қатысушылыққа ұмтылысы (біріншіден сайлау түрінде).

Демократиялық саяси режимді демократиялық тәртіпке негізделген басқару түрі деп атауға болады. Оның негізінде – адамның бостандығын, құқық кепілдігін қорғау.

Демократияда өмірді реттейтін ұлы заң болып табылады. Мемлекет міндетті түрде құқықты болады және қоғам азаматты түрде болады.

Плюрализм принципі қоғам өмірінің бүкіл саласына таралған. Сондықтан мемлекеттік және қоғамдық құрылымнан туындайды. Бұған әсер ететін азаматтық қоғам және әртүрлі әлеуметтік қабаттың демократиялық мәдениеті. Тұрғындардың билік құрылымы әрекетіне бақылау жүргізуіне мүмкіндігі болады, әртүрлі бостандық принциптері жүзеге асады. Басқарушылардың билігі легитимді түрге ие бола алады және билік бөлу принципі көрініс табады. Тікелей немесе өкілеттік демократия көрінісі болады. Бұл режимде — “Заң мен тиым салмағанның бәріне рұқсат” деген принцип қолданылады. Осылар демократиялық саяси режимнің негізгі көрсеткіштері мен элементтері.

Батыс саясаттанушылары демократия режимнің келесі басқару түрлерін ажыратады :

1. Президенттік режим.
2. Парламенттік режим.
3. Жартылай президенттік режим.

Президенттік режим түрінде парламенттің заң шығарушылық қызметі президенттің бақылауында болады. Осы режимде Президент үкіметті өзі құрады, заңға veto салуға құқығы болады және заң шығаруға құқығы бар; парламентті таратуға және парламенттік сайлауды мерзімінен бұрын жариялауға құқығы бар болады және т. б. Бұл режимде билік бөлу принципі толығымен қарастырылады.

Президенттік режимнің классикалық түрін АҚШ-тан көруге болады.

Парламенттік режим түрінде толық заңшығарушы билік Парламенттің қолында болады, мемлекет басшысы монарх немесе Парламентпен тағайындалған Президент болу мүмкін. Осы режимде Парламенттің Президент ветосын қабылдамауға құқығы бар, Президент заң шағаруына қарсы заң қабылдауға құқығы болуы мүмкін, Парламенттің импичмент арқылы Президентті орнынан алуға құқықты; Президент басқарып отырған Үкімет үстінен бақылау жүргізуге құқығы болады, билік бөлу принциптерінің өзара тығыз байланыстығын көруге болады және т. б.

### Демократиялық режимнің сипаты

Сұрақтар	Президенттік режим	Жартылай-президенттік режим	Парламенттік режим
1. Қандай елдерде мұндай режим бар?	АҚШ, афро-азиаттықмодель;латиноамерикандық.	Франция, Болгария, Польша, Финляндия.	Еуропалық модель.
2. Мемлекет басы және үкімет басы кім болып табылады?	Мемлекет басы-президент және үкімет	Президент мемлекетбасы жоғарғы билікті үкімет басы премьер министірімен бөліседі.	Мемлекет басы – президент (формалды), үкімет басы премьер-министр (шынайы).
3. Үкімет кімнің алдында жауапты?	Үкімет президенттің алдында жауапты.	Үкімет президентпен парламент алдында жауапты.	Үкімет президенттің алдында емес парламенттің алдында жауапты.

4. Парламенттің қабылдаған заңына президент вето қоюға құқы бар ма?	Президент парламенттің қабылдаған заңына veto қоюға құқы бар.	Президент парламенттің қабылдаған заңдарына veto қоюына құқы жоқ.
---	---	---

### **Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. Саяси жүйенің ұғымы мен құрылымы. Қоғам өмірі үшін оның мәні қандай?
2. Саяси жүйе қандай қызметтерді атқарады?
3. Қазақстандағы саяси жүйенің қызметі, мәселелері және даму жетістіктері
4. Қазақстандағы қазіргі саяси жүйесі қандай түрге жатады?
5. Қоғамдағы саяси жүйе дегеніміз не?
6. Г. Альмонд пен Д. Истонның саяси жүйе туралы теорияларының айырмашылығы неде?
7. Саяси режимдер дегеніміз не?
8. Саяси режимдердің мәні және типтері
9. Авторитарлық режимнің ерекшеліктері
10. Тоталитаризмнен демократияға өтудің жолдары мен формалары
11. Қазіргі саяси режимдерді неше топқа бөлеміз? Сипатта.

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Саяси жүйе қоғамдық құбылыс ретінде
2. Саяси жүйе билік құралы ретінде
3. Қазақстан Республикасының саяси жүйесі
4. Саяси жүйе және азаматтардың құқықтары
5. Қазіргі саяси жүйенің түрлері
6. Авторитаризм саяси режимнің бір түрі: қоғам дамуына оң және теріс әсері
7. Тоталитаризм XXғ. феномені ретінде
8. Авторитаризмнен демократияға: өтпелі кезең заңдылықтары
9. Демократиялық саяси режим.

9-ТАҒЫРЫП.  
САЯСИ ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҒА  
САЯСИ ӘМІРІ

1. Саяси процесс туралы ұғым және құрылымы.
2. Саяси процестің жіктелуі.

1. *Саяси процесс туралы ұғым және құрылымы*

Саяси процесс түсінігі мен оның мәні «Саяси процесс» түсінігі — интегралды және жалпы тұжырымдаушы категория. Оның кең мағынадағы ұғымы саяси жүйенің барлық элементтерімен түрлі жақтарын, сондай-ақ жүйеден тыс құбылыстарды да қамтып, олардың өзара әрекеттестіктерін, қызмет етуін және дамуын сипаттайды. Саяси процестің сипаты мен нақтылы мазмұны белгілі бір саяси жүйемен, саяси режимнің ерекшеліктерімен анықталады. Саяси процесс өзгермелі құбылыс, ол саяси жүйеге тәуелді және оның маңызды компоненті, немесе ол оның динамикалық көрінісі болып саналады.

Бүгінгі саяси ғылымда саяси процесс туралы әртүрлі ұғымдар кездеседі. Мысалы ол: 1) кеңістік пен уақытта эволюцияланушы қоғамның саяси жүйесінің қызмет ету формасы; 2) құқықтық, экономикалық, идеологиялық және т. б. процестерге қарағанда қоғамды процестің нақты типі; 3) белгілі бер көлемдегі процестің нақтылы және түпкі нәтижелерінің көрінісі; 4) саяси жүйені құрастыру; 5) саяси жүйенің нышандары мен компоненттерін ұдайы жасап отыру; 6) саяси шешімдерін қабылдап атқару; 7) саяси жүйенің даму бағыты мен қызмет етуін бақылау.

Ал, осы айтылғандарды бір тұжырымға келтірсек онда саяси процесті, саяси қатынастардың барлық субъектілерінің саяси жүйені қалыптастыру, өзгерту, қайта құру және оның қызмет етуімен байланысты әрекеттер жиынтығы деп түсінуге болады.

«Саяси процесс» ұғымының жалпы мазмұны саяси өмірдің екі аспектісін қамтиды: функционалдық аспект және динамикалық аспект. Функционалдық аспект ол — саяси жүйенің эволюциалануы, реформациялануы, гүлденуі мен тоқырауы.

Шын мәнінде саяси жүйелердің динамикалық жағын сипаттау үшін “саяси даму” термині қолайлы келетін сияқты. Бірақ та жалпы саяси өмірдің ағымында қызмет істеп тұрған саяси тәртіпті қолдап отыру бір жағынан, ал екінші жағынан оның бұзылуы, қайта жасалуымен байланысты процестер бір-бірімен бір тұтастықта болады. Сондықтан олардың тығыз байланыстығы өзара әрекеттестігі саяси өмірдің көлемді тұтас бейнесін ұдайы өндіріп отыратын “саяси процесс” сияқты жалпылама категорияны қажет етеді. Саяси процесс жалпылама категория ретінде саяси қатынастар мен институттардың құрылу және қызмет ету механизмін саяси субъектердің өзара әрекет формаларын, саяси жүйені қалыптастыруды, саяси билікті жүзеге асыру технологиясын т. б. қамтиды.

Саяси процесс ерекше процесс ретінде саясаттың көптеген түрлі микро және макро субъектілер әрекеттерінің нәтижесінен құрылады. Кез-келген қоғамның саяси өмірі белгілі бір тәртіппен өтіп отырады. Қоғамның бір қалыпты тәртіптік жағдайының тұрақтылығы біршама салыстырмалы. Себебі саясаттағы құрылымдардың әрекеті реформаларға, революцияларға, дау-дамайларға, дағдарыстарға ұласып отырады. Саяси ғылымда «саяси процесті» өтіп отыратын негізгі екі режим анықталған: 1-функционалдық режим; 2-өзгеру, даму режимі. Ал кейбір зерттеушілер оның үшінші режимі «құлдырау» деп көрсетеді.

### ***Саяси процестің құрылымы мен субъектілері.***

Саяси процестің құрылымын, түрлі саяси субъектілердің арасындағы әрекеттестіктерді талдау және сол құбылыстардың динамикасын анықтау арқылы білуге болады. Сондықтан, саяси процестің құрылымы ол — субъектілер арасындағы әрекеттестіктердің жиынтығы және олардың логикалық дәйектілігі, динамикалық немесе көрінісі, уақытық өлшем бірлігі, сондай-ақ саяси процестің параметрлері болып табылады.

Қазіргі замандық ғылыми әдебиеттерде саяси процестің құрылымына байланысты 4 негізгі компонент анықталған:



1. «Саяси қатынастар» — саяси процесс субъектілерінің әрекеттер нәтижесінде қалыптасады. Ол әлеуметтік топтар мен индивидтердің, саяси билікті — ең бастысы мемлекеттік билікті, саяси құқықтар мен бостандықтарды алу және қолдану туралы қатынастары.

2. Саяси мүдделер ол: әлеуметтік топтың немесе индивидтің саяси билік жүйесінде өздеріне тиесілі немесе лайықты позицияларды жеңіп алуға ұмтылысы. Мұндай мақсатқа жетудің амалдары: мемлекеттің саяси әрекеттеріне, саяси партияларға, қоғамдық жүрістерге т. б. қатысудың түрлі формалары болып табылады. Ал саяси мүдделер типологиясы түрлі негіздерде жасалады. Мысалы, мүдделі субъектілерге байланысты: өзіндік, топтық, корпоративті, таптық және ұлттық саяси мүдделер. Өздерінің анықталған дәрежесіне байланысты: стихиялы және жете ұғынылған мүдде. Саясатты ұлттық-мемлекеттік қоғамдық феномені ретінде қарастыруға байланысты: ішкі саяси, сыртқы саяси жаһанды немесе геосаясаттық мүдделер деп анықталады.

Саяси мүдделердің рөлі:

- саяси мүдделер қоғамның саяси қажеттіліктерін анықтайды;
- олар әлеуметтік топтар мен индивидтердің саяси белсенділіктерінің нақтылы бағыттарын анықтайды;
- жете ұғынылған саяси мүдделер көптеген саяси құндылықтардың, теориялардың, күнделікті көзқарастардың, үміттердің пайда болуына себепші болады.

3. Адамдардың саяси әрекеттері саяси процестің ең бір маңызда жағы. Олар өз субъектілеріне байланысты 3 түрге бөлінеді: мемлекеттік басқару әрекеті, саяси көшбасшылық және басшылық әрекеті, қатардағы азаматтардың саяси қатысуы.

4. Саяси процестің субъектілері саяси жүйелер, саяси институттар, ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған адамдар тобы немесе жеке адам.

Саяси ғылымда саясат және саяси процестің субъектілерінің концепциялары көп болғандықтан олар негізгі екі бапқа топтастырылған:

- әлеуметтік-топтық /саясаттың шын объектісі деп кейбір әлеуметтік топтар — кіші немесе үлкен топтар, элита немесе тап, ұлт т. б. танылды/;

– институционалды /формальды саяси институттарға көңіл бөлінеді – парламенттер, үкіметтер, партиялар т. б./

Саяси процестің негізгі субъектісі және негізгі билік институты — мемлекет. Мемлекет пен азаматтық қоғам саяси субъектілер ретінде шамамен жаңа заман кезеңінде модернизациялық өзгерістердің ықпалымен Еуропада және АҚШ-та қалыптаса бастаған. Сол кезеңнен бастап белгілі бір территорияда өктемдікке көндіруші, монополияға ие қоғамды негізгі билік институттарының құрастырыла бастағанын айтуға болады.

Қазіргі заманның демократиясы дамыған елдер үшін саяси процестің мәні халық егемендігінің принципін жүзеге асыру мен сайлау нәтижесінде билік орындарының сайлануы, ауысуы, сондай-ақ басқарушы немесе оппозициялық партиялардың ұсынысымен саяси бағыттарын таңдап алуымен айқындалады.

Міне осы жағдайларды ескере отырып, “саяси процесс” – саяси субъектілердің биліктік мүдде мен мақсатқа жету, саяси институттарды жасау немесе қайта жасау үшін реттелген дәйекті әрекеттері мен әрекеттестіктері деген қорытындыға келуге болады.

#### ***Саяси процесс және саяси қызмет түрлері.***

Саяси процестер бір-бірімен көлемі, ұзақтығы, субъектілері және олардың әрекеттесуі сипаты жағынан ерекшеленеді. Саяси ғылымда саяси процестің түрлі типтері бөлініп көрсетілген. Қазіргі ғылымда түрлі критерийлерге негізделген саяси процестерді топтастыру амалдары бар. Саяси процестердің түрлі көлемдік тұрғысынан оның бірнеше түрін көрсетуге болады.

Ең алдымен ол нақтылы жеке топтық және жартылай институционалдық субъектілерді өзара әрекеттестікпен байланысты күнделікті саяси процестер. Мысалы, парламенттегі заң шығару процесі.

Екінші түрі — тарихи процесс. Мұндай процестер белгілі бір тарихи оқиғаны жасаумен байланысты. Мұндай саяси процестің мысалы ретінде төңкерісті, белгілі бір саяси партияның пайда болуын, оның дамуын т. б. келтіруге болады.

Үшіншіден — көлемді уақыттық бірлікпен өлшенуге келетін, ірі саяси субъектілердің (институттар, саяси жүйелер) қатысуымен сипатталатын эволюциялық саяси процесс. Мұндай процесс ретінде

саяси жүйенің модернизациялануын немесе демократиялық транзитті қарастыруға болады.

Төртіншіден — қоғамдағы саяси биліктің өзгеруіне және саяси процестің нәтижесіне байланысты. Оған жататын процестер революция, реформа, келісім арқылы енгізген өзгерістер болып табылады. Осы жолдары арқылы саяси жүйеде саяси трансформация процесі өтеді.

Қазіргі саяси ғылымда процестің негізгі екі моделі көрсетіледі : жаһанды және бір жақты. Жаһанды саяси процесс саяси жүйенің қызметі мен өзгеруінде іске асатын саясат субъектілерінің жиынтығын қамтиды. Ал бір жақты саяси процесс — саяси-экономикалық, саяси-идеологиялық, саяси-құқықтық т. б. түрінде болып отырады.

Жаһанды саяси процестің негізгі сатылары : нақтылы саяси жүйені институционализациялау; саяси жүйенің дағдарысы мен жойылуы. Кез-келген саяси жүйенің құрылуы жаңа саяси институттар мен нормаларды жасауды, кейбір ескі институттарды модернизациялап, оны жаңа жүйеге біріктіріп өзін легитимдеуді көздеп отырады. Сондықтан жаңа саяси институттарды жасау және оларды заңдастыру бір процесстің екі жағы. Саяси жүйенің жаһанды саяси процесстің аспектісі ретінде қызмет етуі орнатылған саяси қатынастар мен институттар, нормалар, құндылықтар, рәміздер, саяси тіл және барлық өзге механизмдер мен билік атқарушы рөлдерді тұрақты түрде саяси ұдайы жасалып отырады.

## *2. Саяси процестің жіктелуі*

Саяси процесс жіктеліп, топталады. Саяси еркіндікті іске асыру объектісіне қарай ол ішкі және сыртқы саяси процесс болып бөлінеді. Сыртқы саяси процесс жөнінде кейін арнайы сөз болады. Ал ішкі саяси процесс азаматтардың саяси белсенділігінің институцияланған түрлерінен, олардың іс-әрекетінен, билік құрылымының ұйымдасуынан және т. б. белгілі болады. Олар азаматтарды саяси іске тарту, жұмылдырудың амал-әрекеттерін, басқару түрлерін айқындайды. Саяси ұйымдардың жаңа талаптарға сай

жұмысын, құрылымын өзгертіп, бейімделе, икемделе білуі оның әлеуметтік ортаға етер ықпалының деңгейін көрсетеді.

Саяси билікті ұйымдастыру жүйесінің сапасына қарай демократиялық және антидемократиялық саяси процесс етіп бөледі. Демократиялық түрінде халық (тікелей немесе өкілдері арқылы) монархтың, бір билеуші партияның, әскери топтың қолында болады.

Атқаратын қызметінің жариялылығы бойынша ашық және жасырын саяси процесс деп топтастырылады. Ашығында азаматтар, топтар билік институттарымен үздіксіз кездесіп, мақсат-мүдделерін білдіріп отырады. Билік органдары қоғамдық пікірді зерттеп, саралап, олардың талап-тілектерін ескеріп, соған орай саяси бағытына түзетулер енгізеді.

Жасырын түріне тоталитарлық тәртіпті атауға болады.. Онда бүкіл билік орталықтың қолында, жергілікті жердің ой-арманымен санаспайды, стратегиялық мәні бар саяси шешімдерді қабылдаудан шеттетіледі. Адамдардың барлық өмірі қатаң бақылаудың астына түсіп, еркіндіктері мен бостандықтары шектеледі. Саяси процеске қатысқысы келмесе де кейінгі зардабынан қорқып, күш, зорлықтың арқасында қатысуға, орталықтың ығына жүруге мәжбүр болады.

Әлеуметтік және саяси құрылымның өзара байланыс түріне, билік субъектілерінің қызмет ықпалдылығы және өзара қатынастарының тиянақтылығына байланысты саяси процесті тұрақты және тұрақсыз етіп бөледі. Тұрақты жағдайда билік институттары өтімді, сенімді жұмыс істейді, азаматтар да саяси іске белсенді қатынасады. Саяси шешімдер дәстүрлі демократиялық жолмен қабылданып жатады. Әлеуметтік түсінбеушілік, кикілжіндерді азаматтық, ұйымдар өздері реттейді. Мемлекет олардың ісіне араласа бермейді. Жалпы халықтың хал-ахуалы жақсы елде заңды тәртіп орнайды. Көпшілік жұрт билік институттарының іс-қимылын қанағаттанғандықпен қабылдайды.

Тұрақсыз жағдай әдетте қоғам өмірі күйзеліске ұшырап, тығырыққа тірелген шағында пайда болады. Оған халықаралық қатынастардағы шиеленістер, соғыстағы жеңіліс, өндірістің ұзақ уақыт құлдырауы, көпшілік халықтың әл-ауқатының нашарлап, төмендеуі және т. с. с. әлеуметтік кикілжіндер себеп болады. Қайшылықтардың күшейіп, асқынуы, дер кезінде шешілмеуі көпшілік жұрттың наразылығын тудырады. Мұндайда саяси бағытты өзгертуге тура

келеді. Оны реформалық және революциялық жолмен жүзеге асыруға болады. Реформада жаңа заң актілері арқылы сол қоғамның шеңберінде өзгерістер енгізіледі. Онда алға қойған мақсатқа ақырын, кейде бірнеше кезең арқылы жетеді, өзгерістер біртіндеп жасалады. Революция — қоғамдағы биліктің, саяси жүйенің толық, түбегейлі өзгеруі. Ол әлеуметтік-саяси өмірдің терең дағдарысынан туады. Мемлекет басындағы топтар өздігінен билікті бере қоймайтындықтан онда күштеу, зорлау кең орын алады.

Бұл екі жолдың да өз жақтастары мен қарсыластары бар. Революциялық жолды басшылыққа алушылар — марксистер. "Саяси экономиясына" деген кітапқа жазған алғы сөзінде К. Маркс былай деп көрсетті: өндіргіш күштер өз дамуының белгілі сатысында осы дамуына бұғау болатын өндірістік қатынастарға қайшы келеді. Сол кезде әлеуметтік революция заманы туады. Оның колдаушылары реформа қоғамды ішінара, жарым-жартылай ғана өзгертеді, әлеуметтік шиеленісті уақытша бәсеңдетеді деп түсіндіреді. Әрине, билеуші топтың, таптың саясаты көпшілік жұрттың талап-тілегіне қайшы келіп, ерік, бостандығы тапталса, тығырықтан шығар басқа жол болмаса, әлеуметтік революцияшы болуы мүмкін. Бірақ оның елеулі кемшіліктері бар. Ең алдымен, ол жолда көптеген адам құрбан болады, ғасырлар бойы жиналған материалдық қазына-байлықтар, мәдени мұра, ескерткіштер қирайды. Қоғам өміріне қыруар шығын келеді. Біраз жағдайда оның немен бітуін де болжап айту қиын. Сондықтан адамзат қазір өзгерістерді біртіндеп жасағанды жөн көреді. Сонда қоғам дамуында бірнеше мүмкіншіліктен ең тәуірі іріктеліп, қателіктер асықпай түзетіліп, халықтың қалауынан өтеді.

Саяси жүйеге ықпал жасау үшін көтеріліс те жасалады. Оны ұйымдастырушылар алдына белгілі бір мақсат қояды. Соларға қарап өз елінің экономикалық, мәдени, ғылыми деңгейінді салыстырып, байқауға болады, тіпті өзіміздің күнделікті өміріміздің кедейлігін, күйкілігімізді, бейшаралығымызды айнада көргендей боламыз дейді.

Әрине, Батыстан көп нәрсені үйренуге болады. Әсіресе, жеке адамның еркіндігі мен бостандығын жоғары қою, оны мемлекеттің езгісінен босату, олармен сауда-саттықты өрістетуге, тәжірибесін саралап, жақсы жағын қабылдау, мәдениетін бағалау жөн және т. б.

Десе де Қазақстанның түп тамыры Шығыспен байланысты. Оған дәлел-діні, мәдениеті, бұрынғы жазуы. Мәдениет бізге ең алдымен сол жақтан келді. Шығыс мәдениетіне қазақтардағыдай қауымдас-тық, ұжымдас-тық, туыстық жақын. Азия елдерінде саяси бейімделудің тиімді мысалы ретінде Жапонияны алуға болады. Олар басқа елдердің ең жақсы жақтарын қабылдай отырып, өзіндік ерекшеліктерін, төлтумалығын жоғалтпайды. Ұлттың бар күшін Батыстың ең жаңа технологияларын меңгеруге жұмсап, жұмылдырып, әлемдегі ең озық, дамыған елдердің біріне айналды.

Егер республикамыз өркениетті елдердің даму жолын, тәжірибесін терең саралап, орынды пайдалана білсе, олардың жіберген қателіктерін қайталамай, реформаны жылдам жүргізуге болар еді. Тарих көрсетіп отырғандай, Батыс елдері реформаны жасағанда халықпен кеңесе отыра істейді. Оны сан түрлі жүзеге асыруға болады. Мысалы, жергілікті жерде болса жиындар, жиналыстар, билік органдарын бақылайтын комиссиялар және т.т. Ал бізде шешімдер көп жағдайда біржақты жоғарыдан төмен түсірілу, әміршілдікке ұрыну, олар жабық жағдайда қабылдануы басым сияқты. Жалпы, билік басындағылардың қызметі халық бақылауынан тыс қылып бара жатқандай. Онсыз демократияны орнату қиын.

Біздің халықтың санасына авторитарлық тәртіп сіңіп қалған. Сондықтан халықтың саяси мәдениетін көтеру басты мақсаттардың бірі болуға тиіс. Олар өз құқықтарын, бостандықтарын қорғай білулері керек. Бұл жолда алдымен Конституцияда көрсетілген қағидалар: құқықтық мемлекеттің принциптері, оның демократиялық негіздері, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық екендігі, оның құқықтары мен бостандықтарының мүлтіксіз сақталуы, биліктің заң шығарушы, атқарушы, сот билігіне шын мәнінде (сөз жүзінде емес) тармақталуы және т. б. ережелердің қалтқысыз орындалғандары шарт. Елде экономикалық, саяси, құқықтық реформалар тынымсыз болып жатады. Ол — өмір талабы. Бірақ солардың бәрі әбден ойланып, терең толғанып қабылданып, іс жүзіне асып жатса, мемлекеттік емес қатынастар бекітіліп, өмірдің барлық саласында өркениетті қарым-қатынастар қалыптасып жатса, демократиялық тәртіпке жылдам жетуге болады.

Сайып келгенде, либералдық демократиялық жолға түсу — бүгінгі таңда дамудың ең басты бағыты. Ол жалпы адамзаттық

құндылыққа жатады. Саяси бейімделу барысында қоғамның жаңа экономикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына тиімді жауап қайтарарлықтай ашық саяси жүйе құрылады. Біздің мақсатымыз — ата-бабамыздың дәстүр ерекшеліктерін сақтай жүре, алдыңғы қатарлы елдердің өркениетті тәжірибесін бойға сіңіре отырып, нағыз демократиялық жолға тезірек түсу.

### **Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. Саяси процесс дегеніміз не?
2. Саяси процеске қатысу түрлері қандай?
3. Қазақстан Республикасындағы саяси процестердің ерекшеліктері қандай?
4. Саяси процестің типологиясы. Сыртқы және ішкі саяси процестер.
5. Саяси қызмет, оның субъектілері мен объектілері.
6. Ашық және жасырын саяси процестер дегеніміз не?

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Саяси процесс және оның мәні мен қоғамның дамуындағы маңызы.
2. «Саяси процестің түрлері».
3. Қазақстан Республикасындағы саяси процестер.
4. Саяси процестердің мәні және құрылымы.
5. Саяси өзара-әрекеттестік және саяси күрес.

## 10-ТАПЫРЫП.

### МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

1. Мемлекеттің пайда болуы мен мәні.
2. Мемлекеттің белгілері мен қызметтері.
3. Мемлекеттік құрылым және басқару түрі.
4. Азаматтық қоғам және құқықты мемлекет: мәні және негізгі салдары.

#### 1. Мемлекеттің пайда болуы мен мәні

Мемлекет деген ұғым екі мағынада қолданылады: 1) кең мағынасында үлкен әлеуметтік топтың ұйымын білдіреді де «халық», «қоғам», «ел» деген ұғымдарға сәйкес келеді; 2) тар мағынасында басқару құрылымының, мемлекеттік аппараттың жиынтығын білдіріп, «үкімет», «әкімшілік» деген ұғымдарға сай келеді. Саясаттануда екінші мағынасында пайдаланылады. Бұдан кейінгі жерде біз де сол көзқарасты ұстанамыз.

Мемлекет — саяси жүйенің басты элементі, оның негізгі ұйымы. Ол — керек арнаулы күштеу органдарын пайдалана отырып, өз аумағында тұратын адамдардың, мүддесін қорғауға тиіс және соған орай олардың арасындағы арақатынастарды құқықтық ережелер арқылы реттейтін қоғамдық механизм.

Мемлекет алғашқы қауымдық қоғамда болған жоқ. Ол құл иеленушілік қоғамда дүниеге келді. Оның пайда болуы және мәні жөнінде әр түрлі көзқарастар бар. Солардың ішінде ең кең тарағандары мыналар:

1. Теологиялық теория. Оның негізін салушылар А. Августин мен Ф. Аквинский мемлекеттің пайда болуын құдайдың құдіретімен түсіндірді.

2. Патриархтық теория. Оның негізін салушы XVIII ғ. өмір сүрген ағылшын ойшылы Роберт Филмер мемлекеттің пайда болуын рулардың тайпаға, тайпалардың одан үлкен қауымдастыққа,



олардың одан әрі мемлекетке дейін бірігуінен деп санайды. Осыған ұқсас идеяны Аристотель де айтқан болатын.

3. Қоғамдық келісім теориясы (Т. Гоббс, Г. Гроий, Ж. Ж. Руссо) егеменді әмірші мен оның қол астындағы адамдардың келісімінің арқасында мемлекет пайда болды дейді.

4. «Зорлықжасау» теориясы (Е. Дюринг, Л. Гумплович, К. Каут-ский) бір елді екінші елдің басып алуының нәтижесінде арадағы қатынастарды реттеу үшін мемлекет пайда болды деп пайымдайды.

5. Географиялық теория (А. Ратцель, В. Соловьев, Б. Чичерин) мемлекеттің пайда болуы географиялық ортаның (ауа райы, жер бедері және т. б.) өзгешеліктерінен деп түсіндіреді.

6. Психологиялық теория адамдарға бағыну мен құлшылық ету қажеттігі мәңгі бақи тән болған дегенді айтады.

7. Марксистік теория мемлекеттің пайда болуын жеке меншік пен таптардың, шығуымен байланыстырады. Ол экономика жағынан үстемдік етуші таптың саяси үстемдігін қамтамасыз ету үшін және басқа таптардың қарсылығын басу үшін керек деп санайды. Ф. Энгельс мемлекет әрдайым "ең қуатты, экономикалық жағынан үстем таптың мемлекеті болып табылады, сондай-ақ ол тап мемлекеттің көмегімен саяси жағынан да үстем тап болып алады және осы арқылы езілген тапты басып-жаныштау және қанау үшін жаңа құралдарға ие болады деп жазды. (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 21-том, 171-бет).

8. Қазіргі шетелдік зерттеушілер мемлекеттің мәні таптық күресті бітістіруде, татуластыруда деп біледі. Оған барлық халықтың, ұлттың мүддесіне сай келетін қоғамдықтар тіпті жасайтын ұйым, құрал ретінде қарайды. Қоғамға қауіпті әлеуметтік шиеленістерді асқындырмауға тырысады және оларды бейбіт саяси жолмен шешу үшін мемлекет негізгі әлеуметтік топтар арасындағы қатынастарға белсене араласып, ортадағы әділ төреші сияқты болуы керек дейді.

Сонымен мемлекет деп белгілі бір аумақ шеңберінде адамдардың әлеуметтік топтар, таптар мен бірлестіктердің қатынастарымен қызметтерін ұйымдастыратын, бақылайтын қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементін айтамыз.

Мемлекет — бұл қоғамның саяси жүйесінің орталық институты. Мемлекеттің негізгі қызметі — саяси басқару, сыртқы жаулардан қорғалу, экономикалық және әлеуметтін тұрақтылықты қолдау. Дж. Локк (1632-1704) жазған: «Барлық тұлғалардың жекеменшігі бар, сондықтан, мемлекет осы жекеменшіктің қорғаушысы болуы тиіс. Мемлекет — тұлғаның қауіпсіздігінің кепілі». Алғашқы қоғам дәуірінде жекеменшік ұжымда болды, сондықтан, жекеменшікті қорғау қажеттілігі болмады. Локк тұлға мәнінің қалыптасуы мен тұлғаның жекеменшігі түсінігінің өзарабайланысын ерекшелейді.

Мемлекеттік билік елдің барлық аумағында барлық азаматтарға, кәсіпорындарға, мекемелерге таралған. Билік функцияларының орындалуы үшін арнайы құрылымдар жасалады: сот, әскер, полиция, әкімшілік аппарат. Мемлекеттік билік ел аумағында жоғарғы немесе егемен болып табылады.

Мемлекеттің егемендігі — оның сыртқы саяси және ішкі билігінің үстінен қараушылығы. Мемлекет аумағында тек оның заңдары ғана әрекет ете алады. Егемендік принципі басқа мемлекеттің оның ішкі істеріне кірісуіне рұқсат етпейді. Халықаралық құқық негізіне егемендікті сыйлау принципі қойылған.

Мемлекеттің жоғарғы билігі дегеніміз:

- ол мемлекеттің барлық аумағында қызмет етеді;
- ол әр бір азаматқа және қоғамның барлық құрылымына таратылады;
- тек мемлекет заңмен қарастырылған жағдайларда күштеу көрсете алады;
- тек мемлекет атынан әділеттік орнатылып, заңдар қабылданады;
- заңмен сәйкес қабылданған және оған сәйкес әрекет ететін актілердің күші болады.

Демократиялық қоғамдағы жоғарғы билік көзі болып халық есептеледі. Сондықтан көптеген конституцияларда халық мемлекетке билік береді. Бірақ азаматтар бостандырақ болуы үшін емес, өздерінің құқықтары мен бостандықтарын жақсырақ қорғау үшін өздерінің құқықтарының бір бөлігін береді және өздерінің бостандықтарын шектейді. Тіпті диктатура шартында бұл жағдай белгілі бір деңгейде заңды болды. Егер азаматтар реттелмейтін күн тәрті-

біне шыдаса, онымен қоса олар биліктің жасап отырғандары үшін жауапкершілік өлшемін тартуы тиіс.

Қоғамдық келісім идеясын бекітумен қоса, егер ол мемлекет құрған халық келісіміне сүйенсе билік заңды болып есептелетіндігі басым болып отыр. Сословиесіз қоғам идеясын бекіткеннен кейін, билік халықтың толықтай қолдауына тырысады. Осының ең жақсы дәлелі — жалпылай дауыс берумен мемлекеттің маңызды институттарын таңдау. Диктатура кезінде басқарушылар олардың өкілеттілігі халық тілегіне сүйенеді деп айтуда. Бірақ соның өзінде, демократиялық процедураның наразылығын айту рұқсат етілмейді, ал сайлау мен референдумдар, егер олар жүргізілсе, тек формальді акцияға айналады. Оның орнына мемлекет адамдарды үгіттеу немесе қорқыту көмегімен өзінің заңдылығына көндіруге тырысады.

Қазіргі уақытта мемлекет функциясы қазіргі уақытта жеткілікті кең. Ол тұрақты азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін жағдайлар жасайды, әлеуметтік топтар арасында қарым қатынасты реттейді, дау жанжалдарды шешеді. Экономикалық сфера мемлекетпен жасалған заңнамалық механизммен реттеледі. Онымен қоса билік органдары білім жүйесінің, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет және т. б. функционалдануына әсер етеді. Ірі еңбекті дау жанжалдар болған кезде (ереуілдер) ресми тұлғалар көбінесе еңбектенуші мен кәсіпкерлер арасында делдал болады. Осындай жағдайлар Францияда, Италида, АҚШта және басқа мемлекеттерде болған. Көбінесе үкімет этникалық және нәсілдік дау жанжалды шешу қажеттілігі алдында тұрады. Мемлекеттік қызметтің ең тиімдісі жанып тұрған қарсы тұруды басу кезінде, ал пайда болу кезеңінде оған себеп болғанды жояды. Онымен қоса, әр түрлі мемлекеттерде көбінесе күш пен басқа да қатаң әдістер барлық болуы мүмкін дау жанжалдар үшін қолданылады.

Ерекше мағына мемлекеттің сыртқы саяси функциясында — сыртқы қауіптен қорғану, басқа державалармен байланыстар орнату, алдымен, көршілермен, онымен қоса, халықтық ұйымдармен. Мемлекетаралық дау жанжалдар әлемге өте қауіпті және барлық планетаның кейбір жерлерінде қауіпсіздікті сипаттайды. Сондықтан демократиялық мемлекеттердің халықаралық саясатының

негізгі мақсаты — тиімді экономикалық, саяси, мәдени, спорттық және басқа да ынтымақтастықпен қамтамасыз ету.

## *2. Мемлекеттің белгілері мен Ұызметтері*

Мемлекеттің бірнеше белгілері бар.

1. Аумақтық (территориялық) бөліну. Алғашқы қауымдық қоғамда халық қандас туысқандығы жағынан ұйымдасып, ру-ру, тайпа-тайпа болып тұратын. Жоғарғы өкімет халық жиналысының қолында болған, яғни ол не шешсе, сол орындалатын. Ер-азаматтар қаруын қасында сақтаған, тосыннан жау шапса, дер кезінде тойтарыс беру керек болған. Сондықтан халықтан оқшау қарулы күштер болмаған.

Қоғам таптарға бөлінгеннен кейін жағдай өзгерген. Өндірістің өркендеуі, еңбектің бөлінуі, сауданың өсуі, халықтың көбеюі ру мен тайпаның бұрынғы бірлігін бұзды. Түрлі рулар мен тайпалардың мүшелері кәсіптеріне қарай қоныстана бастайды. Соның арқасында олар бір-бірімен араласады. Қолөнер мен сауда өркендеген соң қалалар пайда болады. Бұларға басқа ру, тайпалардан көптеген келімсек халық келіп қосылады. Ру жағынан бөлінудің орнына халық аумағы бойынша бөліне бастайды. Штаттар, губерниялар, болыстар пайда болады. Мемлекеттің заңдары мен «өкілеттілігі сол аумақта тұратын адамдардың бәріне де қатысты.

2. Ерекше өкімет аппараты (жария билік). Құлдық дәуірінде құл иеленушілер мен құлдардың арасында тап күресі күшейді. Аз ғана құл иеленушілерге мыңдаған құлдарды бағындырып, дегенін істету үшін бұқара халықтан бөлек, оның үстінен қарайтын айрықша өкімет аппараты керек болды. Ол өзінің үстемдігін қарулы әскер, шенеуніктік аппарат, полиция, сот барлау, шіркеу, баспасөз және т. б. құралдары арқылы жүзеге асырды. Алғашқы қауымдық қоғамда олар болмаған.

3. Мемлекеттің егемендігі. Ол — ішкі және сыртқы істерін атқарудағы толық тәуелсіздігі, дербестігі. Сондықтан ол бүкіл қоғам атынан ресми істі жүргізе алады. Өзінің аумағындағы барлық адамдарға, ұйымдар мен мекемелерге міндетті заңдар мен ережелерді шығаруға мемлекеттің ғана құқығы бар.

4. Ашық күш қолдану, зорлық еріксіз көндіру. Қылмыс жасағандарды еркінен айырудан бастап, өлім жазасына дейін кесе алады. Оны орындауға жоғарыда екінші белгісінде көрсетілген құралдары бар.

Салық салу, орасан үлкен мемлекеттік аппаратты ұстау үшін халықтан салық алынады. Бертін келе қазынаның тапшылығын толтыру үшін заң шығарып жаздыртады. Салық пен заң рулық құрылысқа жат құбылыс болатын.

5. Мемлекеттің міндетті түрде мүшесі, азаматы болуы. Жалпы мемлекет болу үшін оның өз аумағында (жерінде) тұратын халқы болуы керек. Ол халық бір ұлтты немесе көп ұлтты болуы мүмкін. Халықсыз мемлекет болмайтыны белгілі. Алайда мемлекетсіз халық болуы мүмкін. Мысалы, 1948 жылға дейін еврейлердің мемлекеті болмады. Ал курд халқының әлі күнге дейін өз мемлекеті жоқ. Мемлекетте тұратын адамдар сол елдің азаматы болуы керек. Мысалы, партияға, кәсіподаққа, т. т. кірсең де, кірмесең де өз еркінде. Ал мемлекеттің аумағында тұрған соң, сол елде туған соң, сол елдің азаматы боласың. Азаматтығы жоқ адам (апатридизм) құқықтық жағынан қорғансыз келеді. Ал азамат болсаң сол елдің заңы орындауға мәжбүрсің. Орымдамасаң мемлекеттің күштеу органдары жауапқа тартады.

Мемлекеттің қызметтері, оның қоғамдық процестерге әсер етуі әрдайым өзгеріп отырады. Қоғамның дамуымен азаматтардың оларға қарым- қатынасы да өзгереді. Әр түрлі тарихи жағдайлар, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, менталитет, саяси мәдениет деңгейі саяси биліктің қызметі мен мінез-құлқына әсер етеді. Менталитет — тарихи қалыптасқан индивидуумның және толығымен қоғамның жүріс-тұрысы мен ойлау ерекшеліктері.

Кейде мемлекеттер өзінің қол астындағыларды тіпті толығымен қарамағына алады. Осылайша, орта ғасырларда кейбір қалалардың биліктері азаматтарға тағайындалады, оларға қалай киіну керек, тұрмысты және жеке өмірді ұйымдастыруды қадағалайды. Кішкене ауытқулар тіпті қылмыс ретінде қарастырылды. Қазіргі заманғы мемлекет өзінің қарамағына қоғамның функционалдануы мүмкін болмайтын, тек маңызды қызметтерді ғана алады.

Мемлекеттің қызметтері:

Ішкі:

- адамның құқықтары мен бостандығын қорғау, тәртіп сақтауды күзету;
- экономикалық жүйені басқару;
- салық жинау;
- әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру;
- қоршаған орны қорғау;
- мәдениетті қолдау, тарихи мұраға қамқорлық жасау.

Сыртқы:

- сыртқы қауіптен мемлекеттің қорғану күші;
- басқа мемлекеттермен ынтымақтастық;
- халықаралық ұйымдар қызметіне қатысу.

### 3. Мемлекеттік құрылым және басқару түрі

Басқару түрі — ол жоғарғы мемлекеттік биліктің ұйымдастыру тәсілі, органдарының қарым-қатынас жасау принципі және оның қалыптасуына тұрғындардың қатысуы. Басқару түрінің екі негізгі түрін айырады: монархия және республика. Монархия — басқару түрі осыған сәйкес мемлекеттегі жоғарғы билік мемлекет басшысының қызметін көбінесе басқа билік қызметін біріктіреді. Олар заң шығарушы және атқарушы билік бір адамның қолында болады — ол монарх. Монархия екі түрде өмір сүреді: абсолюттік және Конституциялық. Абсолюттік монархияда мемлекеттік билік монархтың өзімен жүзеге асады. Конституциялық монархияда монарх билігі басқа билік органдарымен шектелген, ол Конституцияға негізделген.

*Республика* — басқару түрі, онда мемлекеттегі жоғарғы билік парламентке және президентке тиесілі. Республиканың бірнеше түрі бар. Олар: парламенттік, президенттік және аралас.

Парламенттік республиканың ең басты айырмашылығы - ол үкіметтің парламент негізінен қалыптасуы және парламент алдында формалды жауапкершілігі.

Парламенттік республиканың айырықша белгісі — (АҚШ, Азия елдері, Африка) президент бір уақытта мемлекет басшысы және

үкімет басшысы, ішкі және сыртқы саясатты басқарады және қарулы күштердің жоғарғы басқолбасшысы болады.

Аралас республика Австрияда, Ирландияда, Португалияда, Польшада, Финляндияда, Болгарияда ж. т. б. елдерде бар. Бұнда күшті президенттік биліктің және парламенттің үкімет іс-әрекетіне бақылау жасайды.

Мемлекеттің территориялық-ұйымдық құрылымы оның құрамдасының түрі болып келеді.

Мемлекеттік құрылымының түрі әр түрлі болады. Саясаттануда мемлекеттің унитарлық, федеративтік, конфедерациялық және империя түрлері көрсетіледі.

*Унитарлық* мемлекеттік құрылымға, бір территория, бір Ата зан, орталықталған сот жүйесі, мемлекеттік биліктің, жоғарғы органдардың бір жүйесі, бір азаматтық сәйкес. Мысалы: Қазақстан, Жапония, Англия.

*Федерация* ол одақтық мемлекет болып келеді. Анықталған тәуелсіздігі бар автономиялық мемлекеттерден құрылған. Мысалы: Ресей, АҚШ, Германия.

*Конфедерация* — ол бір жалпы-сыртқы саяси, қорғаныс, экономикалық мақсаттарға жету үшін тәуелсіз мемлекеттердің одағы. Қазіргі кездерде өте сирек кездеседі, тіпті жоқ деп айтуға болады.

Федеративтік мемлекет құрылымның бір типі, ол империя, (латын тілінде — империум — мемлекет билігі). Оларға кең территория, орталықталған күшті билік, әр елдің ұлттың және тұрғындардың мәдени құрамы сәйкес.

#### 4. *Азаматтық қоғам және азаматтық мемлекет: мән және негізгі салдары*

##### *Азаматтық қоғам*

Қоғам — әлеуметтік, мәдени, рухани және ғылыми құндылықтарды дамыту мен сақтауға арналған мемлекеттік емес институттар мен байланыстар жүйесін білдіретін мән. Азаматтық қоғам жеке адамның немесе адамдар тобының бостандығы мен құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

Қоғам мен азаматтық қоғам терминдерін шатастыруға болмайды. «Азаматтық қоғам» түсінігінің өзі азаматтық түсінігімен байланысты. Адамның өзін мемлекет азаматы сезінуі дамудың белгілі бір сатысында ғана болады. Азаматтық — бұл адамның мемлекеттің бір бөлігі ретінде құқықтық мәртебесі. Азаматтық түсінігінің кең мәнде қарастыратын болсақ, ол тек заңды мәртебе қана емес, онымен қоса әлеуметтік жағдайы да. Құқықтық компоненті түсінігіне мемлекеттік қатынаста белгілі бір бостандық пен міндеттер, құқықтарға ие болу жатады. Осылайша, Қазақстан Республикасының азаматы мемлекет аумағы бойынша еркін орын ауыстыру, шет елге бару, шерулер мен жиналыстарға қатысу құқығына ие, онымен қоса, ол салық төлеуге міндетті. Біздің елге келген шетелдіктер Қазақстан азаматының барлық құқықтарын қолдана алмайды. Мысалы, олар сайлауға қатыса алмайды, еркін орын ауыстыру үшін оларға міндетті түрде үкіметтің рұқсаты — виза керек.

Азаматтықтың әлеуметтік компонент түсінігіне тұлғаның экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірге толық қатысуы жатады. Осылайша, азаматтық қоғам өзінің әр бір қатысуы үшін тек формалды заңдармен анықталмайтын, онымен қоса әдет-ғұрып, нормалар, дәстүрлермен және т. б. анықталатын тең мәртебе қалыптастырады.

Азаматтық — туғанынан бастап тиісті құқықтары мен бостандықтары берілген және мемлекеттің заңды және өнегелі нормалары алдында міндеттері бар қоғамның жеке мүшесі.

Антикалық уақытта «азаматтық қоғам» мен «мемлекет» түсінігі синоним сөздер болған. Азамат мәртебесі толыққұқылы азаматтарды көптеген құқықсыздардан ажыратты. Әйелдер де азаматшалар болып саналмады. «Әлеуметтік» және «саяси» түсініктеріне жанұя, дін, мәдениет те жатты, осылайша, жеке адам өзін мемлекеттен тысқары елестете алмады. Барлық сферадаға қызмет мемлекеттік бастаумен біріктірілді. «Азаматтық қоғам» мен «азаматтық» терминдерінің осындай түсінігі синонимдер ретінде XVII ғасырға дейін сақталды.

Әйгілі ойшылдардың Локк, Руссо, Монтескье, Кант, Гегель еңбектерінде азаматтық қоғамның жаңа түсінігі ұсынылған. Мемлекеттің шексіз қамқорлығынан тұлғаның бостандығы идеясының пайда болуы «Мемлекет» және «Азаматтық қоғам» түсініктері дер-



бес болып табылады және олар толығымен мемлекетке бағынбайды. Онымен қоса, бұл түсініктер терең түрде өзарабайланысты. Мемлекет қоғам алдындағы күшімен тұтастай әлеуметті және жеке өмірге бағынатын қоғамның еркін орындайтын орган болады.

Сайып келгенде, азаматтық қоғам мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығы.

#### ***Азаматтық қоғамның негізгі институттары***

- жекеменшікпен негізделген мемлекеттік емес әлеуметтік-экономикалық қатынастар;
- қоғамдық ұйымдар;
- саяси партиялар мен қозғалыстар;
- кәсіпшілер одағы;
- діни қауымдастықтар;
- кооперативтер;
- жанұя;
- ғылыми мекемелер;
- мәдениет және т. б.

Осы институттардың көбісі бір-бірінің қызығушылығын танытуға қарама-қайшы шығатын әр түрлі бағытта. Осылайша, мысалы, партиялар мемлекеттің даму альтернативті бағдарламасын ұсынады және өздерінің жоспарларын жүзеге асыру үшін бір-бірімен парламенттегі орын үшін күреседі. Азаматтық қоғам жеке және топтық қызығушылықтарын үндестіруге шақырады. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұйрығымен «2006-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамды дамыту» тұжырымдамасы бекітілді. Экономикалық, әлеуметтік және саяси сферадағы түбірлі реформалардың арқасында қоғамдық бірлестіктер құрылып, олар әртүрлі әлеуметтік топтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғауға бағытталып әрекет ете бастады.

#### ***Құқықтық мемлекет***

*Заңдармен негізделген еркін қызмет ететін мемлекет құқықты мемлекет деп аталады.*

*К. Ясперс*

Демократиялық тәртіп тек құқықтық мемлекеттің билік деңгейінде өзінің аяқталғанын жүзеге асырылуын алады.

«Құқықтық мемлекет» түсінгі екі компонентті біріктіреді — құқық пен мемлекет. Мемлекет саяси жүйенің орталық институты ретінде мықты құқықтық бастауға ие болуы тиіс.

Құқық өзімен өзі мемлекетте Конституция, заң және басқа да заңды бекітілген нормалар көмегімен мемлекетте тәртіпті қамтамасыз етуді сипаттайды. Заңдар қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз етуге мақсатталған. Құқықтық нормалар адамның құқықтары мен бостандықтары үшін бекітілген, олар азаматтардың міндеттері мен шешімдерді қабылдау процедураларын анықтайды.

Құқықтық мемлекет негізгі заңды — Конституцияны ұстануды қамтамасыз етуге тырысады. Жеке заңдар қызметі қатаң түрде Конституция ережелеріне сәйкес келуі тиіс. Әр бір азамат, әр бір ұйым және мемлекет толығымен заңға бағынуы тиіс. Заң алдында бәріде тең. Құқықтық мемлекет нормалары әлеуметтік жағдай, ұлт, діни ұстаным, жынысы мен тұлғаның жасына байланысты шеектеулерді жібермеуі тиіс.

Кез келген мемлекетте арнайы белгіленген немесе халықпен сайланған азаматтар бар — қызметтік тұлғалар, олар заңдылықты ұстануды бақылау мен билікті жүзеге асыру бойынша өкілеттіліктермен үлестірілген. Олардың негізгі тапсырмасы – қоғам қызығушылығына қызмет ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау.

Заңдарды қатаң ұстану мен тиімділікті қамтамасыз ету үшін арнайы мемлекеттік институттар құрылады. Алдымен ол сот, прокуратура, полиция онымен қоса арбитраж, тәртіптік кеңес, есептік комитет және т. б.

Қоғамның құқықтық негіздері жалпы адами мазмұнға ие болуы тиіс, ол жеке әлеуметтік немесе ұлттық топтардың қызығушылығын қорғамауы тиіс, ол қоғамды толығымен қорғауы керек. Кез келген құқықтық мемлекет адамның құқықтар мен бостандықтарын заңды бекітуге ғана тырыспайды, онымен қоса оларды қорғаудың шын механизмін құрайды. Осы мақсатпен тұлғаның құқықтарын қорғауда тұрған институттар қалыптасады. Бұл соттар, Конституциялық Кеңестер, полиция, әскер, ұлттық қауіпсіздік органдары. Қазақстанда Республика Президентімен адам құқықтары

бойынша комиссия қызмет етеді. Осындай органдар көптеген демократиялық мемлекеттерде кездеседі.

Қоғам жиі жеке адамдар қызығушылығы немесе ұйымдардың бір бірімен қайшылықта болуымен кездеседі. Кейде нақты бір тұлға мен мемлекеттің арасында, немесе мемлекет және оның аумақтары арасында болады. Осындай оқиға құқықтық нормалар осы дау-жанжалды басуға тырысады, онымен қоса қоғамдық тұрақтылық пен азаматтық келісімді сақтайды. Құқықтық мемлекет тек күш беретін органдар көмегімен қызмет етпейді (полиция, сот, ұлттық қауіпсіздік органдары және т. б.). Ол азаматтық қоғаммен тығыз байланыста болады, сондықтан, өз күшімен бірлестік барлық азаматтар мен әлеуметтік топтар сұраныстары мен қызығушылықтарын ұстануға мүмкіндік туғызады.

Мемлекет экономика қызығушылығын қорғауы тиіс, онымен қатар жеке халық қабаттарының сұраныстарынан өзінің дербестілігін сақтау, әсіресе материалдық қатынаста қатамасыз ету — кәсіпкерлер немесе қаржылық өнеркәсіптік топтар. Әйтпесе, билік институттары мен жекеменшік-монополистер қосымшасына ауысуы мүмкін.

Құқықтық нормаларды ұстанудың маңызды критериялары адам құқығы мен бостандығы. Осылайша, құқықтық мемлекеттің кілтік сипаттамалары болып табылатын келесілер:

- Конституцияның үстінен қараушылығы;
- Конституция заңдарының қатаң сәйкестігі;
- адам құқытары мен бостандықтарын қорғау;
- биліктердің бөлінуі;
- соттың тәуелсіздігі.

### **Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. Мемлекеттің пайда болуы туралы қандай теорияларды білесіз? Оның қайсысы дұрыс деп санайсыз? Неге?
2. Мемлекеттің басқа саяси ұйымдардан айырмасы қандай?
3. Мемлекет кімге қызмет етуі керек: өзіне-өзі, адамдардың бір тобына, бүкіл қоғамға ма? Ойыңызды дәлелдеңіз.
4. Мемлекет қандай қызметтерді атқарады (ішкі, сыртқы)?
5. Мемлекет институттарының пайда болуы немен байланысты? Қай тарихи дәуірде мемлекет пайда болды?

6. «Мемлекет институты», «қоғамдық институттар» және т. с. с. сөзтіркесінде институт сөзі қандай мағынада?
7. Мемлекетке сіз қандай анықтама бере аласыз?
8. Азаматтық қоғам деген не?
9. Құқықтық мемлекеттің айырмашылығы неде?
10. Құқықтық мемлекет: тарихи ұғымы
11. Қазақстанда азаматтық қоғамды қалыптастыру қалай жүріп жатыр?

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Мемлекеттің пайда болуының негізгі концепциялары.
2. Мемлекеттің пайда болу туралы қазіргі концепциялары және оның қоғам өміріндегі рөлі.
3. Мемлекет және адамзаттың қазіргі жаһандық мәселелері
4. Г.Гегельдің азаматтық қоғам туралы ойы.
5. Құқықтық мемлекеттің пайда болуы және даму идеялары.

## 11-ТАПЫРЫП. САЯСИ ПАРТИЯЛАР

1. Саяси партияның мәні және құрлымы.
2. Саяси партиялардың қызметтері мен түрлері.
3. Партиялық және сайлау жүйелері, олардың арақатынасы.
4. Тәуелсіз Қазақстанның саяси партиялары.

### 1. Саяси партияның мәні және құрлымы

Қазіргі уақытта партия қоғамның саяси жүйесінің элементі. Бірақ ең алғашқы саяси партия Ежелгі Грецияда пайда болды. Ол салыстырмалы түрде толық ұйымдастырылмаған, әлсіз деңгейде болады. Олар әртүрлі топтардың мүддесін қолдаған жоқ, тек құл иеленуші таптың әртүрлі өкілдерінің қызығушылығын қанағаттандырды. Партияның өмір сүруі орта ғасырда да жалғасын тапты. Бірақ қоғамдағы деспотиялық абсолюттік саяси құрылыстың түрлері партияның белгілі рөлде жұмыс істеуіне жол берген жоқ. Әрине ол бүгінгі күндегі партия түсінігінен басқа саяси үйірмелер болатын. Әр түрлі саяси жүйеде адамдар өздерінің маңызды мүдделерін қорғау мақсатында ұйымдасты. Бұл ұйым — партия болды.

Алғашқы кезеңде партияға қатынас негативті болды. Қоғамның белгілі бір топтарының өз мүдделерін қорғауы сөзсіз шиеліністің қайнар көзі болды. XVIII ғасырдың басында партия ұлттық мүдде үшін қызмет ете бастады. Ағылшын ойшылы Э. Бэрк (1729-1797) «Ұлттық мүддені күшейтіп, салыстырмалы түрде келісімге келу мақсатында партия өзін адамдар ұйымы ретінде көрсетті» — деп атап өткен. Әртүрлі топтар арасындағы мүдделердің күрделенуі, яғни, буржуазиялық қоғамдағы қайшылықты күшейтті. Партияның пайда болуы топтар мүддесін қорғайтын индивидтер арасындағы жаңа саяси күрес түрін көрсетті.

Саяси партия мәнін түсінуде негізгі үш ғылыми бағыттар бар.

а) либералдық дәстүр қақтығысы негізінде қалыптасқан, бір идеология ұстанушы адамдар тобы ретіндегі түсінік (Э. Бэрк)

б) мемлекетте жұмыс істейтін ұйымның спецификалық түрі ретіндегі институциональдық түсінік (М.Дюверже).

в) белгілі бір таптың немесе әлеуметтік топтың белсенді бөлігі және олардың жалпы мүдделерін қамтамасыз ететін ұйым (марксистік көзқарас).

Американдық социолог Липсет былай дейді: қазіргі демократиялық елдерде партияның өмір сүруі стратификация және мәдени құндылықтар факторымен байланысты. Ең алғашқысы таптық партия, ал екіншісі — діни партия. Басқа американдық автор Дженд партияны үкіметтік постта өз өкілдерінің иелік етуі мақсатында әрекет жасайтын ұйым деп түсіндіреді.

Жеткілікті партия анықтамасы мен қызметтерін Шварценберг көрсетіп береді. Ол өзінің «Политическая социология» деген еңбегінде келесі партия белгілерін ажыратады: ұзақ уақыттық әрекеті, ұйымның кең масштабтылығы, билікті жүзеге асыруға ұмтылу, халықтық қолдауы, әсіресе сайлау жолымен. Партия жалпы келісім идеясы негізінде құрылады — жаһанды қоғамның басқа идеяларынан қалады.

«Саяси партия — бұл жергілікті және ұлттық деңгейде болатын үзіліссіз әрекет етуші орган, көпшілікті мақсат етіп халық қолдауына ие болады».

Марксистік саяси партия трактовкасы, яғни, белгілі бір таптың мүддесін қорғайтын күш. Осыдан марксистік дәстүр партияның 2 концепциясын ажыратады. Біреуі К.Маркс пен Ф.Энгельстің тұжырымы бойынша партияны пролетарияттың әлеуметтік-саяси өмірдің формасы яғни олардың дамуының жоғарғы деңгейі деп есептейді. Екінші концепциясын Ленин негіздеді. Ол партияны төмендегі белгілермен байланысты пролетариат авангарды деп қарастырады:

1. Саяси революцияға бағдарламалық бағдар және пролетариат диктатурасын орнату;
2. Басқа пролетарлық ұйыммен қатынасы бойынша партия авангардтылығы;
3. Революциялық теория және практика принципі;
4. Партияның кәсіби кадрларының бар болуы;

5. Партияға қажетті шарттардың қысқа анықтамалары (бағдарлама мен жарғыларға бағыну, жоғарғы органдардың шешімдерін орындау).

Саяси партияның марксистік концепциясы былай анықталады: таптың саналы және белсенді бөлігінің мүддесі және табысқа жету-дегі ұмтылысы саяси мақсатты анықтайды.

М. Дюверже партияны мемлекет жүйесінде әрекет етуші орган ретінде түсінеді. Партия — мемлекетте ерекше құқықтық статуска ие саяси ұйым. Партияда саяси көзқарастың жалпыланған тұтастығы, қоғамдық-саяси және мемлекеттік өмірге белсенді қатысуға ұмтылу мүддесі анықталып, белгілі бір анықталған идеологиясы болады. Сонымен қатар мемлекетте биліктің жүзеге асуы мен оның тізгінін алу мақсаты мен мүддесі қоғамдық топтар және әлеуметтік қатпарлар қызығушылығымен сәйкес келуі тиіс.

Саяси ұйым дегеніміз келесі белгілерге ие ұжымдық ұйым:

Мақсаты, міндеті, өзара байланыс жүйесі;

Ұйымдастырушы құрылымының болуы;

Белгілі қызметтерді атқару.

Саяси ұйымдардың түрлері:

- мемлекет;
- топтық мүдделер;
- партиялар;
- әскери;
- партизандық ұйымдасулар;
- террористік топтар.

Мемлекет — территориясы, ұлты, билігі бар саяси ұйым.

Партия – билік үшін күрес жүргізуді іске асыратын ұйым.

Топтық мүдделер – билікке әсер етуші ұйым.

Әскер — саяси жүйенің тұтастығын сақтауға кепіл беретін әскери ұйым.

Партизандық топ — қарсыласын әлсірету арқылы билікті құлауға ұмтылатын топ.

Террористік топтар — биліктегі басқарушылардың беделін қорқыныш райын туғызумен төмендетуге тырысады.

## 2. Саяси партиялардың Қызметтері мен түрлері

Саяси партия — билікті жаулап алу арқылы өздерінің мақсаттарын іске асыруға ұмтылушы топ.

Партияның қызметтері:

– қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік топтың қызығушылықтары мен мүддесін қорғау;

– билік үшін күрес;

– үлкен әлеуметтік топтардың белсенділігі мен кірігуі;

– қоғамның саяси тәрбиесі;

– саяси элитаны дайындау.

Партияның түрлері:

– революциялық, реформистік (қоғамның қайта қалыптасу сипаты)

– кадрлық және бұқаралық (құрылымның ұйымдастырылуы)

– моноорта, бәріне ортақ (әрекет ету сферасына қарай)

Саяси ғылымда партиялардың қызметтеріне әр түрлі саясаттанушылар өз көзқарастарын білдіреді. К. Фон Бейме саяси партияның төрт қызметін бөліп көрсетеді:

Мақсаттың анықталуы. Тиянақты идеология және бағдарлама болады және партия бағдарлық стратегиясын анықтауға тырысады.

Қоғамдық мүдделерді, қызығушылықтарды біріктіру. Орталық мемлекеттік органдардың шешімдеріне ықпал жасай отырып қоғамдық пікір туғызады.

Азаматтардың мобилизациясы және социализациясы партия азаматтардың саяси белсенділігін арттыруға ұмтылады және ұзақ уақыттық саяси әрекетін негіздейді.

Жетекші элитаны және үкімет құрамын қалыптастырады.

Г. Алмонд қазіргі партиялар көп функционалды деп есептейді. Олар билік органдарын бақылайды және «үкіметтік қызметті» жүзеге асырады. Басқа органдармен немесе ұйымдармен келісе отырып коммуникация құрылымын құрайды. Сөйтіп ол коммуникативтік қызметті де атқарады. Сонымен қатар оның саяси рекруттеу және саяси социализация қызметтері бар.



Партияның классикалық үлгісіне орай үш қызметі бар: қоғамдық пікірді қалыптастыру, кандидаттарды жинау және депутаттар әрекетінің шарттарын қамтамасыз ету.

Зерттеушінің әдістемелік бағытына және саяси партияның практикалық элементтер ерекшеліктерінің иерархиясына байланысты партиялар классификациясының көптеген критеріі бар. Марксистер классификациясының негізгі критеріі ретінде партияның таптық сипатын ұсынады. Институционалдық бағытты жақтаушылар ұйымдасқан құрылымдық критериді пайдаланады, ал функционалистер партия қызметінің орындалуына басты назар аударады. Либеральдық бағыт партия мүшелерінің саяси және идеологиялық байланыс сипатын маңызды деп есептейді.

Саяси ғылымда С. Дюверженің классикалық концепциясы ерекше орын алады. Ол концепциядағы партия типологиясында партияның құрылымдық сипаттамалары ішкі құрылымы, мүшелік жүйесі, жетекшілік органы сондай-ақ партияның пайда болу мәселелерін қарастырады. Алғашқы ұйымдасуына қарай М. Дюверже партия-комитеттер, партия-секциялар, партия-ячейка және партия-боранды отрядтар деп ажыратады. Пайда болу критеріі бойынша ол партияны электоралдық, парламенттік және «сырттай пайда» болатын партия деп бөледі.

М. Дюверже партияны «кадрлық» және «бұқаралық» деп те бөледі. Бұқаралық және кадрлық партиялар айырмашылығы олардың құрылымына байланысты. Олар мынадай белгілермен ажыратылады: пайда болуына, негізгі бағдары мен әрекет ету амалына, алғашқы ұйымдасуына, мүшелік жүйесі және құрылымдық элементтерінің байланысына байланысты. Кадрлық партиялар парламенттік, электрольдық негізге ие болады. Бұқаралық партия партияның “сыртқы пайда болу ерекшелігіне” көп қатысты.

Өкіметтік билікке бақылау жасау деңгейіне қарай партия оңшыл және оппозициялық болады. Оппозициялық партиялар заңдық статусы критеріі бойынша ашық, рұқсат етілген және мемлекеттік тіркелген, заң көлемінде әрекет ететін; жартылай ашық, тіркелмеген бірақ шектеу қойылмаған; жасырын, мемлекетпен шектеу салынған болып бөлінеді.

### 3. *Партиялық және сайлау жүйелері, олардың арапатынасы*

Партиялық жүйе деген ұғымға анықтама беріп, батыс саясаттанушыларының бұл мәселе туралы жасаған тұжырымдарына қысқаша тоқтап кету керек. Бұл ұғымның Еуропаға кеңінен тараған мазмұнын М. Дюверже анықтаған болатын. Оның ойынша: «партиялық жүйе деп партияның мемлекетте өмір сүру жағдайы мен түрін түсіну керек». М. Дюверже: партиялардың саны олардың ішкі құрылымы, идеологиясы, көлемі, типтері әрбір елде азды-көпті уақыт аралығында біршама тұрақтанады, міне осы тұрақтылық «партиялық жүйені құрайды» — дейді.

Е. Вятр партиялық жүйені ашық саяси партиялар арасындағы қарым-қатынас сәйкестілігі дейді. Яғни билік және биліктің жүзеге асуы үшін қарама-қарсылық немесе өзара келісімділік тән.

В. Закревский ұсынысы бойынша: «партиялық жүйе» — қоғамдық арасындағы өкімет билігі үшін күрес барысындағы бақталастық пен өзара қатынастарының механизмі.

Партиялық жүйе — қоғамдағы заңды әрекет ететін саяси партиялар арасындағы өкімет билігі үшін күрес барысындағы бақталастық пен өзара қатынастарының механизмі.

Көппартиялықтың объективті негізіне мыналар жатады:

- қоғамның әлеуметтік жіктелуі;
- саяси режим;
- саяси мәдениет;
- сайлау жүйесі (М. Дюверже заңы негізінде).

Партиялық жүйенің түрлері:

- альтернативтық, альтернативсыздық (сапасы бойынша);
- ірпартиялық, екіпартиялық, көппартиялық (саны бойынша);
- коалициялық, 2 блоктық ( саяси статусы бойынша).

Ұғымның мазмұнын анықтағаннан кейін партиялық жүйелердің типологиясы туралы мәселені қарастыру қажет.

1) саяси режим сипаттамасына байланысты демократиялық, авторитарлық және тоталитарлық партиялық жүйелер деп бөлінеді.

2) Билік үшін күрес жүргізетін партия санына қарай: бірпартиялық (саяси билікке иелік ететін қоғамдағы монопартия); екіпар-

тиялық (биліктік бәсекеге түсетін, яғни заң шығару органдарындағы орынға, президенттік сайлауға қатыса алатын екі қарама-қарсы партия); көппартиялық (саяси билік бәсекесіне түсетін үш немесе одан да көп партиялар);

3) әртүрлі саяси дәрежемен байланысына қатысты: можаритарлық, коалициялық;

4) партиялық құрылымы мен партия аралық қатынас тұрақтылығына байланысты: тұрақты және ауыспалы;

5) партия аралық қатынас сипатына байланысты: бәсекелі және бәсекелі емес.

***Сайлау және сайлау жүйелері.*** Партиялық жүйелердің қалыптасуына саяси жүйеде сайлау процесі көп ықпал етеді. Сайлау саяси процестің бір түрі. Қазіргі демократиялық қоғамда азаматтардың саяси белсенділігін білдіретін процесс сайлауға қатысу. Ол конвенциалды қатысушылықтың түріне жатады. Сайлау белгіленген уақытта заңға сәйкес өткізіліп отырады. Сайлау мақсаты — билік басына неғұрлым сенімді түрде қоғамның жақсы деген өкілдерін әкелу мүмкіндігі және жалпы барлық билік тармақтарын легитимизациялау болып табылады. Сайлау процесінің өзінің кезеңдері болады:

1. Кандидатты ұсыну.
2. Бағдарламаны құру және оған сәйкес үгіт, насихат жүргізу.
3. Сайлауды өткізу.
4. Сайлаудың нәтижесін қорытындылау.

Бірнеше кандидатураны ұсынған кезде жалпы сайлау арқылы саяси қайраткерлер мандатқа ие бола отырып сайлау науқанына қатысады. Демократиялық дәстүр дамыған елдерде билік органдарына сайлану міндетті болып саналады. Мұндай жүйе өзінің қаншалықты дәрежеде негізгі азаматтық және адамның негізгі бостандық құқын құрметтеуде құрылған қоғамдық ұйымды қамтамасыз ете алатынын көрсетті. Сайлау демократиялық саяси режимдегі саяси процестің маңызды орталық бөлігі болады. Сайлаудың тиімділігі бірнеше экономикалық, әлеуметтік және рухани факторларға байланысты. Экономикалық еркіндігі бар және жеке меншігі бар адамға демократиялық сайлау өзінің экономикалық қызығушылығын, мүддесін жоғалтып алмау үшін және қорғау үшін аса маңызды мәселе.

Әлеуметтік факторлардың ішіндегі маңызды қоғамның тұрақтылығын қолдайтын экономикалық жағдайы жағынан «орта таптың» қуатты болуын, өмір сүруін алға қоямыз. Сондай-ақ тұрғын халықтың белгілі бір территорияда тұрақты тұруы, жанұялық қатынастың тұрақтылығы, еңбек мәселесі де ескерілетін жағдай.

Рухани факторлардың негізі ретінде тиімді болуы үшін сайлауға халықтың тарихи — ұлттық бірлігін сезінуі, патриоттық сезім, заңды құрметтеушілік, мемлекеттік жауапкершілік сезімін айтамыз. Мұнда халықтың саяси мәдениетінің, білімінің және оның демократиялық дәстүрінің жоғары болуы аса маңызды.

Демократиялық сайлауға, оның тиімділігіне тағы бір тиімді қажетті шарттардың бірі тарихи дәстүрлермен бірге құрылымдық институттары бар күшті азаматтық қоғамның өмір сүруін айтуға болады: әлеуметтік мүдделердің көп түрлілігін білдіретін көппартиялық жүйе, заңдық база. Бүгінгі күндегі сайлау процесі әлі де болса әлсіз жағдайда, толық дамыған жоқ, барлық шарттар сақталмайды.

Сайлау кезінде сатып алушылық та кездеседі. Әрине бұл өтпелі кезеңнің бір элементті болады. Яғни бұндай қателіктер кетпей, сайлау дұрыс жолмен өтуі үшін сайлау өзіндік бір институт ретінде дамып алға шығуы керек. Оны халық тікелей қолдап, дамуға өз үлестерін қосып ат салысса, сайлау басқа да демократиялық елдердегідей дұрыс жолға түсер еді.

Сайлау жалпы қандай елде болмасын тиімді, қажетті болып табылады. Өйткені біз басқалармен санаса аламыз, таңдау мүмкіндігіміз көбейеді, өз көзқарастарымызды білдіріп, сайлауға қатыса отырып, мемлекеттегі саяси процеске тікелей қатысып, өз үлесімізді қосамыз.

Сайлау — ерекше саяси күрес болып табылады. Бұл процесс тікелей саяси билікке ұмтылу мәселесімен тығыз байланысты. Біздің елде де тәуелсіздік алғаннан бері бірнеше сайлау науқаны болып өтті. Мұнда демократиялық саясаттың талабына сай саяси партиялар мен қозғалыстар қатысты. Бұл біздің елдегі демократияның қалыптасуының алғы шарттары болып табылады. Сайлау кезіндегі басты ескеретін жай оның заңға, Конституцияға сәйкес келуі.

Саяси билік органдарына сайлану дегеніміз басты мақсаты қоғамның ең қалаулы деген өкілдерін билікке, басқаруға ұсыну ғана емес, көптеген маңызды әлеуметтік саяси функцияларды

орындау болып табылады. Сайлау әртүрлі әлеуметтік топтардың артикуляциясының ерекше механизмі. Сайлау кезінде адамдар өмірлік маңызды мәселелерді терең сезінеді. Сондықтан да билік органдарына ұсынылатын кандидаттардың сайлау алдындағы бағдарламалары қысқаша әрі нұсқа түрде тұрғын халықтың әртүрлі топтарының маңызды әлеуметтік қажеттіліктерін білдіріп, мүдделерін қорғап, білімді қамтамасыз ету керек. Сайлау ерекше саяси нарық, онда кандидаттар өзінің бағдарламаларының орнына сайлаушылардың өкілеттігін алады. Бірақ мұнда тек ең қызықты бағдарламалар сайлаушылар үшін аса бағалы саналады.

Сайлау тұрғын топтар мүдделерінің арасында бейбіт түрдегі бәсекелестікті көрсетеді.

Сайлау алдындағы күрес кезінде қарама-қайшы келетін саяси позицияларды бұқара халықтан қолдау табатын шешімдермен ауыстырады. Осы мақсатта сайлау институционализацияның басты бір тәсілдері ретінде және әлеуметтік қайшылықты шешетін әдістерінің бірі ретінде де болады.

Сайлау күштеу, революцияға қарағанда қоғамдағы әлеуметтік — саяси қайшылықтарды қоғамға тән, сәйкес келетін формада шешетін тиімді әлеуметтік клапан болып табылады. Сайлау процесінде өкілдік қатынастардың пайда болуы мен институционализациясы сияқты маңызды функция атқарады. Қоғамның әрбір мүшесі қандай да бір әлеуметтік топтағы мүддесін білдіріп, билік органдарының өкілі бола алады.

Сайлаудың функцияларының бірі ретінде сайлау компанияларының кезіндегі халықтың саяси қатысуының активизациясы, саяси социализациясы, жеке адамның ресоциализациясын да айтуға болады.

Демократиялық сайлаулар бірқатар принциптермен анықталады — жалпыға белгілі нормалар, олар өте құнды болады, өйткені осылар сайлауды демократияландырады. Бұл принциптер дауыс беру құқығымен қамтамасыз етіледі, бұл әр елдерде әртүрлі болғанымен, оның негізгі белгісі адамның басты құқықтарының бірі — дауыс беруді қамтамасыз етеді.

«Дауыс беру құқығы» — бұл ең негізгі құқық болып табылады, онсыз барлық негізгі құқықтардың мағынасы болмайды. Ол адамдарға индивид ретінде өз тағдырына бақылау жасайды. Дауыс беру

адамзаттың ойлап тапқан ең қуатты инструменті болып табылады, ол әділетсіздік пен зұлымдықты, адамдардың бір-бірнен айырмашылығы үшін жазалағандарды құрту үшін шығарылған — деген АҚШ президенті Л. Джонсон сайлау құқы туралы айтқанда.

Демократиялық сайлаудың маңызды принциптерінің бірі-бәсекелестік — сайлауда бәсекелес партиялардың, кандидат, қозғалыстарының әртүрлі әлеуметтік топтардың мүддесін білдіре отырып қатысуы.

Тағы бір дауыс беру процедурасының барлық демократиялық ел мойындаған принциптері — құпия дауыс беру. Бұл принцип сайлаушылардың сыртқы әсерінің азаю мүмкіндігіндегі техникалық сипаттағы әр түрлі тәсілдермен қамтамасыз етіледі. Құпия дауыс беру құқығын бұзғаны үшін заңда қатаң жазалау шаралары қарастырылған.

Сайлауды өткізу барысында демократиялық елдерде оның құқықтық заңды тәжірибесі қалыптасқан. Ол сайлау жүйесі.

Сайлау жүйесі дегеніміз мемлекеттік сайлау органдарының құрылу тәртібі немесе сайлау ережелерінің жиынтығы. Бұл өкімет, парламент пен электораттың арасындағы қатынасты көрсететін ережелер.

Сайлау жүйелерінің түрлері: Жалпы сайлау құқын бекіткен кезде дамыған елдерде екі маңызды сайлау жүйесі қалыптасы: мажоритарлық және пропорционалды. Басында мажоритарлы сайлау жүйесі кең таралды. Мұның мәні мынада: яғни депутаттық орындар әрбір округте қай кандидаттың партиясы көпшілік дауысқа ие болса, соған тиесілі болады, ал қалған партия, кандидаттар ұсына алмай қалады.

Мажоритарлық жүйе заңның депутаттарға қандай көпшілікті, яғни салыстырмалы ма, әлде абсолютті талап ететініне байланысты болады. Мажоритарлық жүйе дауыс берудің қорытындысын анықтау жүйесі. Бұл жүйе бойынша жартысынан не одан да басым дауыс жинаған кандидат жеңіп шықты деп есептеледі. Бұл жүйенің негізгі принциптері болады.

Ал, пропорционалды жүйеде мандаттар дауыс беру санына сәйкес партиялардың арасында бөлінеді. Кейде солшыл партиялар пропорционалды жүйені неғұрлым демократиялы деп мажоритарлыққа қарсы қойған. Пропорционалды жүйе жалпы ұлттық дең-

гейде сайлау округі кезінде бөлшектенбейді және дауыс берушілер саяси партияларға өз елдерінің шеңберінде дауыс береді.

Бұл жүйе көп мандатты округтерде, округтер шеңберінде партияның өкілдері үшін дауыс бергенде жүреді, бұл кезде парламенттегі орындар округтегі партияның әсер етуіне байланысты бөлінеді. Яғни мұнда пропорционалды өкілдік принциптер қолданылады. Сайлау органдары, орындары осы партиялық тізім бойынша берілетін дауысқа байланысты.

Ал кейбір елдерде аралас сайлау жүйесі кездеседі, мысалы: президенттік сайлау мажоритарлық жүйемен, парламенттік сайлау пропорционалдық принциппен.

### ***Қоғамдық қозғалыстар түсінігі.***

Қоғамдық құрылыстағы билік тәртібіне қарай, саяси қозғалыстар консервативтік, реформистік, революциялық және контрреволюциялық болып бөлінеді. Консервативтік қозғалыстар өмір сүріп тұрған тәртіпті құлатуға да, жүйелі түрде қайта құруға да қарсы. Оны қайткен күнде сақтауға, ал сондай қажеттілік туса, аз мөлшерде ғана өзгертуге тырысады. Реформистік қозғалыстар өмір сүріп отырған әлеуметтік құрылым негіздерін жоймай, қоғамдық өмірдің кейбір жағын қайта өзгерткілері келетіндер. Революциялық қозғалыстар өмір сүріп тұрған құрылысты жойып, оны басқамен өзгертуді қалайды. Котрреволюциялық қозғалыстар революциялық және реформистік қозғалыстардың нәтижесінде құрылған жаңа қоғам құрылымына қарсы бағытталып, өткен құрылысты қайта орнына келтіруге тырысады.

Саяси қозғалыс бір қалыпта тұрмайды. Ол дамып, толығып өзгеріп отырады. Олар алғашқы қадамын қоғамның жай-күйіне қанағаттанбаған шақта немесе сол құрылысқа қауіп төнгенде ең белсенді адамдар сол құрылысты құлатуға не сақтауға тырысып, өзара байланыстар жасап әрекетке көше бастайды. Осындай байланыстар жүйесі қозғалыстың тууына негіз болады. Қоғамдық қозғалыстардың ішінде ең кең тараған түрі — «Халық майдандары». Халық майдандары деп, жалпы қоғамға қатысы бар, әлеуметтік топтардың барлығының немесе көпшілігінің мүддесін білдіріп, соны қамтитын мәселелерді шешуге бағытталған бірлестіктерді айтады. Олар жалпы демократиялық принциптердің негізінде құрылады және жұмыс істейді.

Қазіргі кезде бірқатар қоғамдық бірлестіктер ұлттық идеяларды: мәдениетті, тіл мәселелерін, экономика, экология, адамдардың өмір сүруінің экономикалық-әлеуметтік жағдайларын жақсарту т.б. мәселелерді негізгі бағыт етіп алып отыр. Ал кейбір жекеленген қоғамдық құрылымдар, ұлттық оқшаулыққа, ұлттық артықшылықты насихаттауға, ұлттық-мәдени орталықтар басқа ұлттар өкілдерінің құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіруді көздейді.

#### *4. Тұелсіз Қазақстанның саяси партиялары*

«НҰР ОТАН» Халықтық-Демократиялық партиясы: Төрағасы — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Төрағаның бірінші орынбасары — Нығматулин Нұрлан Зайроллаұлы . «Отан» республикалық саяси партиясы 1999 жылдың қаңтарында құрылып, сол жылғы 12 ақпанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өтті. Партия мүшелерінің саны 607 557 адамды құрайды. «Нұр Отан» партиясының бөлімшелері Қазақстанның барлық облыстарында, Астана және Алматы қалаларында бар. Партия қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыруға; азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеруге; әлеуметтік әділеттік орнатуға және елімізде тұрақтылықты сақтауға; ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға; Қазақстан Республикасының жан-жақты және үйлесімді дамуы үшін азаматтардың отансүйгіштігі мен жауапкершілігін тәрбиелеуге белсенді ықпал етуді басты мақсаттары етіп жариялады. Мәжілісте «Нұр Отан» парламенттік көпшілікке ие. 2007 жылы өткен Мәжіліс сайлауының қорытындылары бойынша «Нұр Отан» 88,41 % дауыс иеленіп, Парламенттің төменгі палатасына партиядан 98 депутат сайланды.

Қазақстан коммунистік партиясы: Партияның бірінші хатшысы — Серікболсын Әбділдәұлы Әбділдин. Партия 1998 жылғы 27 тамызда тіркелген, 2003 жылғы 20 наурызда қайта тіркеуден өтті. ҚКП-ның мүшелерінің саны 54 246 адамды құрайды. Партияның бөлімшелері республиканың барлық облыстарында бар. Партия республикада ғылыми социализм қағидаларына негізделген еркін-



дік және әлеуметтік әділетті қоғам құруға жағдай жасауды; коммунистік қоғамдық құрылысты қалыптастыруды өзінің негізгі мақсаты етіп санайды. 2004 жылғы өткен Мәжіліс сайлауына Қазақстанның коммунистік партиясы партиялық тізім бойынша 3,44 % дауыс жинаған «Коммунистердің халықтық оппозициялық одағы және ҚДТ» сайлау блогының құрамында қатысты. Партия 2007 жылғы Мәжіліс сайлауына қатысқан жоқ.

Қазақстан коммунистік Халықтық партиясы: Бірінші хатшысы – Владимир Борисович Косарев. 2004 жылғы 21 маусымда мемлекеттік тіркеуден өтті. Тіркеуден өту кезеңінде партия сапы 90 мың адам құрады. Партияның саяси платформасына сәйкес, ҚКХП-ның қызметі қоғамдық дамудың жаңа жағдайына бейімделген маркстік-лениндік идеологияға негізделген. 2004 жылғы Мәжіліс сайлауының қорытындылары бойынша партия 1,98 % дауыс алды. Үшінші шақырылымдағы Мәжілісте партияның депутаттары болған жоқ. 2007 жылғы Мәжіліс сайлауының қорытындылары бойынша ҚКХП 1,29 % дауыс жинады. Қазақстанның «Ауыл» социал-демократиялық партиясы: Партия төрағасы — Ғани Әлімұлы Қалиев. Партия 2002 жылғы 1 наурызда тіркелген. 2003 жылғы 2 сәуірде партия қайта тіркеуден өтті. Тіркеуден өту кезеңінде партия мүшелерінің саны 61 043 адамды құрады. Қазақстанның барлық облыстарында партияның құрылымдық бөлімшелері бар. Партия мақсаттары: мемлекеттік реттеуді және агросекторды қолдауды күшейту; ауыл еңбеккерлерінің мүдделерін қорғау; қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыруға белсенді ықпал ету; экономиканың барлық салаларында нарықтық қатынастардың негізді формаларын жүзеге асыру. Партия 2004 жылғы парламенттік сайлауға қатысты, алайда үшінші шақырылымдағы Мәжілісте бірде-бір депутаттық мандатты иелене алмады. 2007 жылғы Мәжіліс сайлауының қорытындылары бойынша «Ауыл» партиясы 1,51 % дауыс жинады. Қазақстанның патриоттар партиясы: Партия төрағасы — Ғани Есенкелдіұлы Қасымов. Партия 2000 жылғы 4 тамызда тіркелген, 2003 жылғы 21 наурызда қайта тіркеуден өтті. Партияның мәліметтері бойынша оның құрамында 172 мың мүшесі бар. Партия келесі мақсаттарды ұстанады: Қазақстан халқының ұлттық қайта өркендеуін қалыптастыру және жүзеге асыру; нарықтық экономикасы бар құқықтық демократия-

лық мемлекет, азаматтық қоғам қалыптастыру; қоғамның әлеуметтік белсенді бөлігін мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатыстыру; елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету; адамның жоғары деңгейде өмір сүру сапасын қалыптастыру және азаматтардың денсаулығына басым көңіл бөлу. 2004 жылғы Мәжіліс сайлауында партия 0,55% дауыс жинап, Парламентке өте алмады. 2007 жылғы Мәжіліс сайлауының қорытындылары бойынша партия 0,78% дауысқа ие болды. Партия жетекшісі Ф. Е. Қасымов 2007 жылы Президент Жарлығымен Парламент Сенатының депутаты болып тағайындалды. Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясы: Партия төрағасы — Әлихан Мұхамедұлы Бәйменов. Партия 2002 жылғы 3 сәуірде тіркелген. Партия мүшелерінің құрамы 175 862 адамды құрайды. партияның мақсаттары: тәуелсіз, гүлденген, демократиялық және еркін Қазақстан. Іргелі құндылықтары: демократия, тәуелсіздік, еркіндік, әділеттік. 2004 жылғы Мәжіліс сайлауында партия 12,04 % дауыс жинады. Партия үшінші шақырылымдағы Мәжілісте бір депутаттық мандатты иеленді. 2007 жылғы Мәжіліс сайлауының қорытындылары бойынша «Ақ жол» партиясы 3,09 % дауыс жинады.«Руханият» партиясы: Партия төрайымы — Алтыншаш Қайыржанқызы Жағанова. Партия 2003 жылғы 6 қазанда тіркелген. Партия мүшелерінің саны 72 мың адамды құрайды. Партия бөлімшелері облыс орталықтарында, Астана және Алматы қалаларында бар. Партияның негізгі міндеттері: экономиканы көтеру, әлеуметтік мәселелерді шешу, биік адамгершілікті және рухани бай қоғамды дамыту. 2004 жылғы Мәжіліс сайлауының қорытындылары бойынша партия 0,44 % дауыс жинап, үшінші шақырылымдағы Мәжілісте депутаттары болған жоқ. 2007 жылғы Мәжіліс сайлауының қорытындылары бойынша «Руханият» партиясы 0,37 % дауыс жинады.«Әділет» демократиялық партиясы: Партия төрағасы — Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаев. 2004 жылғы 14 маусымда тіркелген. Партия мүшелерінің саны 70 мың адамды құрайды. Партия аумақтық принцип бойынша құрылып, республиканың барлық облыстары мен Астана және Алматы қалаларында өз бөлімшелерін иеленген. Қазақстанда құқықтық демократиялық әлеуметтік мемлекет құруды, тиімді, озық және дамыған экономикалық жүйе құруды, азаматтық қоғам қалыптастыруды партия өзінің басты міндеттері санайды. Партия 2004 жылғы

Мәжіліс сайлауының қорытындылары бойынша партиялық тізім бойынша сайлауда 0,76 % дауыс жинады. Үшінші шақырылымдағы Мәжілісте бір мандатты округ бойынша сайланған бір депутаты болды. 2007 жылғы 8 шілдеде өткен «Әділет» демократиялық партиясының 5-ші съезінде Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясына қосылу жөнінде шешім қабылданды. Қазақстанның «Азат» демократиялық партиясы: Партияның төрағасы: Болат Мұқышұлы Әбілов. Партия «АҚ ЖОЛ» ҚДП-ның бөлінуінің нәтижесінде 2005 жылдың 29 сәуірінде құрылған. 2006 жылғы 17 наурызда тіркелді. Партия мүшелерінің саны 87 012 адамды құрайды. Партия барлық облыстарда, Астана және Алматы қалаларында өзінің бөлімшелерін ашқан. Партияның мақсаттары – демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет және ашық қоғам құру. 2007 жылғы 23 маусымдағы «Нағыз Ақ жол» ҚДП-ның 3-ші съезінде Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясына (ЖСДП) қосылу туралы шешім қабылданды. Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы (ЖСДП): Партия төрағасы: Жармахан Айтбайұлы Тұяқбай. Төрағаның орынбасары: Әміржан Сағидрахманұлы Қосанов. Партия 2006 жылғы 10 қыркүйекте құрылған. 2007 жылғы 25 қаңтарда тіркелді. Партия мүшелерінің саны — 140 мың адам. Партия барлық облыстарда, Астана және Алматы қалаларында өзінің бөлімшелерін ашқан. Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы өз алдына демократиялық, құқықтық әлеуметтік мемлекет қалыптастыру, инновациялық экономика құру, жана гуманитарлық саясатты жүзеге асыру міндеттерін қояды. 2007 жылғы Мәжіліс сайлауының қорытындылары бойынша Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы 4,54 % дауыс жинады.

2012 жылғы 15 қаңтарда біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланатын, бесінші шақырылатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын кезектен тыс сайлау болды.

Республика бойынша сайлаушылардың тізімдеріне 9303693 азамат енгізілді, олардың ішінен 7018927 адам немесе 75,4 процент дауыс беруге қатысты.

Дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 178385 сайлаушы дауыс берді.

Сайлауға 7 саяси партия қатысты.

3 саяси партия жеңіске жетті. Олар «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы, Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық партиясы және Қазақстан Коммунистік Халық партиясы.

1. Саяси партияларға дауыс беру кезінде мынадай дауыстар саны берілді:

- Қазақстан Республикасы бойынша;
- «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы 5621436 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 80,99 проценті;

- Қазақстан Патриоттары Партиясы 57732 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 0,83 проценті;

- Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық партиясы 518405 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 7,47 проценті;

- Жалпыұлттық социал-демократиялық партия 116534 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 1,68 проценті;

- Қазақстан Коммунистік Халық партиясы 498788 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 7,19 проценті;

- Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясы 82623 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 1,19 проценті;

- «Әділет» Демократиялық партиясы 45702 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 0,66 проценті.

2. Партиялық тізімдерге дауыс берудің қорытындылары бойынша депутаттық мандаттар төмендегіше бөлінді:

- «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы — 83

- Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық партиясы — 8

- Қазақстан Коммунистік Халық партиясы — 7.

3. 2012 жылғы 16 қаңтарда біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын, бесінші шақырылатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын кезектен тыс сайлау болды.

Сайлаушылар тізімдеріне 390 азамат енгізілді, олардың ішінен 335 адам немесе 85,9 процент дауыс беруге қатысты.

Сайлауға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына 9 кандидат қатысты.

### **Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. Қазіргі партиялардың пайда болуына не себеп болды?
2. Неліктен ең алғашқы партия Англияда пайда болды?
3. Партияның белгілерін атаңыз.
4. Қалай және қаншалықты партиялар саяси әлемді өзгертті?
5. Қазіргі саяси партиялардың табиғаты қандай?
6. Басқарушы және оппозициялық партиялардың айырмашылығы неде?
7. Неліктен авангардтық партияны оппозициялық партияға жатқызуға болмайды?
8. Революциялық, консервативтік және центристік партиялардың айырмашылығы неде?
9. Қоғамда партия қандай қызметтерді атқарады?
10. Сіздің ойыңызша партиялардың қызметтерінің ішінде қайсысы өте маңызды?
11. Партиялық жүйе дегеніміз не?
12. Қазіргі қоғамда партиялық жүйені қандай белгілері бойынша айырады?
13. Бір патриялы, екі партиялы және көп партиялы жүйенің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіңіз?
14. Партияның «саяси салмағы» деген не ?
15. Қазақстанда қанша саяси партиялар бар?
16. Біздің елімізде саяси партиялық жүйенің қалыптасу ерекшелігі неде?
17. Қазіргі Қазақстандық саяси партиялар қандай критерий бойынша ерекшеленеді ?
18. Саяси партиялардың саяси жүйедегі атқаратын рөлі мен маңызы қандай?

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. ҚР қазіргі саяси партиялар және қоғамдық саяси қозғалыстар.
2. Қазіргі саяси партиялардың даму тенденциялары.

3. АҚШ тағы екі партиялық жүйе: қалыптасу тарихы және қазіргі қызмет етудегі ерекшеліктері.
4. Қоғамдық қозғалыстардың саяси өмірдегі рөлі мен қызметі.
5. Батыстағы қазіргі социал демократиялық партиялар.

## 12-ТАПЫРЫП.

### САЯСИ САНА ЖӘНЕ САЯСИ МӘДЕНИЕТ

1. Саяси сана түсінігі. Саяси сананың қалыптасу жолдары.
2. Саяси мәдениет түсінігі және оның мәні.
3. Саяси мәдениет қызметі мен түрлері.

#### 1. *Саяси сана түсінігі. Саяси сананың* *Қалыптасу жолдары*

Саяси сана деп — өмірдегі саяси қатынастарды бейнелейтін, оларды түсініп-сезінетін, адамдардың бұл саладағы іс-әрекеттеріне бағыт-бағдар беретін әлеуметтік сезімдер, түсініктер, көзқарастар жиынтығын айтады. Ол мемлекеттің, қоғамның саяси жүйесінің пайда болуымен бірге дүниеге келеді. Егер қоғамдық сана әлеуметтік, ұлттық мүдделерді, мемлекет алдындағы мақсатты жүзеге асыруымен байланысты болса ғана саяси мағынаға ие болады. Саяси сананың негізгі мәселесі — мемлекеттік билік, оның қызметі. Мұнда топтардың, таптардың, партиялардың экономикалық мүдделері мен мақсаттары, өкімет билігі үшін күресі және оны сақтап қалу міндеттері, бұл жолдағы әрекет, амал ұмтылыстары өз көріністерін тауып жатады.

Саяси сана әртүрлі қызметтерді атқарады. Олардың ішінде негізгілер мыналар :

1. Қоғамдық сананың саяси ғылым, саяси теория сияқты құрамдас бөліктері арқылы саяси шындықты бейнелеу.
2. Тұжырымдамалық түрде субъектінің мақсат мүдделерін білдіру арқылы оның саясат әлеміндегі іс-әрекеттеріне бағдар беру. Бұл қызметті іс жүзінде идеология атқарады.
3. Саяси психологияның әр түрлі көріністері арқылы көңіл-күйді білдіру. Өйткені, әлбетте адамдарды іс-әрекетке итермелейтін психологиялық себептер болып табылады.

Саяси сана қарапайым саяси сана және теориялық саяси сана, саяси психология және саяси идеология деген деңгейлерден тұрады.

Қарапайым (күнделікті тұрмыстық) саяси сана қалыптасып жүйеге түспеген, күнделікті саяси өмірден туған әдет-ғұрып, дағды, дәстүрлі нанымдар, тағы сол сияқтылардың жиынтығы. Ол күн сайынғы саяси өмір тәжірибесін байқап, пайымдаудан пайда болады. Саясаттың тереңіне бойламай, себеп-салдарын сараламай, көбіне сыртқы белгілеріне байланысты қорытынды жасайды. Сондықтан ол саяси сананың төменгі сатысына жатады.

Саяси психологияға саяси өмір жағдайының ортақтығы негізінде адамдар ұжымында, әлеуметтік топтар, таптарда, жеке адамдарда туындайтын сезімдердің, көңіл-күйдің, әдет-ғұрыптардың, мінездің ерекше белгілерінің жиынтығы. Ол қарапайым саяси сана сияқты саяси өмірдің тікелей тәжірибесінен туады. Бірақ қарапайым саяси санада өмірді танып-білуіне, хабардарлығына көңіл бөлінсе, мұнда сол жағдайларда адамның қатысуына, өмірді бағалауына белгілі бір сезімін тудырып, көңіл-күйіне әсер етпей қоймайды. Мұның бәрі саяси психологияға жатады.

Саяси психологияның мазмұнында адам психологиясының түрлі көріністері мен қасиеттері жинақталады. Ол белгілер сөз жоқ саяси оқиғалардың ағымына ықпал жасайды, олардың бөлігі болып табылады. Саяси мінез-құлықтың стратегиясы мен тактикасын анықтаудың маңызды элементі болып саяси психологияны орнықты және орнықсыз, тез ауыспалы феномендерге жіктеу саналады.

Саяси психологияның бұл саласында ұлттық мінез-құлық қызмет етеді. Белгілі бір саяси оқиғалар кезеңінде түрлі халықтар әрқилы көрінеді, олардың қатынасуы, мақсатты мәселені шешудегі талап-тілектері, бағдарлары, ұмтылыстары өзгеше болады. Саяси сана сан қырлы, оның маңызды деген құрылымдық элементтері саясатта атқаратын функцияларымен анықталады.

1. Саяси теория мен саяси ғылым сияқты саяси сананың құрылымдық элементтерінің көмегімен іске асатын саяси ақиқаттық объективті бейнеленуі.

2. Саясат әлеміндегі субъект қызметінің бағдары оның мүдделеріне тұжырымдамалар түрінде көрінеді, ал оның іске асуының осы функциясын идеология атқарады.



3. Саяси психологияның түрлі көріністеріне көңіл-күйлік жағдайда бейімдік ететіндіктен тек психологиялық импульс қана адамдарды іс-әрекетке итермелейді.

Саяси сана осы өзара әрекеттес қажеттіктер арқылы көрініп оны белсенді қимылға дайындап, наным арқылы қалыптасады. Ал ерік болса пісіп-жетілген саяси міндеттерді көрсете отырып саяси сананың себептерін нақтылы саяси әрекетке аударып оларды қозғалысқа келтіреді. Саяси сана құрамының ұйымдастырылуы екі деңгейде жүреді: тұжырымдамалық — мұнда саяси сана саяси теория, доктрина, бағдарлама ілім түрінде қалыптасады, күнделікті немесе кәдімгі саясат құралы жүйелі емес жинақталған түсініктер, дәстүрлер, саяси мінез-құлық қағидалары болып кездеседі. Әрине адамзат бұл терминдерді өзінше түсінеді, сондықтан нағыз теориялық білімнің элементтері жетіспей жатады. Саяси сананың әрбір құрылымдық элементтері бір-біріне етене араласып ықпал етеді, сонымен бірге адамдардың ірі-ірі топтарының саяси мінез-құлықтарына әсерлі болады да бұқараның сана құбылысына қызмет етеді. Мұның өзі өмірдегі түрліше саяси және рухани қасиеттердің әлеуметтік табиғатының жиынтығы болып көрінгенмен психиканың түрі, психология мен идеологияның деңгейі, көңіл-күйі және теориялық білімдер түрінде байқалып отырады. Міне осы қасиеттерді саяси санаға жеткізетін идеология болып табылады. Сондықтан идеологияны саяси іс-қимылды белгілі мүдделерге сәйкес бағыттап отыратын ой деп атауға болады. Саяси сананың өзге элементтері идеологияның анықтаушы ықпалымен дамиды, оның әсерінің іздері анық байқалып тұрады. Саяси санадағы идеологияның ерекшелігі мен орнын дәл анықтау үшін оны саясаттағы теориялық қорытындылаудың бір түрі — саяси ғылымнан айырмашылығын көрсету керек.

Саяси сананың құрамдас бөлігі және өзегі — саяси идеология. «Идеология» деген ұғым гректің идея- бейне және логос — білім деген сөздерден шыққан. Ғылыми айналымға, әдебиетке француз ғалымы және фәлсафашы А. Десют де Траси (1754-1836) кіргізді. Ол идеологияны идеялар, олардың қалай пайда болатындығы және әрекет ететіндігі жөнінде ғылым деп түсіндіреді. Кейін келе бұл сөздің мазмұны өзгереді, қазір идеология деп адамдардың үлкен әлеуметтік топтарының іс-әрекетіне бағдар беріп, олардың мақсат-

мүдделерін білдіретін және қорғайтын идеялар мен көзқарастар жүйесін айтады.

Идеология әр түрлі — саяси, құқықтық, этникалық, діни, этетикалық, фэлсафалық болып келеді. Сонымен қатар қандай идеология болсын саясатпен тығыз байланысты және саяси сипатта болады. Саяси идеологияға белгілі бір адамдар тобының қоғам құрылысы және дамуы, ондағы қатынастарды орнықтыруға немесе өзгертуге қызмет ететін тұжырымдамалар мен пікірлердің жиынтығы жатады. Олар билік арқылы емес оған ықпал ету арқылы өз мақсат-мүдделерін білдіреді және қорғайды. Саяси идеология жалпы-идеологияның да өзегі. Оның ерекшелігі — саяси болмысты түсіндіреді және оны сақтауға немесе өзгертуге іс-әрекетті бағыттайды.

Саяси идеология ағартушылық дәуірде дүниеге келді. Бұл кезде адамдар өздері қойған мақсатына сәйкес қоғамда саналы тәртіп орнату мүмкіндігі туып, прогресс идеясы алға тартылды. Адамдардың мақсатты түрде іс-әрекетіне бағдар береді. Еркін қалыптастырады, саяси қызметке қатысушылардың, іс-әрекетіне мақсаттылық, жүйелік, дәйектілі енгізеді.

Саяси идеология теориялық тұрғыда топтың негізгі мүдделерін танытады, оларға мұраттар, ережелер, рухани байлықтар, бағалар, бағыттар жүйесін береді. Сол арқылы күрестің нақтылы мақсаттарын, оларды жүзеге асырудың құралдары мен жолдарын белгілейді. Саяси идеология арқылы тап өзіндік санаға жеке тұтастық сезімге ие болады. Көзқарастарды бірыңғай қоғамдастықтың мүшесі болып сезіну — әрбір саяси қозғалыстың мүшесін байланыстырып тұратын түйіні. Сонымен қатар идеология — сезім тудыратын нышандар жиынтығы. Олар адамдар мен топтардың іс-әрекетіне мән-мағына беріп күшейтеді. Мысалы, Отан үшін, ұлты үшін, халқы үшін адамдар ғажап ерлік жасап, өзін-өзі құрбан етуге дейін барады.

Қоғам өмірінде идеология маңызды рөлдерді атқарады. Ол ең алдымен оның төмендегідей қызметтерінен білінеді:

1. Идеологиялық танымдық рөлі. Ол саяси жүйені, саяси өмірді сипаттап түсіндіреді.
2. Бағдарламалық қызметі. Ол қоғам, әлеуметтік процесс, тұлға және билік және т. б. негізгі түсініктер туралы мағлұматтар беріп, адамның іс-әрекетіне бағдар көрсетеді.

3. Жұмылдыру, іске тарту. Қоғамның жоғары, құнды идеяларын алға тартып, мақсат-мүдделерді айқындап, саяси идеология саяси іс-әрекетке тікелей түрткі болып, қоғамды, әлеуметтік топтарды оларды іске асыруға жұмылдырады.

4. Амортизация қызметі. Саяси іс-әрекетті түсіндіру тәсілі болып, идеология әлеуметтік шиеліністерді бәсеңдетеді.

5. Бағалау қызметі. Идеология халық санасына қоғамның және болашақтағы дамуына өлшемдік баға берерлік жағдай жасайды.

## *2. Саяси мәдениет тәсілі және оның міндеттері*

Саяси мәдениет — деп белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығын айтады.

Саяси мәдениет құрылымы

I. Азаматтардың саяси санасы:

- саясатқа қызығушылық деңгейі;
- үкіметке, жүйеге, символика мен заңдарға қарым-қатнасы.

II. Азаматтардың іс әрекет сферасы:

- қоғамның саяси өміріне қатысу деңгейі;
- мемлекеттік институттардың қарым-қатнас сферасы;
- электоралдық іс-әрекет.

III. Саяси көшбасшылардың қызмет ету мәдениеті:

- басқару тәсілдері;
- шешім қабылдау тәсілдері;
- қақтығыстарды реттеу әдістері.

Саяси ғылымда бұл тақырыптың маңызы зор. Ол анық саяси жүйенің сипатын, саяси тәртіптің мәнін, қоғамдық топтардың саяси санасы мен іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін саяси процестердің даму жолын және бағытын түсінуге көмектеседі. Саяси мәдениет адамдардың жүріс-тұрысы мен әр түрлі ұйымдардың қызметіне, олардың ішкі және сыртқы саясат құбылыстарын ұғынуға, саяси бағдар алуына тікелей әсер етеді.

Бұл ұғымның саясаттануға енгеніне көп уақыт болған жоқ. Осы бағыттың 50 жылдарының екінші жартысы — 60 жылдардың ба-

сында Г. Алмонд, С. Верба, Л. Пай деген Американдық зерттеушілер және оның шәкірттері саясатқа да, мәдениетке де қатысы бар өзгеше қоғамдық құбылыс жөнінде бірнеше жұмыстар шығарды. Олар кейін «Саяси мәдениет» деген атаумен кең тарап кетті. Олардың ойынша саяси мәдениет — ол саяси жүйеге қатысушылардың жеке позициясы мен бағыт-бағдары. Саяси бағыт-бағдар мынадай элементтерімен толығады:

- танымдық бағыт-бағдар
- саяси объектілер мен идеяларды тану мүмкіндігі
- белсенді бағыт-бағдар
- саяси объектілер қарым - қатынасындағы қарама-қайшылықтар т. б.
- бағалаушылық бағыт-бағдары саяси жаңалықтар мен оқиғаларға баға беру пікірі;
- интеграциалау бағыт бағдары
- қоғамдағы әр түрлі күштердің мақсат мүдделерін біріктіру.

Бірақ бұдан саяси мәдениет жөнінде бұрын ешқандай ой-толғам болмаған деуге болмайды. Өйткені, антикалық ойшылдар Платон («Мемлекет», «Заңдар» деген еңбектерінде), Аристотель «Саясат» деген еңбегінде, кейінірек Макиавелли, Бэкон, Ш. Монтескье т. б. ойшылдар бұл мәселеге көңіл аударған. Олар әр түрлі салт-дәстүрлерде тәрбиеленген, әрқилы әлеуметтік және саяси тәжірибе алған адамдар бірыңғай, біртектес жағдайды әр түрлі сезіп, оған сан қилы жауап қайтаратындығын байқаған.

Саяси мәдениет тұжырымдамасын белгілеп, оның негізгі пікірлерін жасауға М. Вебер, Э. Дюркгейм, Т. Веблен, Т. Парсонс сияқты батыстық ірі саясаттанушылары мен әлеуметтанушылары да елеулі үлес қосты. Ал жалпы «Саяси мәдениет» деген ұғымды бірінші қолданып, ғылыми әдебиетке енгізуші деп XVIII ғасырда өмір сүрген немістің ағартушысы, фэлсафашы Иоганн Гердерді санайды.

Бірақ олардың қай-қайсысы болмасын «Саяси мәдениетті» саяси өмірдің белгілі бір өрісін білдіретін саясаттанудың ұғымы ретінде қолданбады. Мұны жасаған жоғарыда аттары аталған американдық ғалымдар болды.

Кейінірек бұл мәселені зерттеуге Польшаның, Кеңес Одағының, Болгарияның және т. б. бұрынғы социалистік елдердің қоғамтану-

шылары қосылды. Бірақ, өкінішке орай, олардың басым көпшілігі «дамыған социалистік қоғамның» саяси мәдениеті дүниедегі ең озығы, ең демократияшылы деген желеуді дәлелдеуге тырысты.

Саяси мәдениет ұғымының жалпыға бірдей ортақ анықтамасы жоқ. Қазіргі саяси әдебиетті оның 30-дан астам анықтамасы кездеседі. Бұл мәселенің күрделілігінен әлі жете тексерілмегендігін байқауға болады.

Саяси мәдениеттің мағынасын айқындау үшін ең алдымен оның құрылымын жақсы білген жөн. Бұл жөнінде де ғалымдар арасында келіспеушілік бар. Америкалық саясатшылар Г. Алмонд пен С. Верба саяси мәдениетті адамдардың психологиялық бағдарларының жиынтығы деп түсінеді. Бірталай саясатшылар оны саяси қазыналардың, нанымдардың, нұсқаулардың жиынтығы деп санайды.

Сонымен қатар басқа да көзқарастар бар. Мысалы, ағылшын саясатшылары Р. Карр мен М. Беркстейн саяси мәдениетке саяси идеялар әлеуметтік тәжірибе, адамдардың саяси мәдениетке әлеуметтік таптардың саяси іс-әрекеттеріндегі тәсілдер, саяси нанымның табиғаты және оның мүшелерінің қазыналарын жатқызады.

Кеңес өкіметі кезінде бұл пікірге Ф. Бурлацкий мен А. Галкин қарсы шықты. Олар адамдардың саяси іс-әрекеттері саяси мәдениет ұғымынан кең, оны өз алдына бөлек зерттеу керек деп пайымдайды. Бірақ бұл көзқараспен келісу қиын. Себебі, біріншіден, саяси мәдениеттен саяси іс-әрекет пайда болды. Екіншіден, егер адамдардың саяси өзін-өзі ұстауын саяси мәдениеттен бөліп алсақ, оның іс-әрекеттік жағы ескерілмей қалады. Ал қандай мәдениет болмасын ол сананың элементтерімен бірге нақтылы іс-әрекеттің бірлігін білдіреді. Сондықтан біз саяси мәдениетке саяси санамен қатар іс-әрекеттер де кіреді дейміз.

Саяси мәдениет қоғамдағы саяси өмірдің барлық салаларын қамтиды. Оған ең алдымен саяси сананың мәдениеті, адамдардың топтардың, ұлттардың өзін-өзі мәдени ұстауы, осы саяси жүйенің шеңберінде жұмыс істейтін саяси мекемелердің мәдениеті, өкімет пен азаматтардың өзара қатынастарына байланысты тарихи қалыптасқан саяси нұсқаулар, қазыналар жатады. Сонымен, саяси мәдениет деп белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығын айтады.

### 3. Саяси мәдениет Пызметі мен тҮрлері

Саяси мәдениет қызметіне келесі факторлар жатады:

- нормативтік (қоғамдағы топтарға белгілі бір саяси ойлану стандартын ұсыну);
- тәрбиелік (саяси тұлғаның белгілі бір типін қалыптастыру);
- мобилизациялық (белгілі бір саяси міндеттерді шешуге азаматтарды ұйымдастыру);
- интеграциялық — қоғамда орнаған заңдық нормаларын азаматтардың бойына сіңіру;
- репродуктивтік — саяси процестің үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- идентификациялық — өз мүддесіне қалайда жету, анықтап, іске асыру;
- әлеуметтену — адамдардың саясат әлеміне араласуы;
- коммуникация — үкімет субъектілерінің қарым-қатнасын іске асыру.

Белгілі бір қоғамдағы жағдайға және ондағы саяси сипатқа байланысты әр елдің саяси мәдениеті ерекшеленеді. Батыс саяси ғылымында оны жіктеудің кең тараған түрі Г. Алмонд, С. Вербаның, «Азаматтық мәдениет» (1963ж) деген еңбегінде көрсетілген. Онда Англия, АҚШ, ГФР, Италия, Мексиканың саяси жүйелерінің негізгі құрамдас бөліктерімен жұмыс істеу түрлері сараланып, салыстырылады. Соның нәтижесінде олар саяси мәдениеттің патриархтық, азаматтық, қоғамшыл деп 3 түрпатын көрсетеді. Патриархтық мәдениет азаматтардың саяси өмірге ықпал-ынтасының жоқтығымен анықталады. Азаматтық мәдениет түрінде адамдар саяси институттардың шешімдерін мойындап, толық орындайды, бірақ олардың жұмысына белсенді араласпайды. Саяси мәдениеттің қоғамшыл түрінде азаматтар саясатқа зер қойып оның жұмысына белсенді қатысады. Ал өмірде көрсетілген тұрпаттар (түрлері) «таза» күйінде емес бір-бірімен аралас түрінде кездеседі. Зерттеушілердің айтуынша солардың ішінде кең тарағаны және қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуге ыңғайлысы азаматтық мәдениет көрінеді.

## Саяси мәдениеттің түрлері

Критерилері	Түрлері
Үкіметке қатысы бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>– үстемдік етуші;</li> <li>– мәдениетке қарсы немесе контрмәдениет</li> </ul>
Ілгері дамуға қатысы бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>– жабық;</li> <li>– ашық.</li> </ul>
Іс-әрекет стилі бойынша.	<ul style="list-style-type: none"> <li>– нарықтық (тұлғаның мүддесі мемлекет қызығушылығынан жоғары болу керек);</li> <li>– этатистикалық (тұлғаның мүддесі мемлекет қызығушылығынан төмен болуы керек)</li> </ul>
Саяси қатысу бойынша (Г.Алмонд)	<ul style="list-style-type: none"> <li>– патриархалдық (әулеттің, тұлғаның, рудың құндылығы;</li> <li>– нақты саяси рөлдің іске аспауы;</li> <li>– бағынушылық (пассивті, тұлғаның саяси жүйеден шет қалуы;</li> <li>– дәстүрге негізделу;</li> <li>– үкімет жақсылығынан үміт үзу;</li> <li>– қатысу мәдениеті (азаматтық белсенділік, билікке араласуға ұмтылу, тырысу).</li> </ul>

Мәдениеттің өзгешелігі болмысты ұғынудың, оны бағалаудың, соған байланысты әрекет ету тәсілінің ерекшеліктеріне әкеледі. Белгілі бір жағдайға сай келетін саяси жүйелер басқа жағдайларда күйзеліс тауып жатады, белгілі бір әрекеттер бір халықты ойдағыдай жетістікке жеткізсе, екіншісін сәтсіздікке ұшыратады. Мұның бәрі көп жағдайда саяси мәдениетке байланысты.

Саяси мәдениеттің жоғарыда аталған түрлерінің басқа жеке әлеуметтік, этникалық, аймақтық және басқа саяси субъектілеріне тән құрылымдары да қалыптасады. Олардың билікке, саяси өмірді ұйымдастыруға, бақылауға және т. б. өзіндік көзқарастары пайда болады. Мұндай құрылымды субмәдениет дейді. Субмәдениет деп

қоғамда үстемдік еткен мәдени бағыттан айтарлықтай ерекшеленетін саяси бағдарды айтады.

Саяси мәдениеттің бірлігі қоғамның тұрақтылығын нығайтады, көптеген саяси процестерді дереу болжауға ықпалын тигізеді. Ал әртүрлі саяси субмәдениеттер, керісінше, қоғамдық саяси өмірді тұрақсыздандырудың көзі болуы мүмкін. Қоғамдағы жағдай көбіне әртүрлі болғандықтан, субмәдениеттің де көп түрлілігі қалыпты құбылыс. Сондықтан олардың мүдделерін үйлестіріп, бастарын қосып, бірлестіре жұмыс істеуге тура келеді. Ол үшін қоғамда терең ойластырылған мәдениетті саясат жүргізуі керек.

### **Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. Саяси сана дегеніміз не?
2. Қазақстан қоғамындағы азаматтардың саяси санасы қалай қалыптасуда?
3. Қазақстандағы саяси мәдениет: жағдайы, деңгейі, ерекшеліктері және дамуы
4. Саяси мәдениеттің қалыптасуының механизмдері және негізгі факторлары
5. Қоғамдағы саяси мәдениетті қалай қалыптастыруға және өзгертуге болады?
6. Қазақстандағы ұлттық идеологияның қалыптасу мәселелері қандай?

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Саяси сана қоғамның саяси өмірінің факторы ретінде.
2. Саяси сананы қалыптастырудағы ұлттық факторлардың рөлі.
3. Саяси мәдениеттің авторитарлық түрі.
4. Саяси мәдениет және электоралдық әрекет.
5. Қазіргі кездегі жастардың саяси мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері.



## 13-ТАҚЫРЫП. ӘЛЕМДІК САЯСАТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

1. Әлемдік саясат ұғымы.
2. Халықаралық қатынастар және олардың теориялық негіздері.
3. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты, оның көп бағыттылық сипаты.

### 1. *Әлемдік саясат ұғымы*

Қандай да болмасын елде жүретін саяси процестер әлемдік саясатпен тығыз байланыста болады, себебі ешбір ел әлемде жалғыз емес. Әрбір мемлекет өзінің ішкі саясатымен бірге өздеріне тән сыртқы саясатын жүргізуге тырысады және оның ерекше бағыттарын қалыптастырады. Сонымен бірге бұл ұғымдар қазіргі таңда өте жиі қолданылады және саяси ғылымның өзекті тақырыптары болып есептеледі.

Бұл тақырыпта кездесетін, мағынасы жағынан жақын үш ұғым бар. Олар — сыртқы саясат, халықаралық саясат, халықаралық қатынастар. Алдымен оларға түсініктеме беріп кетейік. Жалпы, бұл ұғымдар саясаттануда жете зерттелмеген. Бірақ олардың арасында айтарлықтай айырма бар. Әлемдік саясат халықаралық қатынастардың өзегін құрайды.

Сыртқы саясатқа жеке мемлекеттердің дүниежүзілік дәрежеде жүргізген іс-әрекеттері жатады. Халықаралық саясатқа мемлекеттік не таптық мүдделерді жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттер, жеке адамдар және т. б., арасындағы саяси қатынастар кіреді. Оны тағы әлемдік саясат деп те атайды. Халықаралық қатынастар деп халықтар, мемлекеттер, мемлекеттік жүйелер арасындағы дүниежүзілік деңгейде жүргізілген саяси, экономиканың, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени байланыстар және оларды іске асырушы әлеуметтік, экономикалық, саяси күштер мен ұйымдардың өзара қатынастардың жиынтығын айтады.

Бұл айырмашылықтар, біріншіден, халықаралық қатынастарға қатысушылардың, оларды іске асырушылардың (субъектілердің) көбеюіне байланысты. Мысалы, сыртқы саясатты жеке мемлекеттер жүргізеді. Ал халықаралық саясатқа мемлекеттік ұйымдармен қатар саяси партиялар, қозғалыстар, әлеуметтік топтар мен жеке адамдар және т. б. мемлекеттік емес ұйымдар қатысуы мүмкін. Екіншіден, халықаралық қатынастарда сыртқы және халықаралық саясаттардың негізгі, түпкі бастамасы, принциптері қаланады. Бұл саясаттар арқылы нақтыланады және жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде әлемдік саясатты жүргізуде қоғамдық саяси ұйымдар мен қозғалыстардың белсенділігі артып келе жатыр деуге болады. Бірақ халықаралық қатынастарда негізгі рөлді мемлекет атқарады. Себебі ол белгілі бір ғана әлеуметтік топтың немесе саяси ұйымның емес, жалпы қоғамның мүддесін қорғайды. Сондықтан оған басқа елдермен сыртқы саясатты жүргізгенде келісім – шарттар жасау; соғыс ашу не ашпау және т. б. заңды түрде іске асыруға өкілдіктер беріледі.

Мемлекеттердің сыртқы саясаттарының және олардың халықаралық қатынастарының деңгейлері, бағыт- бағдарлары және жағдайлары көптеген себептерге байланысты. Мысалы, мемлекеттер күшінің арақатынасы мен арасалмағы, әскери қуаты, күш теңдігі. Қазір ол сыртқы саясаттың құралы ғана емес, мақсатына айналды; сонымен бірге ішкі саясаттың даму деңгейі және ұлттық мүдде мен ұлттық қауіпсіздік.

Осыдан біз бұл мәселенің шеңберін қарастыруымыз қажет. Саяси ғылымда бұл туралы әртүрлі пікірлер бар, мысалы, марксизмде мемлекеттің ішкі саясаты оның сыртқы саясатын анықтайды деген. Бірақ қазіргі ғылымда олай демейді. Себебі соңғы кезде сыртқы саясат елдің ішкі саясатына көбірек әсерін тигізіп жүр.

Америка ғалымы П. Гуревич қоғам ішіндегі қатынастарға сырттан ықпалын тигізетін себепті атап көрсетті: 1) басқа бір елдің, ішкі өміріне бір немесе бірнеше мемлекеттің агрессиялық түрде қол сұғу, 2) екінші елдің ішкі саясатына бейбіт түрде араласуын, 3) халықаралық экономика және халықаралық жүйесі.

Ал ұлттық мүдде деген ұғымға келсек, бұнда Аристотелден алған сипатты келтіруге болады. Ол адамды әрекет еткізетін мүдде

деген. Ал неміс ойшылы Гегель халықтар өмірінің қозғаушы күші-мүдде деген. Ұлттық мүдде деп-өз халқының мемлекетінің мақсат мүддесін сезініп біліп; оны еске асыруға тырысушылықты айтады. Оған ұлты еркін және тәуелсіз мемлекет ретінде ұстау, сыртқы қауіп қатерден сақтау, әлемдік саясатта өз ықпалын кеңейту т. б. жатады.

Қазіргі мемлекеттер көп ұлтты болып келеді, сондықтан бұл мәселе өзекті. Ал ұлттық қауіпсіздік деген ұғымның мағынасы жер көлемінің тұтастығын қамтамасыз етіп, мемлекеттің егемендігін басқа елдердің жаулап алу қаупінен қорғаумен ғана шектелмейді. Ол үшін әскери және басқа да қауіпті жою қажет.

Сонымен мемлекеттердің сыртқы саясаттарының қалыптасуына әр түрлі жағдайлар әсер етеді: ішкі дамуы, сыртқы қатерлер, қарым-қатнастардың деңгейі, географиялық жағдайлар т. б.

## *2. Халықаралық қатынастар және олардың теориялық негіздері*

Хроникалық принциппен тарихи сәйкестікке сүйенетін батыс ғалымдары типологиясы негізінде әлемдік держава» доминациялық әрекетпен оның «жаһандық жүйесін» құратын сипатын енгізді. Бұл бағытқа американдық ғалымдар М. Медельсин мен П. Морган жатады. Олардың ойынша халықаралық қатынас тарихы XV ғасырдың басынан бастап біздің заманға дейін төрт «ұлы держава» дәуірінің кезектесіп бірі-бірімен ауысуы түрінде көрінеді. Нидерланд, АҚШ, Ұлыбритания, Португалия, сонымен бірге бесінші цикл 1914 жылы басталды. Бұл «Американың ғасыры» деп аталады. Халықаралық қатынастардың ешқандай айырмашылығы жоқ, зерттеушілер олардың халықаралық саяси қатынастар жүйесінде рөлі зор екенін айтады. Осыны дәлелдейтін аргументтермен бірге келесілерді керсетеді:

– халықаралық саяси қатынастар (ХСҚ) халықаралық экономикалық қатынаспен тығыз байланысты;

– экономикалық қатынас халықаралық саяси қатынастармен бірге халықаралық процестерде саяси меншік сияқты саяси емес басқару нарығы да күшті;

– халықаралық саяси қатынастың жаһандық ағымы кеңеюде;

– халықаралық саяси қатынас халықаралық және дүниежүзілік тәртіптің орнауына өз әсерін тигізеді;

– қазіргі халықаралық саяси қатынастың (ХСҚ) құрылу деңгейінде демократизация мен гуманизация тенденциялары бар;

– халықаралық саяси қатынастардың қалыптасу механизмі және қызметтерінің жүзеге асуы.

Халықаралық саяси қатынастың (ХСҚ) құрылу механизмі өзіне аз дегенде 3 элемент енгізеді:

Осы қатынастардың секторлары мен субъектілерінің өзара қатынасы болады. Оларға жататындар: сыртқы мәселелерге дұрыс шешім қабылдау процесі және халықаралық саяси қақтығыстарды шешу тәсілдері. ХСҚ алдымен әртүрлі деңгейде әртүрлі күштер әрекет ететін мемлекеттік, әскери, экономикалық, саяси, қоғамдық және интеллектуалды болады. ХСҚ-дың құрылымындағы бұл рөлден бөлек екі түрлі типке бөлінеді:

1. Инициативті сипаты бар және халықаралық құқықтық дәрежеге бөлінетін субъектілер.

2. Атқарушылық сипаты бар және субъектік дәрежесі бар сияқты билеушісі бар.

Қазіргі саяси әдебиетте ХСҚ-тың негізгі субъектісі болып не табылатына жайындағы сұрақ бойынша бірдей көзқарас жоқ. ХСҚ-дың құрылуына мемлекеттік жеке шешімдердегі сияқты әлемдікте толықтай халық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған халықаралық бірлестіктер, одақтар және ұйымдар өз бейнесін көрсетті. Қазір олар ХСҚ-дың саяси жүйесін негізгі субъект ретінде қарастыратын жолмен қарастырылған.

Осы сатылық жолдармен ХСҚ-дың басты субъектісінің жақтас-тары, кезеңге қарсы сипаты толық берілмеген.

ХСҚ механизмі билік органы бар мемлекет дәрежесінің аргументацияға енуін көрсетеді: біріншіден қазіргі әлемнің, терең дағдарыстық құбылыстарды басқара алмауы; екіншіден, басқарушылардың өзінде еріктің болмауы; өз азаматтарын алдайтын бұл, органның ашық аморализміне байланысты; төртіншіден, америка

саясаткерлерінің ойынша өзінің құрылу фактісі бойынша қиылысатын шектердің құрылуына әкеледі.

### 3. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты, оның кәсіп бағыттылығы сипаты

Дүниежүзілік қоғамдастықта Қазақстан қандай орын алады, біздің мемлекетіміздің сыртқы саясатының принциптері мен мақсаттары қандай?

1991 жылы Қазақстан егеменді ел, халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болды. Алайда тәуелсіздік алып, егемендікті жариялау көптеген проблемаларды шешу қажеттігін талап етеді. Қазақстан дүниежүзілік саясаттың белортасында болды, сондықтан оған ерекше назар аударылды. Осының бәрінің негізі бар болатын, ең алдымен, оның аумағының орасан зор көлемі, ұшан-теңіз табиғат байлықтары, халықының көп этникалық құрамы, сайып келгенде, бұрынғы КСРО-ның ядролық әулетінің көп үлес-салмағы болды.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның тәуелсіздігін 120-дан аса мемлекеттер танып отыр, олардың 115 мемлекетімен дипломатиялық қатынастар орнатылған, 49 шетел елшіліктері мен миссиялары, халықаралық ұлттық ұйымдардың 19 өкілдіктері жұмыс істейді, Республика БҰҰ-ның мүшесі болды. Қазақстан 2010 жылдың 1-қаңтарынан бастап Еуропалық қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық ете бастайды. Бұл Қазақстанның әлемдік қауымдастықта өзін мойындатқанның ерекше бір белгісі деуге болады.

Қазақстанның сыртқы саясат бағыты беделді халықаралық ұйымдар мен форумдардың бірқатар құжаттарында, атап айтқанда, БҰҰ-ның Жарғысында, 1970 жылғы халықаралық құқық принциптері туралы мәлімдемеде көрініс тауып, отыр. 1975 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің қорытынды актісінде баянды етілген халықаралық қатынастардың негізгі принциптерін сақтауға бағдарланған.

Құжаттарды талдау халықаралық актілерде мынадай негізгі принциптерден тұрады:

1. Егеменді теңдік принципі.
2. Басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принципі.
3. Халықаралық ынтымақтастық принципі .
4. Халықаралық міндеттемелерді адал орындау принципі.
5. Күш қолданбау немесе күштеп қоқан-лоққы жасамау принципі.
6. Шекаралардың мызғымастығы принципі.
7. Мемлекеттер аумағының тұтастығы принципі.
8. Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу принципі.
9. Ұлттар мен халықтардың өзін-өзі билеу принципі.
10. Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу принципі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттарына «Егемен мемлекет ретінде Қазақстанның орнығуы мен дамуы» деген еңбегінде: «ТМД», «АТА», «Азия», «Еуропа», «Америка» бағыттары деп анықтама берген. Кез келген басқа мемлекет сияқты, Қазақстанның сыртқы саясаты ұлттық мүдделерге негізделеді. Геосаяси жағдайды, экономиканы, әскери әлуетті, этникалық-саяси құрамды негізге ала отырып, біздің мемлекет дүниежүзілік дипломатияда қабылданған саяси құралдарға сүйенеді.

Бұл тұрғысындағы стратегиялық бағыт аумақтық жағынан жақын «көршіміз» Ресеймен өзара қатынас болып табылады, онымен қатынастар екі мемлекеттің даму тарихы барысында қалыптасып, олардың мүдделері көп ретте үйлесім тапты. Тең құқықтық және сенімді қатынастардың дамуы мен нығаюы Қазақстанның тәуелсіздігі мен аумақтық қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Қазақстан Орта Азия мемлекеттерімен ықпалдастық процестерін белсенді түрде ұстанып келеді. Отын-энергетика кешеніндегі ықпалдастық аймақтың барлық мемлекеттерін отынның барлық түрлерімен толық қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасайды, сонымен бірге, табиғи шикізат пен бірлескен инвестициялар негізінде бәсекелік-еркін өнім өндіруді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін сенімді экспорттық және жиынтық өндірістік әлует жасайды.

«Ата» бағыты — бұл Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа елдеріне шығатын Пекин-Сеул-Токио бағыты. Оның маңыздылығы бұл елдердің озық технологиялар елдері болуымен анықталады, олар кең көлемді инвестициялар мүмкіндігі бар несиелер көздері болып табылады. Болашақта бұл аймақ Қазақстанда бірқатар жобаларды іске асыру үшін біздің өнімдерімізді өткізу және жұмысшы күшін тарту нарығына айналуы мүмкін.

АТА ауқымында Жапония жетекші рөл атқарады және АТА-ны дүниежүзілік экономиканың орталығына айналдыруға ұмтылып отыр. Жапония Қазақстанның аса ірі қаражат күйөшісі болады. Жаңадан құрылған экономикалық және әлеуметтік дамудың Қазақстан-Жапония қауымдастығы (1995 ж.) жұмыс істеуде, оның бағыттары өнеркәсіпті, құрылысты, инфрақұрылымды, әлеуметтік саланы дамыту үшін инвестициялар мен шетелдік жеңілдікті несиелерді тарту болып табылады.

Қытаймен ынтымақтастықты дамыта отырып, Қазақстанның дүниежүзілік коммуникацияларға шығу мүмкіндігі бар. Қытай, Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия, Таиланд, Индонезия жылына 4-5-тен 8-9 %-ға дейін экономикалық даму өсімінің жоғары қарқындарын көрсетіп келеді.

«Азиялық» бағыт Түркиямен, Иранмен, Үндістанмен, Пәкістанмен және Азияның басқа да мемлекеттерімен ынтымақтастықты көздейді. Қауіпсіздік проблемасы азиялық саясатта басым орын алады. Осыған байланысты Қазақстанның Азиядағы іс-қимылдар мен сенім шаралары мәселелері жөніндегі Кеңесті шықыру туралы бастамасы халықаралық өмірдің нақты саяси мәніне ие болады және халықаралық өмірдің нақты факторына айналады.

«Еуропалық» бағыт стратегиялық бағыт болып табылады. Мұның осындай бағыт болуы, ең алдымен, мынаған байланысты: Еуропа дүние жүзінің аса ірі саяси, экономикалық және мәдени орталықтарының бірі және Азия мен Еуропаның ортасында орналасқан Қазақстан еуропалық мемлекеттерді болашағы бар әріптестер ретінде қарастырады. Еуропалық Кеңеспен ынтымақтастық техникалық көмек, инфрақұрылымды және кадрларды оқытып-үйретуді дамыту мақсатында несиелер алу мүмкіндігін береді.

«Америкалық» бағытты да стратегиялық бағыт деп қарастыруға болады. Қазақстан-Америка қатынастары саясат пен экономи-

ка саласындағы әріптестік деңгейіне көтерілді. Сауда-экономикалық ынтымақтастық саласында бірқатар шарттар мен келісімдерге, атап айтқанда, Сауда келісіміне қол қойылды, осыған сәйкес Қазақстан АҚШ-пен сауда жасауға мейлінше қолайлы ел мәртебесін алды.

Сонымен, Қазақстанның сыртқы саясатты орнығу кезеңінен ойдағыдай өтті және жаңа тарихи жағдайларда мемлекеттік саясаттың ажырағысыз бөлігі ретінде нық ірге тепті. Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен оның дүниежүзілік саяси процестегі рөліне қатысты жоғарыда қойылған сұрақтарға жауап бере келіп, біздің Президентіміздің Қазақстан әлемдегі геосаяси және геоэкономикалық процестерге әсер ететін ірі аймақтық державаның толық мәніндегі үміткер бола алады деген көзқарасымен келісуге барлық негіздер бар. Республикамыз дәйекті сыртқы саясат жүргізіп, ішкі-әл-ахуалымызды жақсартып, болашақта өркениетті, құқықтық қоғам орнатуға сеніміміз мол.

### **Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. Мемлекеттің сыртқы саясаты: мәні және қалыптасуы, әдістері мен қызметтері.
2. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның сыртқы саясаты.
3. Қазақстанның әлемдік қауымдастықта алатын орны қандай?
4. Қазіргі кездегі жаһандық мәселелер және олардың халықаралық саясатқа және халықаралық қатынастарға әсері.
5. Халықаралық қайшылықтың себептері, олардың түрлері, шешу жолдары.
6. Сыртқы саясат, халықаралық саясат, халықаралық қатынастар ұғымдарының айырмасы қандай?

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Әлемнің қазіргі геосаяси жағдайындағы Қазақстан Республикасының орны мен рөлі.
2. БҰҰ және оның әлемдік саяси процесстегі рөлі.
3. Шетелдік саяси ойлардағы сыртқы саясаттың негізгі концепциялары.
4. Халықаралық қатынастардағы ұлттық қызығушылық және ұлттық қауіпсіздік.



5. Халықаралық қатынас және халықаралық құқық.
6. Қазақстанның ЕЫҚҰ- на төрағалық етудегі басты маңызды бағыттары.

## 14-ТАПЫРЫП. ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ЖАҒАНДАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1. Жаһандық даму концепциясы.
2. Қазіргі жаһандық мәселелер.

### 1. Жаһандық даму концепциясы

Жаһандық даму концепцияларының 1960-1970-і жылдар аралығында пайда болуы ғалымдардың планетарлық мәселелердің асқынуына көпшіліктің көңілін аударуға талпыныстары себеп болды. Жаһандық даму концепциялары дегеніміз ол — әлемдік мәселелерді талдау негізінде оларды шешудің жобалары мен стратегиясын ұсынушы және ондай өзгерістер мен трансформациялардың әлемдік қоғамдастықтағы салдарын болжау туралы теориялық құрылыстар. Ең алғашқы «Жаһандық тепе-теңдік жағдайы» деп аталған теорияны жасаушылар, Рим клубының «Даму мүмкіншіліктері» деген баяндамасында: — қару-жарақ, қоршаған ортаның бұзылуы, демографиялық өсу мен экономикалық тоқырау мәселелері қазіргі замандық адамның ұзақ мерзімді орталық мәселелері ретінде жиі анықталып отыр деп жазды. Алғашқы Жаһандық концепцияларда тек жаратылысты-табиғи және ғылыми-техникалық факторларға мән қойылып саяси, әлеуметтік және идеологиялық факторлар ескерілмеді. Жаһандық даму мәселелерін алғаш зерттеушілерден кейінгі ғылыми ізденістер нәтижесінде «Жаһандық даму концепциялары» әлеуметтік-саяси және гуманистік-антропологиялық мәселелерге бұрылды. Мұндай бетбұрыс 1970-і жылдары анық байқалды. Бүгінгі кезде Жаһандық концепциялар эволюциясының ең маңызды бағыты — адам мәселесі мен оның болашағы туралы бағыт қалыптасты. Біреулер жаһандықты ХХ ғасырлық әлеуметтік трансформацияның жаңа типі десе, басқалары оны әлемнің бірлесу жолындағы адамзаттың жүріп өткен барлық қадамдары деп ұғындырады, ал үшінші біреулері оны бірлескен тұтас әлемді қалыптастырушы процесс деп дәлелдейді.

Қазіргі замандық концепциялардың дамуына әлемдік мәселелерді зерттеу үшін құрылған үкіметтік емес ұйымдардың, сондай-ақ түрлі қоғамдық-саяси қозғалыстар мен жеке тұлғалардың үлестері де ерекше. Осылардың ішінде, 1968 жылы өзінің пайда болған жерімен байланысты аталып кеткен «Рим клубы» ерекше орын алады. Себебі әлемдік динамиканың алғашқы моделінің пайда болуы дәл осы клубтың белсенді инициативасымен байланысты. Батыс елдерінде өзінің тиімділігін көрсеткен либерализмнің жалпы идеологиясы мен практикасынан жаһандық либерализация пайда болды. Жаһандық үрдістерге ең басым ықпал еткен ол экономикалық либерализация. Бұл идеология экономикаға мемлекеттің кірісуін шектеу мен оның субъектілерінің дербестігінің дамуымен сипатталады.

Жаһандық бүгінгі заманда әлемнің көптеген елдері үшін референттік көрсеткіш болғандықтан көп жағдайда ол құндылықты бағдарланулардың ерекше жүйесіне айналды. Бұл жүйенің негізінде басым жағдайда батыстық елдердің аксиологиялық жүйелері жатыр. Мысалы саяси жүйеде — демократия, азаматтық қоғам, горизонтальды байланыс; нарықтық шаруашылық жүйелері — жеке меншік институттары, бәсекелестік, еңбекке жалдану мен табыс; мәдени жүйесінің мәні — индивидуализм, прогматизм болып табылады. Сондықтан бүгінгі мәселе — жай кезекті халықаралық қатынастар жүйесін жасау емес, ол ортақ жаңа әлемдік ережені қалыптастыру мәселесі болып отыр.

Сонымен жаһандық деген не? Бұл сұраққа ресейлік ғалым В. М. Межуев — «Әлемдік қоғамдастықты құрушы ұлттық мемлекеттер мен аймақтардың, өзара тәуелділігінің өсуі, олардың барлығына ортақ экономикалық, саяси және мәдени жүріс-тұрыс тәртіптері мен ережелерінің біртіндеп бір жүйеге бірігуі» деп анықтама береді.

Бірақ-та бүгіндері жаһандықтың жалпы мойындалған концепциясы жоқ. Әлі де бұл термин түрлі елдерде, аймақтарда, қоғамдар мен ғылыми пәндерде өзіндік ерекше мәндерге ие болып отыр. Соған қарамастан бұл процесс әлеуметтік-мәдени көптүрліліктің өсуін меңзейді. Басқаша айтқанда ол өте күрделі көп өлшемді процесс және ұқсастықпен өзгешелікті, әмбебаптық пен фрагментаризмді ұғындыратын құбылыс.

Дамудың батыстық үлгісінің басымдылығын мойындау құқықтық режимдерді, өмір салтын, құндылықтар жүйесін унификациялауға себеп болады. Сондықтан мәдени-өркениеттік жүйелердегі адамдардың өмір салттарын әмбебаптау үрдісі байқалуда. Әлемдік аренада Батыстық модель «өркениеттік стандарттың» үлгісіне айналды. Кейбір жағдайларда жаһандық әлемдік унификациялану процесі ретінде қарастырылғанда ол экономикалық және мәдени империализмнің жаңа формасы немесе вестернизация, американизация, жаңа отаршылдық ретінде талқыланып жүр. Себебі жаһандық туралы теориялық зерттеулердің басым көпшілігін ағылшындық, скандинавиалық және американдық ғалымдар жасаған. Ал американизациялау деген шын мәнінде жаһандықты американдық ұлттық мәдениет элементтерімен толықтырылған нақтылықты білдіреді.

## *2. Қазіргі жаһандық мәселелер*

Ұлы Отан соғысынан кейін бүкіл әлемдік қоғамның геопластикалық бөлінуі қалыптасты, әлем үш үлкен елдер тобына бөлінді. Оларды дүниежүзілік деп атайды. Өйткені орналасқан территориясы өте үлкен және оған кіретін елдер саны бойынша да өте аумақты. Оларды бір-бірінен айыру үшін реттік сан бойынша белгілейді. Оларды бірінші, екінші, үшінші әлемдер дейді. Батыс Еуропа, Солтүстік Америка, Жапония, Австрия мемлекеттер жаңа әлем қалыптастырды. Бұл мемлекеттерде демократиялық басқару жүйесі және нарықтық экономикасы болды. Олар өте дамыған елдердің тобын құрды, олар теңіздік геостратегиялық өлкеге жатады. Олар Атлантикалық Мұхиттың екі жағасын және Солтүстікті содан Тынық мұхит жағасын да бақылады. Бұл мемлекеттер теңіз коммуникациясын бақылайды және бұл өлкеде әлем саудаластығының көбісі орналасқан. ХСҚ-ты талдауда әлемдік қауымдастықтың геосаясаттық аспектісі өте маңызды. Әлемнің геосаяси конфигурациясы трансформацияға ұшырады, кейін 80-ші жылдары планетамызда кезекті геосаяси трансформация қайталанады. Жаһандық өзгерістер үш әлемнен көрініп отырды. Одан жаңа индустриялық елдер

бөлінді (Оңтүстік Корея, Сингапур, Тайвань) және тағы басқа. Олар өзінің экономикалық деңгейімен дамыған елдерге қосылды.

Қытай КСРО, Шығыс Еуропа елдері кейбір Оңтүстік- Шығыс Азия мемлекеттері және Куба — екінші әлемді құрды. Бұл мемлекеттерде коммунистік партия болды және орталықтанған жоспарлау экономикасы болды. Бұл мемлекеттер құрған жолды континенталды державаларға жатты, олар Еуропа кеңістігінде Орталық Еуропадан Тынық мұхитқа дейін орналасқан. Бірінші мен екінші әлемдер бір біріне қарсы тұрды. Әлемдік тарихқа «Холодная война, Мұзбалақ соғыс» деген атаумен кірді. Үшінші әлемге дамушы елдер кірді, олар: Азия, Африка, Латын Америка елдері. Олар негізінде шикі зат шығарушы және арзан жұмыс күшімен өндірілген өнімді пайдаланушы мемлекеттер болы. Қазіргі байланыста кейбір саясаттанушылар «Үш әлем» деген терминнің өзін тек санау нөмері ретінде қараған жоқ. Олар «Үшінші сословиелермен» аналогия жүргізген ХСҚ ғы жаһандық жүйедегі екі үлкен держава болды. Бұл КСРО және АҚШ 80-жылардың аяғында 90-басында екінші әлемнің ыдырауы басталды.

Көптеген геополиттік баға бойынша үшінші мыңжылдықтың басында «әлемдік қауымдастық» көпполярлық болады дейді. Кеңес Одағының елдері де бір жаңа әлемнің орталығы бола алады. Бірақ бүгінгі дағдарысты жеңсе деген және тұрақты даму жолына тұру шарты алда тұр.

Қазіргі ғаламдық мәселелерді шешудің жолдары «Жаһандық мәселелелер» қазіргі уақытта кеңінен пайдаланылуда. Бір жүйеге жалпыланған критерилер бойынша қазіргі ғылымның мәселелері және жалпы әлемдік келелі мәселелердің бастылары болып, мыналар жатады:

1. Соғыс және бейбітшілік проблемасы, ядролық соғысты болдырмау және жаппай қырып-жоятын ядролық қаруды қолданбау және қысқарту.
2. Экологиялық, демографиялық және азық-түлік мәселелері.
3. Терроризм, лаңкестік және экстремизм мәселелері.
4. Дамушы елдердегі экономикалық артта қалуын жеңу.
5. Жаһандық мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтас-тықты сақтау.

6. Қазіргі заманның технологиялық құрылымдары өз шегіне жеткендіктен, экономикалық дамудың тұрақты жолдарын табу.

7. Экономикалық және мәдени арттақалушылықты жеңу, Азияның, Латын Америкасының, Африканың дамушы елдеріндегі қайршылықты жою.

8. Адамның әлеуметтік, экономикалық және құқығымен бостандығының сақталуының, қоғамдық прогресстің өлшемімен қоса қарастырғандағы адамның бүгінгі күндегі келелі мәселелерін, халықаралық қылмыс және терроризммен күрес, халықаралық қатынастарды гуманитарлық жолға қою.

Халықаралық сыртқы қатынастар алқасындағы жаһандық мәселелерді шешу бөлек мемлекеттердің немесе әлемдік қауымдастықтардың жүргізіп жатқан әлеуметтік және демографиялық саясатына байланысты.

Қазіргі өркениет дамуы объективтік факторы ретінде шығады. Яғни бөлек елдерде өлкеге қарамастан ең соңында бүкіл әлемдік мінезге ие болады.

Өткір мінезге айналады және адамзаттың позитивтік дамуына адам әрі өркениеттің ыдырауына қорқыныш болады. Егер осыны шешетін конструктивтік жолдар табылмаса.

Өз сұрағын шешу үшін бүкіл мемлекеттің және халықтың бүкіл әлемдік қауымдастықтың ұжымдық күш салуын талап етеді.

Қазіргі заманның жалпы келелі мәселелері — бұл проблеманың шешімін табу үшін барлық халықтарының мемлекеттердің жаппай ұғынуы және күш-қуатын біріктіруді талап етілетін, әлемдегі ең шиеленіскен келелі мәселелердің жиынтығы. Олардың ерекшелігі — бұл келелі проблемалардың әрқайсысы кешенді және жалпыға бірдей сипатта болуында.

### **Бақылау және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар**

1. Жаһандану деген не? Ол туралы концепциялар қашан және қалай пайда болды?

2. Жаһандандыру жүйесіндегі қазіргі Қазақстанның жағдайы қандай?

3. Жаһандану мен демократизацияның байланысы мен мәселесі қандай?

4. Жаһандық проблемаларды шешудегі халықаралық ынтымақтастық.

5. Қазіргі заманның қандай жаһандық проблемаларын білесің?

### **Рефераттар мен баяндамалар тақырыптары**

1. Қазіргі кездегі жаһандық мәселелер.

2. Қазіргі кездегі халықаралық терроризм мен экстремизм проблемалары.

3. Жаһандандыру мәселесі және халықаралық ұйым.

4. Қазіргі кездегі әлемдегі экологиялық, демографиялық және ядролық қару мәселелері.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Саясат дегеніміз қазіргі замандық адамның қажеттілігі және сонымен бірге талап-тілегі, өйткені саясат қоғам өмірінің барлық салаларындағы оның алуан түрлі іс-қимылдарының көрсеткіші болып табылады. Сондықтан да саясат туралы білім алу қоғамдағы өзінің алатын орны мен атқаратын ролін түсінгісі, өз қажеттерін басқа адамдармен бірлесе отырып жақсырақ, қанағаттандырғысы, оларды мемлекет ауқымында іске асырудың мақсаттары мен құралдарын тандап алуға ықпал жасағысы келетін әрбір адамның мүдделеріне сай келеді. Саясатты түсінбеу және оны әдейі елемеу келеңсіз зардаптарға ұрындырады, адам тіршілігінен шеттеп қалуға, ал ең қиын жағдайда оның негіздерінің өзіне қатер төнуіне апарып соғады. Қазірдің өзінде де халқымыздың саясат пен саяси жетекшілердің іс-әрекеттері жөнінде хабардар болып отыру қажеттіліктері өсе түсуде. Саяси процесстер, саяси жүйелер, демократия, мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар сияқты т. б. өзекті категорияларды оқытып үйрететін бұл білім бүгінде біздің әрқайсымызға қажет. Саясаттану адам және қоғам туралы өзге де ғылымдар сияқты адамның білімін қалыптастыруға, өткенді, қазіргіні келешекті дұрыс түсініп, орнын анықтауға көмектеседі.

Мемлекет пен қоғамның саяси жүйесі - саясаттанудың негізгі зерттеу объектісі. Осы арқылы қоғамның тұтас пішінін анықтаймыз. Сондықтан саясаттану пәні туралы жалаң пайымдауға болмайды. Оған жүктелген міндет әрі күрделі, әрі маңызды, десек те, ғылыми әдебиеттерде ортақ қорытындыға келіп, оны пән ретінде мойындаған тұрақты пікір әлі тиянақталған жоқ. Сондықтан бұл пән туралы түсініктер алуан түрлі зерттеулерде, бағыттарда, саяси мектептерде бір-біріне сай келмейтін кездері де жоқ емес.

